

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ**

**ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ  
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ**

**Қылмыстық іс жүргізу құқығы (Ерекше бөлім) «БВ04205-Құқықтану»  
Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығы (Ерекше бөлім)  
«БВ12301 – Құқық қорғау қызметі»  
ДӘРІС ТЕЗИСТЕРІ**

**АЛМАТЫ, 2024**

Әдістемелік нұсқаулықтар қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының оқытушысы Г.Н.Мухамадиевамен дайындалған.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультетінің Ғылыми кеңесімен ұсынылған және бекітілген.

Ғалым хатшы \_\_\_\_\_ Г.М.Атаханова

Хаттама «\_3\_»\_15.11\_2023 ж.

## ДӘРИС ТЕЗИСТЕРІ

### ДӘРИС №1. Қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу

#### Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің жалпы шарттары

Тергеулік. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілетін жер 189-бап. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандары 190-бап. Сотқа дейінгі жеделдетілген тергеп-тексеру 191-бап. Анықтау нысанында және хаттамалық нысанда жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру 192-бап. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің мерзімі 193-бап. Прокурордың сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысындағы өкілеттіктері 194-бап. Тергеу, жедел-тергеу тобының сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізуі 195-бап. Топ жетекшісінің өкілеттіктері 196-бап. Анықтау органдарының алдын ала тергеу жүзеге асырылатын істер бойынша қызметі 197-бап. Тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы қағидалары 198-бап. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру барысында шығарылатын қаулылар 199-бап. Тергеу әрекетінің хаттамасы 200-бап. Қылмыстық құқық бұзушылықтар және басқа да заң бұзушылықтар жасауға ықпал еткен мән-жайларды жою жөніндегі ұсыну 201-бап. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге жол бермеу. 202-бап. Адамды күдікті деп тану туралы жариялау. 203-бап. Күдіктінің іс-әрекетінің саралануын айқындау 204-бап. Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы 205-бап. Күдіктінің келу міндеттілігі 206-бап. Күдіктіге оның іс-әрекетін саралау туралы қаулыны жария ету тәртібі 207-бап. Күдіктінің іс-әрекетін саралауды өзгерту және толықтыру.

**Түйін сөздер:** сотқа дейінгі тергеп-тексеру, Сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандары, анықтау нысанында және хаттамалық нысанда жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру.

**Мақсаты:** студенттердің қылмыстық процесте сотқа дейінгі тергеп-тексеру нысандары, анықтау нысанында және хаттамалық нысанда жүргізілетін сотқа дейінгі тергеп-тексеру бойынша мағлұмат алуын қамтамасыз ету.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың, хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде тіркелуі не бірінші кезек күттірмейтін тергеу әрекеті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталуы болып табылады. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің басталғаны туралы бір тәулік ішінде прокурор хабардар етіледі.

ҚПК кодекстің 184-бабының бірінші бөлігінде көзделген жағдайларда прокурор, тергеуші, анықтаушы, анықтау органы қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыз және хабар тіркелгенге дейін қылмыстық құқық бұзушылық іздерін анықтау мен бекіту бойынша кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізеді. Сонымен бір мезгілде олар қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздың және хабардың Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізіліміне тіркелуіне, оның ішінде байланыс құралдарын пайдалана отырып тіркелуіне шара қолдануға міндетті.

Жекеше айыптау істерін қоспағанда, қылмыстық құқық бұзушылық туралы барлық арыздар, хабарлар бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізілуге міндетті.

Келіп түскен арызда, хабарда әкімшілік құқық бұзушылық не тәртіптік теріс қылық белгілері туралы мәліметтер болған кезде жолданым үш тәуліктің ішінде ілеспе хатпен тиісті уәкілетті мемлекеттік органға немесе лауазымды адамға беріледі.

Келіп түскен арызда, хабарда олар бойынша қылмыстық қудалау жекеше тәртіппен жүзеге асырылатын мәліметтер болған кезде материалдар соттылығы бойынша тиісті сотқа жіберіледі, ол туралы арыз иесі хабардар етіледі.

Кезек күттірмейтін тергеу әрекеттерін жүргізу арызды, хабарды осы баптың төртінші және бесінші бөліктерінде көзделген тәртіппен қарауға кедергі болмайды.

Іс бойынша іс жүргізуді болғызбайтын мән-жайлар болмаған кезде, қылмыстық құқық бұзушылық белгілерін көрсететін жеткілікті деректер, атап айтқанда:

1) қылмыстық құқық бұзушылық не адамның хабарсыз кеткені туралы жеке тұлғаның арызы не мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе ұйымда басқару

функцияларын орындайтын адамның хабары;  
2) кінәсін мойындап келу;  
3) бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабарлар;

4) қылмыстық қудалау органының лауазымды адамының дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы рапорты сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептері болып табылады.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыруға себеп болған кезде анықтаушы, анықтау органы, тергеу бөлімінің бастығы, тергеуші, прокурор өз құзыреті шегінде және осы Кодексте белгіленген тәртіппен өз қаулысымен қылмыстық істі іс жүргізуге қабылдайды.

Осы баптың бірінші бөлігінің 1) тармағында көзделген себеппен тергеліп жатқан іс бойынша хабарсыз кеткен адамға қатысты қылмыстық құқық бұзушылық жасау белгілерін көрсететін деректер анықталған жағдайда, іс-әрекет Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің тиісті бабы бойынша сараланады.

Қылмыстық құқық бұзушылық туралы арыздар мен хабарларды қабылдау және тіркеу тәртібін, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры айқындайды.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру қылмыстық құқық бұзушылық жасалған ауданда (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) жүргізіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің жедел және толық болуы мақсатында ол қылмыстық құқық бұзушылық анықталған орын бойынша, сондай-ақ күдікті немесе куәлардың көпшілігі тұратын жерде жүргізілуі мүмкін.

Тергеу әрекеттерін басқа ауданда (облыста, республикалық маңызы бар қалада, астанада) жүргізу қажет болған жағдайда, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам оларды жеке өзі жүргізуге не бұл әрекеттерді жүргізуді сол ауданның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) тергеушісіне немесе анықтау органына тапсыруға құқылы. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасырын тергеу әрекеттерін немесе іздестіру іс-шараларын жүргізуді сотқа дейінгі тергеп-тексеру орнындағы немесе олар жүргізілетін жердегі анықтау органына тапсыра алады. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді қоспағанда, тапсырма он тәуліктен аспайтын мерзімде орындалуға тиіс.

Тергеушінің, прокурордың тергеу әрекеттерін жүргізу туралы тапсырмаларын орындаған кезде анықтау органының қызметкері тергеушінің өкілеттіктерін пайдаланады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеру анықтау, алдын ала тергеу нысанында және хаттамалық нысанда жүргізіледі. Анықтау нысанындағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді осы Кодекстің 191-бабының екінші – он екінші бөліктерінде көрсетілген қылмыстар бойынша қылмыстық қудалау органы жүргізеді. Алдын ала тергеу нысанындағы сотқа дейінгі тергеп-тексеру осы Кодекстің 32-бабының екінші бөлігінде көрсетілген қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы істерді қоспағанда, осы Кодекстің 187-бабында көрсетілген қылмыстар бойынша, кәмелетке толмағандар немесе дене бітімінің немесе психикасының кемістіктеріне байланысты өзінің қорғалу құқығын өздері жүзеге асыра алмайтын адамдар жасаған барлық қылмыстық құқық бұзушылықтар бойынша, сондай-ақ қылмыс жасады деп күдік келтірілген адам белгісіз болған анықтау істері бойынша жүзеге асырылады.

Анықтау органының бастығы қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша, осы Кодекстің 526-бабында белгіленген мерзімдерде іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайлардың толық және жан-жақты анықталуын қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайда, бір тәулік ішінде прокурорды хабардар ете отырып, анықтау тағайындауға құқылы.

Анықтау органының бастығы осы Кодекстің 192-бабының екінші бөлігінде белгіленген мерзімде істің мән-жайының жеткілікті және толық зерттелуін қамтамасыз ету мүмкін болмаған жағдайларда да алдын ала тергеу жүргізуді тағайындауға құқылы.

Қылмыстық қудалау органы осы Кодекстің 191-бабының он алтыншы – жиырма

төртінші бөліктерінде көзделген қылмыстық теріс қылықтар бойынша хаттамалық нысанда сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізеді.

Адамның қылмыс жасағанын көрсететін, оның ішінде осы Кодекстің 128-бабы екінші бөлігінің 1) – 4) тармақтарында көзделген деректер болған кезде, егер бұл ретте оған процестік ұстап алуды қолданудың қажеттігі болмаса, сондай-ақ ұстап алынған адамға осы Кодекстің 139-бабын қолданған кезде оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру органы оны күдікті деп тану туралы қаулы шығарады.

Адамды күдікті деп тану туралы қаулыда:

1) оның жасалған уақыты мен орны; қаулыны кімнің жасағаны; күдікті деп танылатын адамның тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), оның туған күні, айы, жылы және туған жері;

2) адамға қандай қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілетіні көрсетілуге тиіс.

Кәсіптік және қызметтік міндеттерін орындауға байланысты қылмыстар жасаған кезде адвокатты, прокурорды, тергеушіні, анықтаушыны, тергеу бөлімінің бастығын, анықтау органының бастығын күдікті деп тану туралы қаулыны прокуратура басшысы бекітеді.

Адамды күдікті деп тану туралы қаулы сол адамға жарияланады. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам өзіне қатысты күдікті деп тану туралы қаулы шығарылған адамға күдіктінің құқықтарын түсіндіруге, бұл туралы қаулыда белгі жасауға және оған сол қаулының көшірмесін табыс етуге міндетті.

Адамды күдікті деп тану туралы қаулының көшірмесі ол шығарылғаннан кейін жиырма төрт сағат ішінде прокурорға жіберіледі.

Адамның қылмыс жасағаны туралы күдікті растайтын оған қатысты жеткілікті дәлелдемелер болған кезде прокурор, Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы уәжді қаулы шығарады. Іс-әрекетті саралау туралы қаулы қисынды мерзімде шығарылуға тиіс.

Адвокат, прокурор, тергеуші, анықтаушы, тергеу бөлімінің бастығы, анықтау органының бастығы кәсіптік және қызметтік міндеттерін орындауға байланысты қылмыстар жасаған кезде, олардың іс-әрекетін саралау туралы қаулыны прокуратура басшысы бекітеді. Прокурор, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам күдіктіге оған күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулы жарияланатын күн туралы хабарлайды және сонымен бір мезгілде оған қорғаушы шақыру не оның қатысуын қамтамасыз ету туралы өтіну құқығын түсіндіреді. ҚПК кодекстің қағидаларына сәйкес қорғаушының қатысуы міндетті болатын істер бойынша прокурор, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам, егер қорғаушыны күдіктінің өзі, оның заңды өкілі не оның тапсырмасы немесе оның келісімі бойынша басқа адамдар шақырмаған болса, оның келуін қамтамасыз ету бойынша шаралар қолданады.

Күдіктінің іс-әрекетінің саралануын айқындаған кезде іс материалдарына, егер ол бұрын жасалмаған болса, жеке басты куәландыратын құжаттың прокурор, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам куәландырған көшірмесі қоса беріледі.

Күдіктінің, айыпталушының жеке басын куәландыратын құжаты болмаған не жоғалған, оны жоғалтқан жағдайда, оны құжаттауды уәкілетті орган сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік органдармен келісу бойынша белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыда:

1) оның жасалған уақыты мен орны; хаттаманы кімнің жасағаны; күдіктінің тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні, айы, жылы және туған жері;

2) қылмыстың жасалған уақыты, орны, сондай-ақ осы Кодекстің 113-бабына сәйкес дәлелденуге жататын өзге де мән-жайларды көрсете отырып, осы адам жасады деп күдік келтірілген қылмыстың сипаттамасы;

3) адамға оны жасады деп күдік келтіріліп отырған қылмыс үшін жауаптылықты

көздейтін қылмыстық заң (бап, бөлік, тармақ) көрсетілуге тиіс.

Бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасады деп күдік келтірілген кезде күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыда қылмыстық заң баптарының (бөліктерінің, тармақтарының) әрқайсысы бойынша адамның нақты қандай әрекеттер (әрекетсіздік) жасады деп күдік келтірілетіні көрсетілуге тиіс.

Күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулының көшірмесі ол шығарылғаннан кейін жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорға жіберіледі.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

#### **Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:**

##### **Негізгі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды. ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1996. - №4. – 217 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №№ 15-I, 15-II, 88-құжат;
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1 (2578), 4-құжат;
4. Прокуратура туралы ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №12. – 184 б.;
5. «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР-ның 1997 жылғы 5 желтоқсандағы, №195-1 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №22. – 328 б.
6. Қазақстан Републикасының 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» № 154-X111 Заңы //ҚР-ның Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994. - № 13-14.

##### **Қосымша:**

1. Адам құқықтарының жалпылама декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 10 желтоқсан 1948 ж. бекітілген. //Ваше право. 5.12.1997.
2. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 16 желтоқсан 1966 ж. бекітілген.// Международная защита прав и свобод человека: Сборник документов. - М.: Юрид.лит., 1990.
- 3.ҚР-ның Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы, №3 Нормативтік қаулысы // ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2001. - №6. – 7-11 б.;
- 4.«Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 5 шілдедегі, №72-11 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы, 2000. - №10. – 241-бап.;
- 5.«Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот практикасы туралы» ҚР-ның Жоғарғы сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі, № 8 Нормативтік қаулысы //ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. – №7. – 8-14 бет.;
6. «Қорғалуға құқықты реттеуші қылмыстық-процессуалдық заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР-ның Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы, №26 Нормативтік қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2002. - №12. – 6-10 б.
7. ҚР-ның Жоғарғы Сотының Пленумының «Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі, №7 қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. - №7. – 3-7 б.

#### **Ұсынылатын оқулықтар мен арнайы ғылыми әдебиеттер:**

##### **Негізгі:**

1. Ольшевская Н. Уголовно-процессуальное право: Конспект лекций М. : АСТ, 2010 г. — 146 с.

2. Уголовный процесс: учебник / А. В. Смирнов, К. Б. Калиновский; под общ. ред. А. В. Смирнова. 5-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. 768 с.
3. Уголовно-процессуальное право. Учебник. Углубленный курс. Под общей ред. проф. Лебедева В.М. М.: Юрайт, 2013. – 2016 с.
4. Уголовно-процессуальное право РК. Движение уголовного дела. Учебник / Под ред. д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н. Касимова А.А. – Алматы: «Жеті Жарғы», - 2013.
5. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. – 352 с.

**Қосымша:**

1. *Божьев В.П.* Конституционные принципы уголовного процесса / Уголовный процесс: учебник для вузов / под ред. Б.Б. Булатова, А.М. Баранова. М.: Юрайт; Высшее образование, 2010. - 606 с.
2. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
3. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде кассационной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
4. Апелляция, кассация, надзор: Новеллы ГПК РФ и УПК РФ. Первый опыт критического осмысления / колл. авторов под общей ред. Н.А. Колокова. – М.: Изд. «Юрист», 2011.
5. Берсугурова Л.Ш. Концептуальные проблемы пересмотра вступивших в законную силу судебных решений по уголовным делам. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 128 с.

**Дәріс №2, 3 Тергеу әрекеттері.** 26-тарау. ЖАУАП АЛУ ЖӘНЕ БЕТТЕСТІРУ. 208-бап. Жауап алуға шақыру тәртібі. 209-бап. Жауап алу орны, уақыты мен ұзақтығы 210-бап. Жауап алуды жүргізудің жалпы қағидалары 211-бап. Қосымша және қайталап жауап алу 212-бап. Жауап алу хаттамасы 213-бап. Ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, бейнебайланыс режимінде жауап алудың (қашықтықтан жауап алу) ерекшеліктері 214-бап. Куәдан және жәбірленушіден жауап алудың ерекшеліктері 215-бап. Кәмелетке толмаған куәдан немесе жәбірленушіден жауап алу ерекшеліктері 216-бап. Күдіктіден жауап алу ерекшеліктері 217-бап. Тергеу судьясының жәбірленушіден, куәдан жауап алу ерекшеліктері (айғақтарды сақтауға қою) 218-бап. Беттестіру. 27-тарау. ҚАРАП-ТЕКСЕРУ, КУӘЛАНДЫРУ. 219-бап. Қарап-тексеру. 220-бап. Қарап-тексеруді жүргізудің жалпы қағидалары 221-бап. Заттай дәлелдемелерді қарап-тексеру және сақтау 222-бап. Адамның мәйітін қарап-тексеру 223-бап. Куәландыру 224-бап. Қарап-тексеру, куәландыру хаттамасы. 28-тарау. ЭКСГУМАЦИЯ. 225-бап. Эксгумациялау үшін негіздер. 226-бап. Эксгумациялау туралы қаулыны санкциялау тәртібі 227-бап. Эксгумациялауды жүргізу тәртібі 228-бап. Эксгумациялаудан кейін адамның мәйітін жерлеу. 29-тарау. ТАҢУ. 229-бап. Тану үшін көрсету. 230-бап. Тану үшін көрсету тәртібі. 31-тарау. ТІНТУ ЖӘНЕ АЛУ. 252-бап. Тінту. 253-бап. Алу. 254-бап. Тінту мен алуды жүргізу тәртібі. 255-бап. Жеке басын тінту 256-бап. Тінту немесе алу хаттамасы. 32-тарау. АЙҒАҚТАРДЫ СОЛ ЖЕРДЕ ТЕКСЕРУ ЖӘНЕ НАҚТЫЛАУ. ТЕРГЕУ ЭКСПЕРИМЕНТІ. 257-бап. Айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау. 258-бап. Тергеу эксперименті 33-тарау. НӘРСЕЛЕР МЕН ҚҰЖАТТАРДЫ БЕРУ. 259-бап. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамға нәрселер мен құжаттарды оларға иелік ететін адамдардың бастамасы бойынша беру. 260-бап. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның талап етуі бойынша нәрселер мен құжаттарды беру 261-бап. Нәрселер мен құжаттарды беру хаттамасы. 34-тарау. ҮЛГІЛЕРДІ АЛУ. 262-бап. Үлгілерді алудың негіздері. 263-бап. Үлгілер алуға құқығы бар адамдар мен органдар 264-бап. Өздерінен үлгілер алуға жол берілетін адамдар. 265-бап. Үлгілерді алу тәртібі 266-бап. Дәрігердің немесе басқа маманның үлгілерді алуы 267-бап. Үлгілерді алу кезінде жеке бастың құқықтарын қорғау 268-бап. Үлгілерді алу туралы қаулының орындалу міндеттілігі 269-бап. Үлгілер алу хаттамасы. 35-тарау. СОТ

САРАПТАМАСЫ. 270-бап. Сараптаманы тағайындау. 271-бап. Сараптаманы міндетті түрде тағайындау 272-бап. Сараптама тағайындау тәртібі 273-бап. Сот сараптамасын жүргізу тапсырылуы мүмкін адамдар 274-бап. Күдіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, куәнің, қорғаушының және жәбірленуші өкілінің сараптама тағайындау және жүргізу кезіндегі құқықтары 275-бап. Өздеріне қатысты сот сараптамасы жүргізілетін адамдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне кепілдік беру 276-бап. Сот сараптамасы органының сараптама жүргізуі. Сот сараптамасы органы басшысының құқықтары мен міндеттері 277-бап. Сот сараптамасы органынан тыс жерде сараптама жүргізу 278-бап. Процеске қатысушылардың сот сараптамасын жүргізу кезінде қатысуы 279-бап. Сараптама жүргізу үшін медициналық ұйымға орналастыру 280-бап. Сараптама объектілері 281-бап. Жеке-дара және комиссиялық сараптама 282-бап. Кешенді сараптама 283-бап. Сарапшы қорытындысының мазмұны 284-бап. Қорытынды берудің мүмкін еместігі туралы хабар 285-бап. Сарапшыдан және маманнан жауап алу 286-бап. Күдіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге сарапшының қорытындысын көрсету 287-бап. Қосымша және қайталама сараптамалар.

**Түйін сөздер:** тергеу әрекеттері, жауап алу, эксгумация, куәландыру, сараптама тағайындау

**Мақсаты:** қылмыстық істер бойынша өндіріс жүргізу, қылмыстық ізге түсу органдары мен соттың қызметінің мазмұны мен нысандарын білу.

#### **Жауап алу**

Жауап алудың алдында тергеуші жауап алынатын адамның жеке басын анықтауға тиіс. Егер жауап алынатын адамның іс бойынша іс жүргізіліп отырған тілді білетіндігіне күмән туса, оның қай тілде жауап бергісі келетіні анықталады. Жауап алуға шақырылған адамға одан кім ретінде, қандай қылмыстық іс бойынша жауап алынатыны хабарланады, ҚРҚДЖК көзделген құқықтары мен міндеттері түсіндіріледі, бұл туралы хаттамаға белгі қойылады. Жауап алу жауап алынатын адамға іс бойынша өзіне белгілі мән-жайларды айтуды ұсынудан басталады. Егер жауап алынатын адам іске мүлде қатысы жоқ мән-жайлар туралы айтса, оған бұл туралы ескертілуге тиіс. Еркін баяндау аяқталғаннан кейін жауап алынып отырған адамға айғақтарды нақтылау мен толықтыруға бағытталған сұрақтар қойылуы мүмкін. Жетектеуші сұрақтар қоюға тыйым салынады.

**Адам мәйітін тексеру.** Адам мәйітін ол табылған жерде сыртынан тексеру тексерудің жалпы ережелерін сақтай отырып және сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің, ал оның қатысуы мүмкін болмаған жағдайда - өзге дәрігердің міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі. Мәйітті тексеру үшін басқа да мамандар тартылуы мүмкін. Мәйітті қосымша немесе қайталап тексерген жағдайда сот медицинасы саласындағы маман дәрігердің қатысуы міндетті. Танылмаған мәйіт міндетті түрде фотосуретке түсірілуге және дактилоскопия жасалуға тиіс. Мәйітті сырттай тексеру кейін сот-медицина сараптамасының жүргізілуін алмастырмайды және жоққа шығармайды.

#### **Эксгумация**

Адамның мәйітін жерленген жерінен қазып алу (эксгумация) егер мыналар:

- 1) мәйітті тексеру, оның ішінде қосымша немесе қайталап тексеру;
- 2) тану үшін көрсету;
- 3) сараптама жүргізу талап етілгенде жүргізіледі.

Эксгумация тергеушінің прокурор санкция берген дәлелді қаулысы бойынша жүргізіледі.

Эксгумация туралы қаулы жерленген жердің әкімшілігі және қайтыс болған адамның туыстары үшін міндетті болып табылады. Эксгумация сот медицинасы саласындағы маманның міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі. Мәйітті тану мен тексеру, сараптамалық үлгілер алу эксгумация жасалатын орында жүргізілуі мүмкін. Бұл жағдайда тергеу іс-әрекетін жүргізуден алынған деректер және олардың реті мәйіт эксгумациясының жалпы хаттамасына енгізіледі. Эксгумациядан кейін мәйіт өзге зерттеулерді жүргізу үшін медицина мекемесіне жеткізілуі мүмкін. Мәйітті



эксгумациялаудан және кейінгі іс жүргізу әрекеттерінен соң жерлеуді мәйітті эксгумациялау туралы қаулы шығарған адамның немесе органның қатысуымен жерлеу орны әкімшілігі жүргізеді. Анықтау органдары тергеушіге эксгумация жүргізуге жәрдемдесуге міндетті.

### **Куәландыру**

Адам денесіндегі ерекше белгілерді, қылмыс іздерін, денсаулығына келтірілген зиянның белгілерін анықтау, мас болу жағдайын немесе іс үшін маңызы бар өзге де қасиеттер мен белгілерді анықтау үшін, егер бұл үшін сараптама жүргізу талап етілмесе, сезіктіге, айыпталушыға, жәбірленушіге және куәға куәландыру жүргізілуі мүмкін.

Куәландыру жүргізу туралы тергеуші сезікті, айыпталушы үшін міндетті болып табылатын қаулы шығарады. Жәбірленушінің, куәнің мәжбүрлеп куәландырылуы прокурордың санкциясы бойынша жүргізіледі.

Куәландыруды тергеуші дәрігердің немесе басқа маманның қатысуымен, ал олар қатыса алмаған жағдайда куәлердің қатысуымен жүргізеді. Бұл тергеу іс-әрекеті куәландырылатын адамды шешіндіруді қажет еткен жағдайларда куәландыру сол жынысты куәлердің қатысуымен жүргізіледі.

Егер куәландыруда адамның денесі жалаңаштандырылатын болса, онда тергеуші жынысы басқа адамды куәландыру кезінде қатыспайды. Бұл жағдайда куәландыруды сот медицинасы саласындағы маман немесе куәлердің қатысуымен дәрігер жүргізеді.

### **Тану үшін көрсету**

Бұрын байқалған адаммен немесе объектімен ұқсастықты немесе айырманы анықтау мақсатында тергеуші тану үшін куәға, жәбірленушіге, сезіктіге немесе айыпталушыға адамды немесе затты көрсете алады. Тану үшін мәйіт те көрсетілуі мүмкін.

Тануға қатыстырылатын адамдардан тиісті адамды немесе затты қандай жағдайда байқағаны туралы, қандай белгілеріне және ерекшеліктеріне қарай тани алатыны туралы алдын ала жауап алынады.

### **Тінту**

Тінту іс үшін маңызы бар заттарды немесе құжаттарды табу және алу мақсатында жүргізіледі. Тінту жүргізуге аталған заттардың немесе құжаттардың белгілі бір үй-жайда немесе өзге орында, не нақты адамда болуы мүмкін деп болжауға жеткілікті деректердің болуы негіз болып табылады. Тінту іздестіріліп жатқан адамдарды немесе мәйіттерді табу үшін де жүргізілуі мүмкін.

### **Алу**

Алу іс үшін маңызы бар белгілі бір заттар мен құжаттардың қайда және кімде екені анық болғанда, оларды алып қою мақсатымен жүргізіледі.

### **Айғақтарды оқиға болған жерде тексеру мен нақтылау**

Жәбірленушінің, куәнің, сезіктінің, айыпталушының тергелетін оқиғамен байланысты жерде берген айғақтарын тексеру мен нақтылау:

- айғақтардың растығын оларды болған оқиғаның жағдайымен салыстыру арқылы анықтау;

- тексерілетін іс-әрекет болған бағытты және орынды анықтау;

- жаңа нақтылы деректерді анықтау мақсатында жүргізіледі.

Оқиға болған жерде айғақтарды тексеру мен нақтылау бұрын жауап алынған адам зерттеліп отырған оқиғаның жай-жапсары мен мән-жайларын оқиға болған жерде жаңғыртууы; іс үшін маңызы бар заттарды, құжаттарды, іздерді тауып, көрсетуі; белгілі бір іс-қимылды бейнелеп көрсетуі; зерттеліп отырған оқиғада қандай заттардың қандай рөл атқарғанын көрсетуі; оқиға болған орынның өзгеруіне назар аудартууы; өзінің бұрынғы айғақтарын нақтылауы және айқындауы болып табылады. Бұл әрекеттерге сырттан қандай да бір араласуға және жетекші сұрақтар қоюға жол берілмейді. Оқиға болған жерде айғақтарды тексеру мен айқындау куәгерлердің қатысуымен, қажет болған жағдайда маманның қатысуымен жүргізіледі. Оқиға болған жерде бірнеше адамның айғақтарын бір уақытта тексеру мен нақтылауға жол берілмейді. Айғақтарды тексеру мен нақтылау жауап

алынып отырған адамға оның айғақтары тексерілетін бағыт пен орынды ерікті түрде көрсетуді ұсынудан басталады. Айғақтар айтылғаннан кейін және іс-қимылдарды бейнелеп көрсеткеннен кейін айғақтары тексеріліп отырған адамға сұрақтар қойылуы мүмкін. Бұл адам, сондай-ақ іске қатысушы өзге адамдар жүргізіліп отырған тергеу әрекетіне байланысты өздерінен қосымша жауап алуды талап етуге құқылы. Оқиға болған жерде айғақтарды тексеру мен нақтылау барысында табылған, іс бойынша дәлел ретінде маңызы болуы мүмкін заттар мен құжаттар алынып, буып-түйіледі және олар мөрмен бекітіледі; оларды алу фактісі хаттамада көрсетіледі.

### **Тергеу эксперименті**

Тергеу эксперименті іс үшін маңызы бар мәліметтерді зерттеліп отырған оқиғаның белгілі бір әрекеттерін, жай-жапсарын, мән-жайларын қайта жаңғырту және тәжірибе жүргізу арқылы тексеру мен нақтылау мақсатында жүргізіледі. Эксперимент жүргізу кезінде, атап айтқанда, әлде бір фактілерді қабылдау, жекелеген әрекеттердің жасалу, әлде бір оқиғаның болу ықтималдығы тексерілуі, сондай-ақ болған оқиғаның реті және іздердің пайда болу тетігі анықталуы мүмкін.

Тергеу эксперименті куәгерлердің міндетті түрде қатысуымен жүргізіледі. Қажет болған жағдайда тергеу экспериментіне өздерінің келісімі бойынша сезікті, айыпталушы, жәбірленуші, куә, маман, сарапшы және тәжірибелік іс-қимылдарды жүргізетін адамдар қатыстырылуы мүмкін. Экспериментке қатысушыларға оның мақсаты мен жүргізілу тәртібі түсіндіріледі.

Тергеу экспериментін жүргізуге оған қатысушы адамдардың өмірі мен денсаулығына қауіп келтірілмегенде, олардың ары мен намысына нұқсан келтірілмегенде, оларға материалдық зиян болмағанда жол беріледі.

Тергеу эксперименті қайта жаңғыртылып отырған оқиғалар немесе әрекеттер болған жағдайларға барынша ұқсас жағдайларда жүргізіледі.

**Қажет болған жағдайларда тергеу экспериментін жүргізген кезде суретке түсіру, дыбыс және бейнежазба, киноға түсіру жүргізіледі, басқа ғылыми-техникалық құралдар қолданылады, жоспарлар, схемалар, сызбалар.**

### **Жасырын тергеу әрекеттерінің түрлері**

1. Осы тараудың ережелеріне сәйкес мынадай жасырын тергеу әрекеттері:
  - 1) адамды немесе орынды жасырын аудио- және (немесе) бейнебақылау;
  - 2) электр (телекоммуникация) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу;
  - 3) абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу;
  - 4) компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу;
  - 5) пошта жөнелтілімдерін және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау;
  - 6) орынға жасырын кіру және (немесе) оны тексеру;
  - 7) адамды немесе орынды жасырын байқауға алу;
  - 8) жасырын бақыланатын жеткізілім;
  - 9) жасырын бақыланатын сатып алу;
  - 10) жасырын ендіру және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялау жүзеге асырылады.

Егер қылмыстық іс бойынша дәлелденуге жататын мән-жайларды, қылмыстық процеске тартылған тұлғалардың мүдделерін қозғайтын фактілер туралы мәліметтерді оларға хабарламай алу қажет болғанда, осы тарауда көзделген жасырын тергеу әрекеттері жүргізіледі.

Пошта жөнелтілімдерін және өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылауды қоспағанда, жасырын тергеу әрекеттерін сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының тапсырмасы бойынша құқық қорғау органының немесе арнаулы мемлекеттік органның

уәкілетті бөлімшесі жедел-іздігіне қызметінің нысандары мен әдістерін пайдалана отырып жүргізеді.

ҚПКөдекстің 231-бабының 1) – 6) тармақтарында көзделген жасырын тергеу әрекеттері прокурордың санкциясымен жүргізіледі, оларды жүргізу тәртібі ҚПКөдекстің 234-бабында белгіленген.

Жасырын тергеу әрекеттері мына негіздердің бірі болған кезде:

1) жасағаны үшін санкциясы бір жылдан бастап және одан да жоғары мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын көздейтін қылмыстар туралы істер бойынша;

2) қылмыстық топ дайындайтын және жасайтын қылмыстар бойынша жүргізіледі.

Осы баптың төртінші бөлігінде көзделмеген басқа да қылмыстық құқық бұзушылықтарды анықтау, олардың жолын кесу және оларды ашу үшін осы Кодекстің 231-бабының тек 7) – 10) тармақтарында көзделген жасырын тергеу әрекеттері жүргізілуі мүмкін. Жекелеген адамдардың өміріне, денсаулығына, меншігіне қатер төнген жағдайда, олардың арызы бойынша немесе жазбаша келісуімен, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының қаулысы негізінде, қаулы шығарылған кезден бастап жиырма төрт сағаттың ішінде прокурорды міндетті түрде хабардар ете отырып, осы Кодекстің 231-бабының 1) және 2) тармақтарында көзделген жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге рұқсат етіледі.

Жасырын тергеу әрекеттері:

1) қылмыстық құқық бұзушылық туралы арызда, хабарда оны дайындап жатқан, жасап жатқан немесе жасаған адам ретінде көрсетілген не өзіне қатысты оның тергеліп жатқан құқық бұзушылыққа қатысы бар не дайындалып жатқан, жасалып жатқан немесе жасалған қылмыстық құқық бұзушылық туралы мәліметтерге ие деп пайымдауға өзге де негіздер бар адамға;

2) күдіктіге;

3) жәбірленушінің жазбаша келісімі бойынша оған;

4) егер үшінші тұлғаның іс үшін маңызы бар ақпаратты алатыны немесе беретіні туралы мәліметтер болса, үшінші тұлғаға;

5) егер онда болып жатқан немесе болуы болжанатын мән-жайлардың іс үшін маңызы болатын болса, жерге қатысты жүргізіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының қаулысы бойынша жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуге санкцияны Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры және оның орынбасарлары, облыстардың прокурорлары және оған теңестірілген прокурорлар береді.

Санкция ҚПКөдексте белгіленген тәртіппен тіркелген, қылмыстар туралы хабарлар мен арыздар бойынша ғана беріледі.

Жасырын тергеу әрекетін жүргізу туралы қаулы ол шығарылғаннан кейін көрсетілген тергеу әрекетін жүргізудің негізділігін растайтын материалдармен бірге жиырма төрт сағаттың ішінде уәкілетті прокурорға ұсынылады.

Қаулы прокуратураға келіп түскен кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде прокурор оның заңдылығы мен негізділігін тексеріп, оны санкциялау немесе санкциялаудан бас тарту туралы шешім қабылдауға міндетті.

Қосымша материалдарды талап етіп алдыру қажет болған жағдайларда қаулыны белгіленген мерзімнен аса, бірақ жетпіс екі сағаттан аспайтын мерзімде қарауға жол беріледі.

Шығарылған қаулы негізсіз болған жағдайда, прокурор оны санкциялаудан бас тартады. Бас тарту мұндай шешім қабылдаудың себептері көрсетіле отырып, қаулыны санкцияламай қайтару туралы ілеспе хат жазумен ресімделеді.

Жасырын тергеу әрекетін жүргізу нәтижелері туралы ол аяқталған күннен бастап екі тәуліктен кешіктірілмей оны жүргізуге санкция берген прокурор хабардар етіледі.

Санкциялануға жататын жасырын тергеу әрекеті отыз тәуліктен аспайтын мерзімде жүргізіледі.

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді жалғастыру қажет болған кезде оларды жүргізуге бастамашы болған орган мерзім біткенге дейін үш тәулік бұрын оны белгілі бір мерзімге ұзарту қажеттігі туралы уәжді қаулы шығарады және санкциялау туралы мәселені шешу үшін прокурорға жібереді. Қаулы прокурордың санкциясы алынғаннан кейін жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыратын уәкілетті органға орындау үшін жіберіледі. Прокурор бұл ретте қаулыда көрсетілгеннен аз мерзім белгілей отырып, жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді ұзартуды санкциялауы мүмкін. Прокурор жасырын тергеу әрекеттерін жүргізуді жалғастыруға қажеттілік болмаған кезде оны санкциялаудан бас тартады және жасырын тергеу әрекеті тоқтатылады.

Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізудің жалпы жүргізу мерзімін облыс прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор алты айға дейін ұзартуы мүмкін. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу мерзімдерін одан әрі ұзартуды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры немесе оның орынбасарлары жүзеге асырады.

Жасырын тергеу әрекеті тәуліктің кез келген уақытында және оның бүкіл жүргізілу мерзімі ішінде үздіксіз жүзеге асырылуы мүмкін.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:

#### Негізгі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды. ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1996. - №4. – 217 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №№ 15-I, 15-II, 88-кұжат;
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1 (2578), 4-кұжат;
4. Прокуратура туралы ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №12. – 184 б.;
5. «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР-ның 1997 жылғы 5 желтоқсандағы, №195-1 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №22. – 328 б.
6. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» № 154-X111 Заңы //ҚР-ның Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994. - № 13-14.

#### Қосымша:

1. Адам құқықтарының жалпылама декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 10 желтоқсан 1948 ж. бекітілген. //Ваше право. 5.12.1997.
2. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 16 желтоқсан 1966 ж. бекітілген.// Международная защита прав и свобод человека: Сборник документов. - М.: Юрид.лит., 1990.
3. ҚР-ның Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы, №3 Нормативтік қаулысы // ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2001. - №6. – 7-11 б.;
4. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 5 шілдедегі, №72-11 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы, 2000. - №10. – 241-бап.;
5. «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот практикасы туралы» ҚР-ның Жоғарғы сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі, № 8 Нормативтік қаулысы //ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. – №7. – 8-14 бет.;
6. «Қорғалуға құқықты реттеуші қылмыстық-процессуалдық заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР-ның Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы, №26 Нормативтік қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2002. - №12. – 6-10 б.

7. ҚР-ның Жоғарғы Сотының Пленумының «Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі, №7 қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. - №7. – 3-7 б.

**Ұсынылатын оқулықтар мен арнайы ғылыми әдебиеттер:**

**Негізгі:**

1. Ольшевская Н. Уголовно-процессуальное право: Конспект лекций М. : АСТ, 2010 г. — 146 с.
2. Уголовный процесс: учебник / А. В. Смирнов, К. Б. Калиновский; под общ. ред. А. В. Смирнова. 5-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. 768 с.
3. Уголовно-процессуальное право. Учебник. Углубленный курс. Под общей ред. проф. Лебедева В.М. М.: Юрайт, 2013. – 2016 с.
4. Уголовно-процессуальное право РК. Движение уголовного дела. Учебник /Под ред. д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н. Касимова А.А. – Алматы: «Жеті Жарғы», - 2013.
5. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. – 352 с.

**Қосымша:**

1. *Божьев В.П.* Конституционные принципы уголовного процесса / Уголовный процесс: учебник для вузов / под ред. Б.Б. Булатова, А.М. Баранова. М.: Юрайт; Высшее образование, 2010. - 606 с.
2. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
3. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде кассационной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
4. Апелляция, кассация, надзор: Новеллы ГПК РФ и УПК РФ. Первый опыт критического осмысления /колл.авторов под общей ред. Н.А.Колокова. – М.: Изд. «Юрист», 2011.
5. Берсугурова Л.Ш. Концептуальные проблемы пересмотра вступивших в законную силу судебных решений по уголовным делам. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 128 с.

**Дәріс №3. 30-тарау. ЖАСЫРЫН ТЕРГЕУ ӘРЕКЕТТЕРІ. 231-бап. Жасырын тергеу әрекеттерінің түрлері.**

232-бап. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу шарттары мен негіздері 233-бап. Жасырын тергеу әрекетін жүргізу туралы қаулы 234-бап. Жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау 235-бап. Кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу 236-бап. Жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу мерзімдері 237-бап. Жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін ұсыну 238-бап. Жасырын тергеу әрекетін жүргізу нәтижесінде алынған ақпаратты зерттеу және оны дәлелдемелер ретінде пайдалану 239-бап. Жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижелерін бағалау және дәлелдеуде пайдалану 240-бап. Жасырын тергеу әрекеттерінің хаттамаларына қоса тіркелмеген материалдармен танысу 241-бап. Қылмыстық процесте ақпаратты қорғау жөніндегі іс-шаралар 242-бап. Адамды немесе орынды жасырын аудио- және (немесе) бейнебақылау 243-бап. Электр (телекоммуникациялық) байланыс желілері арқылы берілетін ақпаратты жасырын бақылау, ұстап қалу және түсіріп алу 244-бап. Абоненттер және (немесе) абоненттік құрылғылар арасындағы қосылулар туралы ақпаратты жасырын алу 245-бап. Компьютерлерден, серверлерден және ақпаратты жинауға, өңдеуге, жинақтауға және сақтауға арналған басқа да құрылғылардан ақпаратты жасырын түсіріп алу 246-бап. Пошта жөнелтілімдері мен өзге де жөнелтілімдерді жасырын бақылау 247-бап. Орынға жасырын кіру және (немесе) оны қарап-зерттеу 248-бап. Адамды немесе орынды жасырын байқауға алу 249-бап. Жасырын бақыланатын жеткізілім 250-бап.

Жасырын бақыланатын сатып алу 251-бап. Жасырын ендіру және (немесе) қылмыстық әрекетті имитациялау

**Түйін сөздер:** жасырын тергеу әрекеттері, жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау, кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу

**Мақсаты:** студенттердің қылмыстық процесте жасырын тергеу әрекеттері, жасырын тергеу әрекеттерін санкциялау, кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда жасырын тергеу әрекеттерін жүргізу бойынша мағлұмат алуын қамтамасыз ету.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:

#### Негізгі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды. ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1996. - №4. – 217 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №№ 15-I, 15-II, 88-құжат;
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1 (2578), 4-құжат;
4. Прокуратура туралы ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №12. – 184 б.;
5. «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР-ның 1997 жылғы 5 желтоқсандағы, №195-1 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №22. – 328 б.
6. Қазақстан Републикасының 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» № 154-XIII Заңы //ҚР-ның Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994. - № 13-14.

#### Қосымша:

1. Адам құқықтарының жалпылама декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 10 желтоқсан 1948 ж. бекітілген. //Ваше право. 5.12.1997.
2. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 16 желтоқсан 1966 ж. бекітілген.// Международная защита прав и свобод человека: Сборник документов. - М.: Юрид.лит., 1990.
3. ҚР-ның Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы, №3 Нормативтік қаулысы // ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2001. - №6. – 7-11 б.;
4. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 5 шілдедегі, №72-11 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы, 2000. - №10. – 241-бап.;
5. «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот практикасы туралы» ҚР-ның Жоғарғы сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі, № 8 Нормативтік қаулысы //ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. – №7. – 8-14 бет.;
6. «Қорғалуға құқықты реттеуші қылмыстық-процессуалдық заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР-ның Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы, №26 Нормативтік қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2002. - №12. – 6-10 б.
7. ҚР-ның Жоғарғы Сотының Пленумының «Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі, №7 қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. - №7. – 3-7 б.

### Ұсынылатын оқулықтар мен арнайы ғылыми әдебиеттер:

#### Негізгі:

1. Ольшевская Н. Уголовно-процессуальное право: Конспект лекций М. : АСТ, 2010 г. — 146 с.

2. Уголовный процесс: учебник / А. В. Смирнов, К. Б. Калиновский; под общ. ред. А. В. Смирнова. 5-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. 768 с.
3. Уголовно-процессуальное право. Учебник. Углубленный курс. Под общей ред. проф. Лебедева В.М. М.: Юрайт, 2013. – 2016 с.
4. Уголовно-процессуальное право РК. Движение уголовного дела. Учебник /Под ред. д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н. Касимова А.А. – Алматы: «Жеті Жарғы», - 2013.
5. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. – 352 с.

**Қосымша:**

1. *Божьев В.П.* Конституционные принципы уголовного процесса / Уголовный процесс: учебник для вузов / под ред. Б.Б. Булатова, А.М. Баранова. М.: Юрайт; Высшее образование, 2010. - 606 с.
2. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
3. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде кассационной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
4. Апелляция, кассация, надзор: Новеллы ГПК РФ и УПК РФ. Первый опыт критического осмысления /колл.авторов под общей ред. Н.А.Колокова. – М.: Изд. «Юрист», 2011.
5. Берсугурова Л.Ш. Концептуальные проблемы пересмотра вступивших в законную силу судебных решений по уголовным делам. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 128 с.

**Дәріс №4. Айыптау актісін жасау және қылмыстық істі прокурорға жіберу (Нұсқаушы дәріс)**

Айыптау актісін жасау және айыптау актісінің процестік маңызы.

Айыптау актісімен бірге келіп түскен қылмыстық істі зерделеу кезінде прокурор шешетін мәселелер.

Айыпталушыны сотқа беру және қылмыстық істі сотқа жіберудің мәні, міндеттері.

**Түйін сөздер:** Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтату, айыптау актісін жасау, айыпталушыны сотқа беру және қылмыстық істі сотқа жіберу

**Мақсаты:** Мақсаты: айыптау актісін жасау, талдау және айыпталушыны сотқа беру және қылмыстық істі сотқа жіберу бойынша мағлұмат беру.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам процеске қатысушылар қылмыстық іс материалдарымен танысқаннан және олардың өтінішхаттарын шешкеннен кейін айыптау актісін жасайды. Айыптау актісі кіріспе, сипаттау-уәждеу және қарар бөліктерінен тұрады.

Айыптау актісіне оны жасаған адам қол қояды.

Айыптау актісіне сот отырысына шақырылуға жататын адамдардың тізімі қоса беріледі. Тізімде адамның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), оның процестік жағдайы, тұрғылықты жері көрсетіледі, оның айғақтары берілген қылмыстық іс парағының және томының нөміріне сілтеме жасалады.

Тізім екі бөліктен: күдікті және қорғаушы атаған адамдардың тізімінен (қорғау тізімінен) және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам жасаған тізімнен (айыптау тізімінен) тұруға тиіс.

Тізім мөрленген конвертке салынып, қылмыстық іске қоса тігіледі.

Прокурор айыптау актісінің айыпталушыға табыс етілуін қамтамасыз етеді, оның алынғаны туралы қолхат іске қоса тігіледі. Айыпталушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде болған және прокуратура органдарына келуден жалтарған

жағдайларда, прокурор айыптау актісін айыпталушыға қолжетімді байланыс құралдары арқылы жібереді

## **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

### **Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:**

#### **Негізгі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды. ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1996. - №4. – 217 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №№ 15-I, 15-II, 88-құжат;
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1 (2578), 4-құжат;
4. Прокуратура туралы ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №12. – 184 б.;
5. «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР-ның 1997 жылғы 5 желтоқсандағы, №195-1 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №22. – 328 б.
6. Қазақстан Републикасының 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» № 154-X111 Заңы //ҚР-ның Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994. - № 13-14.

#### **Қосымша:**

1. Адам құқықтарының жалпылама декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 10 желтоқсан 1948 ж. бекітілген. //Ваше право. 5.12.1997.
2. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 16 желтоқсан 1966 ж. бекітілген.// Международная защита прав и свобод человека: Сборник документов. - М.: Юрид.лит., 1990.
3. ҚР-ның Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы, №3 Нормативтік қаулысы // ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2001. - №6. – 7-11 б.;
4. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 5 шілдедегі, №72-11 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы, 2000. - №10. – 241-бап.;
5. «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот практикасы туралы» ҚР-ның Жоғарғы сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі, № 8 Нормативтік қаулысы //ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. – №7. – 8-14 бет.;
6. «Қорғалуға құқықты реттеуші қылмыстық-процессуалдық заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР-ның Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы, №26 Нормативтік қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2002. - №12. – 6-10 б.
7. ҚР-ның Жоғарғы Сотының Пленумының «Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі, №7 қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. - №7. – 3-7 б.

### **Ұсынылатын оқулықтар мен арнайы ғылыми әдебиеттер:**

#### **Негізгі:**

1. Ольшевская Н. Уголовно-процессуальное право: Конспект лекций М. : АСТ, 2010 г. — 146 с.
2. Уголовный процесс: учебник / А. В. Смирнов, К. Б. Калиновский; под общ. ред. А. В. Смирнова. 5-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. 768 с.
3. Уголовно-процессуальное право. Учебник. Углубленный курс. Под общей ред. проф. Лебедева В.М. М.: Юрайт, 2013. – 2016 с.



4. Уголовно-процессуальное право РК. Движение уголовного дела. Учебник /Под ред.д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н. Касимова А.А. – Алматы: «Жеті Жарғы», - 2013.
5. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы, 2015. – 352 с.

**Қосымша:**

1. *Божьев В.П.* Конституционные принципы уголовного процесса / Уголовный процесс: учебник для вузов / под ред. Б.Б. Булатова, А.М. Баранова. М.: Юрайт; Высшее образование, 2010. - 606 с.
2. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
3. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде кассационной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
4. Апелляция, кассация, надзор: Новеллы ГПК РФ и УПК РФ. Первый опыт критического осмысления /колл.авторов под общей ред. Н.А.Колокова. – М.: Изд. «Юрист», 2011.
5. Берсугурова Л.Ш. Концептуальные проблемы пересмотра вступивших в законную силу судебных решений по уголовным делам. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 128 с.

**Дәріс №5. 7-БӨЛІМ. ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІҢ СОТТЫЛЫҒЫ. БІРІНШІ САТЫДАҒЫ СОТТА ІС ЖҮРГІЗУ.** 40-тарау. ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІҢ СОТТЫЛЫҒЫ. 306-бап. Аудандық және оған теңестірілген соттың соттылығына жататын қылмыстық істер. 310-бап. Облыстық және оған теңестірілген соттың соттылығына жататын қылмыстық істер 311-бап. Әскери соттың соттылығына жататын істер 312-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істерді қарау. 313-бап. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының соттылығына жататын қылмыстық істер 314-бап. Қылмыстық істердің аумақтық тұрғыдағы соттылығы. 315-бап. Қылмыстық істерді біріктіру кезінде соттылықты айқындау 316-бап. Істі іс жүргізуге қабылдаған соттың қылмыстық істі соттылығы бойынша беруі. 317-бап. Қылмыстық істі соттылығына жататын соттан басқа сотқа беру 318-бап. Соттылық туралы дауларды шешу. 41-тарау. БАСТЫ СОТ ТАЛҚЫЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ МӘСЕЛЕНІ ШЕШУ ЖӘНЕ СОТ ОТЫРЫСЫНА ДАЙЫНДЫҚ ӘРЕКЕТТЕРІ. 319-бап. Соттың келіп түскен қылмыстық іс бойынша әрекеттері. 320-бап. Сотқа келіп түскен іс бойынша анықталуға жататын мәселелер. 321-бап. Алдын ала тыңдауды өткізу 322-бап. Басты сот талқылауын тағайындау 323-бап. Соттың істі прокурорға жіберуі 324-бап. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру 325-бап. Азаматтық талап қоюды және мүлікті тәркілеуді қамтамасыз ету шаралары. 326-бап. Қылмыстық істі соттылығы бойынша жіберу 327-бап. Қылмыстық істі тоқтату. 328-бап. Тараптардың іс материалдарымен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету 329-бап. Құжаттардың көшірмелерін табыс ету. 330-бап. Сот отырысына шақырту 42-тарау. БАСТЫ СОТ ТАЛҚЫЛАУЫНЫҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ. 331-бап. Сот талқылауының тікелей және ауызша болуы. 332-бап. Істі талқылау кезінде сот құрамының өзгертілмеуі. 333-бап. Запастағы судья. 334-бап. Басты сот талқылауында төрағалық етушінің өкілеттіктері 335-бап. Сотталушының басты сот талқылауына қатысуы. 336-бап. Қорғаушының басты сот талқылауына қатысуы 337-бап. Мемлекеттік айыптаушының басты сот талқылауына қатысуы 338-бап. Жәбірленушінің басты сот талқылауына қатысуы. 339-бап. Азаматтық талапкердің немесе азаматтықжауапкердің басты сот талқылауына қатысуы 340-бап. Басты сот талқылауының шегі 341-бап. Басты сот талқылауын кейінге қалдыру және қылмыстық істі тоқтата тұру 342-бап. Бұлтартпау шарасы туралы мәселені шешу 343-бап. Істі басты сот талқылауында тоқтату. 344-бап. Басты сот талқылауында қаулылар шығару тәртібі 345-бап. Басты сот талқылауының тәртіптемесі 346-бап. Басты сот талқылауында

тәртіпті қамтамасыз ету мақсатында қолданылатын шаралар 347-бап. Басты сот талқылауының хаттамасы 348-бап. Басты сот талқылауының хаттамасына ескертулер. 349-бап. Басты сот талқылауының хаттамасына ескертулерді қарау

**Түйін сөздер:** қылмыстық істердің соттылығы, басты сот талқылауының жалпы шарттары, басты сот талқылауының хаттамасы

**Мақсаты:** студенттердің қылмыстық процесте қылмыстық істердің соттылығы, басты сот талқылауының жалпы шарттары бойынша мағлұмат алуын қамтамасыз ету.

Аудандық және оған теңестірілген сот бірінші сатыдағы соттар ретінде іс-қимыл жасайды. Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың, облыстық және оған теңестірілген соттың соттауына жатқызылған істерді қоспағанда, барлық қылмыстық істер аудандық және оған теңестірілген соттың соттауына жатады.

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттың соттауына:

1) облыстық және оған теңестірілген соттың соттауына жатқызылған істерді қоспағанда, кәмелетке толмағандар жасаған қылмыстар туралы;

2) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120-бабында (екінші бөлігінің д) тармағында және үшінші бөлігінің в) тармағында), 121-бабында (екінші бөлігінің д) тармағында және үшінші бөлігінің в) тармағында), 122, 124, 131, 132, 133, 134, 135-баптарында, 136-бабында (бірінші бөлігінде), 137, 138, 139-баптарында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер жатқызылады.

Облыстық және оған теңестірілген соттар бірінші, апелляциялық қадағалау сатысы ретінде әрекет жасайды.

Жасалғаны үшін қылмыстық заңмен өлім жазасы көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер (Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің 96-бабы (екінші бөлігі), 156-бабы (екінші бөлігі), 159-бабы (екінші бөлігі), 160-бабы, 162-бабы (төртінші бөлігі), 165, 167, 171, 340-баптары, 367-бабы (үшінші бөлігі), 368-бабы (үшінші бөлігі), 369-бабы (үшінші бөлігі), 373-бабы (үшінші бөлігі), 374-бабы (үшінші бөлігі), 375-бабы (үшінші бөлігі), 380-бабы (үшінші бөлігі), 383-бабы, сондай-ақ Жоғарыда аталған әрекеттерді есі кіресілі-шығасылы күйінде жасаған не оларды жасағаннан кейін жүйке ауруымен ауырған адамдарға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бірінші саты бойынша облыстық және оларға теңестірілген соттардың соттауына жатқызылады. Облыстық және оларға теңестірілген соттардың қылмыстық істер жөніндегі алқасы аудандық және оларға теңестірілген соттардың заңды күшіне енбеген үкімдері мен қаулыларына апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша істерді апелляциялық тәртіппен қарайды. Облыстық және оған теңестірілген соттың қадағалау алқасы аудандық және оларға теңестірілген соттардың заңды күшіне енген үкімдеріне, қаулыларына, сондай-ақ нақ сол соттың қылмыстық істер жөніндегі алқасының апелляциялық қаулыларына қадағалау шағымдары, наразылықтары бойынша істерді қарайды. КІЖК-нде көзделген жағдайларда облыстық және оған теңестірілген соттар жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істерді қарайды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты апелляциялық және қадағалау сатысындағы сот ретінде әрекет жасайды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасы облыстық және оларға теңестірілген соттың заңды күшіне енбеген үкімдеріне апелляциялық шағымдар, прокурордың наразылықтары бойынша істерді, сондай-ақ осы соттардың заңды күшіне енбеген қаулыларына жеке шағымдарды, прокурордың наразылықтарын апелляциялық тәртіппен қарайды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасы:

1) аудандық және оған теңестірілген соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларына;

2) облыстық және оған теңестірілген соттардың қылмыстық істер жөніндегі алқасының апелляциялық тәртіппен шығарған қаулыларына;

3) облыстық және оған теңестірілген соттардың істерді бірінші сатыда қарау кезінде шығарған, заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларына;

4) облыстық және оған теңестірілген соттардың қадағалау алқаларының қаулыларына;

5) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасының апелляциялық тәртіппен шығарған қаулыларына қадағалау шағымдары, Қазақстан Республикасы Бас прокурорының наразылықтары бойынша істерді қарайды.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы ҚРҚДЖКтің 458-бабының үшінші бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасының қаулысына Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынысы немесе Қазақстан Республикасы Бас прокурорының наразылығы бойынша істерді қарайды. ҚДЖК көзделген жағдайларда, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты тиісті сот сатысында жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істерді қарайды.

Қазақстан Республикасы әскери соттарының (судьяларының) қарауына осы тараудың ережелеріне сәйкес мынадай қылмыстық істер жатады:

1) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 16-тарауында көзделген әскери қылмыстар туралы;

2) шақыру немесе келісім-шарт бойынша Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, Қазақстан Республикасының басқа да әскерлерінде және әскери құрамаларында әскери қызметін өтеп жүрген әскери қызметшілер: әскери жиындардан өтуі кезінде запастағы азаматтар өздері қызметтік міндеттерін орындауына байланысты әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің немесе осы бөлімдердің, құрамалардың және мекемелердің азаматтық қызметкер адамдары жасаған немесе осы бөлімдер, құрамалар мен мекемелер тұрған жерлерде жасалған барлық қылмыстар туралы;

3) шпионаж туралы.

Қылмыстық іс қылмыс жасалған жердегі сотта қаралуға тиіс. Егер қылмыс бір соттың қызмет жасайтын жерінде басталып, басқа соттың қызмет жасайтын жерінде аяқталса, іс тергеу аяқталған жердегі сотта қаралады. Егер қылмыс Қазақстан Республикасынан тысқары жерде жасалса немесе қылмыс жасалған жерді анықтау мүмкін болмаса, немесе қылмыстар әртүрлі жерде жасалса, істі тергеу аяқталған жердегі сот қарайды.

Бір адамды немесе адамдар тобын істері әртүрлі деңгейдегі соттарда қаралатын бірнеше қылмыс жасағаны үшін айыптау кезінде іс жоғары тұрған сот сатысында қаралады. Егер әскери қызметшілер немесе осы ҚДЖК-нің 293-бабында аталған басқа адамдар болып табылмайтын адамдарға қатысты істі жеке іс жүргізу етіп бөлуге болмаса, әскери қызметшілер немесе осы ҚДЖК-нің 293-бабында аталған басқа адамдар болып табылмайтын адамдарға қатысты әскери соттарда қылмыстық істерді қарауға, олар ісі әскери соттарда қаралатын әскери қызметшілермен немесе басқа адамдармен бірге қылмыс жасалғаннан басқа жағдайларда жол берілмейді. Облыстық және оған теңестірілген соттың соттауына жатқызылған істерді қоспағанда, қылмыстарды кәмететке толмағандардың қатысуымен жасаған адамдарға қатысты қылмыстық істер, оларды жеке іс жүргізуге бөлу мүмкін болмаған кезде кәмететке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың соттауына жатады. Қылмыстарды кәмететке толмағандардың қатысуымен жасаған әскери қызметшілерге қатысты қылмыстық істер, оларды жеке іс жүргізуге бөлу мүмкін болмаған кезде кәмететке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттардың соттауына жатады.

Егер сот келіп түскен істің өзінің қарауына жатпайтынын анықтаса, онда істі соттың қаралуына жатқызылуы бойынша жібереді. Егер ҚДЖК-нің 294-бабында көзделген істің аумақтық сот қаралуына жатқызылуы ережелерін бұзушылық басты сот отырысында анықталса, онда процестің барлық қатысушыларының келісімімен сот істі өзінің іс жүргізуінде қалдыруға құқылы. Егер істің жоғары тұрған немесе әскери соттың қарауына

жататыны анықталса, ол барлық жағдайларда сот қаралуына жатқызылуы бойынша жіберілуге тиіс.

Жекелеген жағдайларда, істі мейлінше тез, жан-жақты және объективті қарау мақсатында ол тараптардың өтініші немесе келісімі бойынша бір соттан сол деңгейдегі басқа соттың қарауына берілуі мүмкін. Бұл ретте істі беруге оның сот отырысында қаралуына дейін ғана жол беріледі. Тараптың өтініші, судьяның немесе сот төрағасының ұсынуы бойынша іс, сондай-ақ егер белгілі бір соттың барлық судьяларына бөгет болып отырған жағдайларға байланысты істі қарауға мүмкіндігі болмаса, бір соттан сол деңгейдегі басқа соттың қарауына берілуі мүмкін.

Соттардың арасындағы сот қаралуына жататындығы туралы дауларды жоғары тұрған сот шешеді, оның шешімі түпкілікті болып табылады және ол шағымдануға жатпайды. Тараптардың бұл сотта істің қаралуға жатпайтындығы туралы арыздарын сол сот шешеді. Тарап (тараптар) істің сот қарауына жатпайтындығы туралы арыздарын қанағаттандырмай тастау туралы сот қаулысына жоғары тұрған сотқа шағымдануы мүмкін, ал оның шешімі түпкілікті болып табылады және оған шағым жасауға, наразылық білдіруге болмайды.

Қылмыстық іс сотқа түскен кезде соттың төрағасы немесе оның тапсыруы бойынша басқа судья істі сотта іс жүргізуге қабылдау туралы мәселені шешеді. Судья келіп түскен іс бойынша:

- 1) басты сот талқылауын тағайындау;
- 2) істі алдын ала тыңдауды жүргізу туралы шешімдердің бірін қабылдайды.

Судья іс бойынша шешімді қаулы нысанында қабылдайды, онда:

- 1) қаулының шығарылған уақыты мен жері;
- 2) қаулы шығарған судьяның лауазымы мен тегі;
- 3) қабылданған шешімдердің негіздері мен мәні көрсетілуге тиіс.

Шешім іс сотқа келіп түскен сәттен бастап бес тәуліктен кешіктірілмей қабылдануға тиіс. Судья қаулы шығарумен бір уақытта айыпталушыға бұлтартпау шарасын қолданудың немесе қолданбаудың негізділігі туралы және егер бұлтартпау шарасы таңдалса, оның түрінің негізділігі немесе негізсіздігі туралы мәселені қарауға міндетті. Судья сот отырысын тағайындаудың мүмкіндігі туралы мәселені шешу кезінде сотталушылардың әрқайсысына қатысты мыналарды:

- 1) істің аталған соттың қарауына жататындығын;
- 2) іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға не уақытша тоқтатуға әкеп соқтыратын жағдайдың болу-болмауын;

- 3) анықтау және алдын ала тергеу жүргізу кезінде сот мәжілісін тағайындауға кедергі келтіретін қылмыстық іс жүргізу заңын бұзуға жол берілген-берілмегендігін;

- 4) айыптау қорытындысының немесе айыптау хаттамасының көшірмесі берілген-берілмегендігін;

- 5) айыпталушыға таңдап алынған бұлтартпау шарасының өзгертуге немесе тоқтатуға жататын-жатпайтындығын;

- 6) қылмыспен келтірілген залалды өтеуді және мүлкін ықтимал тәркілеуді қамтамасыз ету шаралары қабылданған-қабылданбағанын;

- 7) арыздар мен өтініштердің қанағаттандыруға жататын-жатпайтындығын анықтауға тиіс.

Судья істі қосымша тергеуге қайтару, іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру, істі соттылығы бойынша жіберу, істі қысқарту, қылмыстық істерді біріктіру туралы шешімдерді қабылдау үшін, сондай-ақ тараптардың өтініштерін қарау және сот талқылауын қысқартылған тәртіппен өткізу туралы мәселені шешу үшін тараптардың қатысуымен істі алдын ала тыңдауды өткізеді. Істі алдын ала тыңдауды судья соттың жабық отырысында жеке-дара өткізеді. Істі алдын ала тыңдау өткізілетін уақыт пен орын тараптарға хабарланады. Істі алдын ала тыңдау барысында хаттама жүргізіледі. Сот отырысына сотталушының, оның қорғаушысы мен мемлекеттік айыптаушының қатысуы

міндетті. Алдын ала тыңдау сотталушы бұл жөнінде өтінген кезде оның қатысуынсыз жүргізіледі. Қорғаушы дәлелді себептерсіз келмей қалған жағдайда, сондай-ақ оның алдын ала тыңдауға қатысуға мүмкіндігі болмаған кезде, судья сот отырысына жаңадан тағайындалған қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге шаралар қолданады. Сот отырысына жәбірленуші мен оның өкілінің, азаматтық талапкердің, азаматтық жауапкердің немесе олардың өкілдерінің келмеуі істі алдын ала тыңдауға кедергі болмайды. Істі алдын ала тыңдаудың нәтижелері туралы судья қаулы шығарады, онда қаралған мәселелер бойынша шешімді баяндайды. Іс бойынша іс жүргізуді тоқтата тұру үшін, істі қысқарту үшін немесе істі қосымша тергеуге қайтару үшін негіздер болмаған жағдайда сот басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулы шығарады. Егер алдын ала тыңдау барысында прокурор айыптауды өзгертсе, судья мұны қаулыда көрсетеді. Егер прокурордың айыптауды өзгертуі соттауға жатқызудың өзгеруіне әкеп соқса, судья істі айыптау қорытындысын, айыптау хаттамасын қайта жасау және істі соттауға жатқызу бойынша жіберу үшін прокурорға қайтарады.

Анықтау немесе алдын ала тергеу процесінде ҚРҚІЖКтің процеске қатысушылардың құқықтарын қамтамасыз ету жөніндегі барлық талаптары сақталған және істі сотта қарауға кедергі келтіретін өзге негіздер жоқ деген пікірге келген судья басты сот талқылауын тағайындау туралы шешім қабылдайды. Басты сот талқылауын тағайындау туралы қаулы :

- 1) сотталушы болып табылатын адамды көрсетуді;
- 2) оны бұзу сотталушыға есептелетін қылмыстық заңды дәл көрсетуді;
- 3) бұлтартпау шарасы мен келтірілген залалдарды қамтамасыз ету шараларын сақтау, тоқтату, өзгерту немесе таңдау туралы шешімді;
- 4) процеске қатысушылардың қарсылық білдіру, өтініштер және өзге де мәлімдемелері бойынша шешімдерді;
- 5) қорғаушы ретінде айыпталушы таңдаған немесе соңғысына тағайындалған қорғаушыға рұқсат ету туралы шешімді;
- 6) басты сот отырысына шақыруға жататын адамдардың тізбесін;
- 7) заң оның ісін сырттай қарауға жол беретін жағдайда істі айыпталушының қатысуынсыз тыңдау туралы шешімді;
- 8) басты сот талқылауының орны мен уақыты туралы мәліметті;
- 9) ҚРҚІЖК көзделген жағдайларда істі соттың жабық отырысында қарау туралы шешімді;
- 10) сот ісі қай тілде жүргізілетіні туралы шешімді;
- 11) запастағы судья туралы шешімді қамтуы тиіс.

Егер іс бойынша алдын ала тыңдау жүргізілсе, басты сот отырысын тағайындау туралы қаулыда талқылауға қойылған мәселелер жөніндегі шешімдер баяндалуы қажет. Басты сот талқылауы тараптарға сот отырысының болатын орны мен басталатын уақыты хабарланған кезден бастап кемінде үш тәуліктен кейін және оның тағайындалуы туралы қаулы шығарылған кезден бастап он бес тәуліктен кешіктірілмей басталуға тиіс. Ерекше жағдайларда бұл мерзім судьяның қаулысымен ұзартылуы мүмкін, бірақ ол отыз тәуліктен аспауға тиіс. Басты сот талқылауы бір ай мерзімде аяқталуға тиіс, ерекше жағдайларда бұл мерзім судьяның дәлелді қаулысымен ұзартылуы мүмкін.

Судья істі тараптың өтініші бойынша:

1) егер ол қаралып отырған іспен байланысты болып, істе айыпталушыға басқа айып тағуға негіздердің болуы немесе егер олардың әрекеті қаралып отырған іспен байланысты болып, басқа адамдарды қылмыстық жауаптылыққа тартуға негіздер болса және жаңа адамдарға қатысты істі жеке қарау мүмкін болмаса;

2) айыптау актісінде көрсетілген айыптауды бастапқы тағылған айыптаудан неғұрлым ауыр немесе елеулі түрде өзгеше айыптауға өзгерту қажеттігі болған жағдайларда қосымша тергеуге жіберуге құқылы.

Судья істі алдын ала тыңдауды өткізу нәтижелері бойынша тараптың өтініші бойынша да, өз бастамашылығы бойынша да іс дұрыс біріктірілмеген немесе бөлінбеген, не басты сот талқылауын тағайындауға кедергі келтіретін қылмыстық іс жүргізу заңын басқа да елеулі бұзушылық анықталған жағдайларда, басты сот талқылауын тағайындамай-ақ істі қосымша тергеуге жіберуге құқылы. Іс қосымша тергеуге прокурор арқылы жіберіледі. Бұл ретте судья қаулыда істің қандай негіз бойынша қайтарылып отырғанын көрсетуге, сондай-ақ айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасы туралы мәселені шешуге міндетті.

## **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

### **Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:**

#### **Негізгі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды. ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1996. - №4. – 217 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №№ 15-I, 15-II, 88-құжат;
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1 (2578), 4-құжат;
4. Прокуратура туралы ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №12. – 184 б.;
5. «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР-ның 1997 жылғы 5 желтоқсандағы, №195-1 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №22. – 328 б.
6. Қазақстан Републикасының 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» № 154-XIII Заңы //ҚР-ның Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994. - № 13-14.

#### **Қосымша:**

1. Адам құқықтарының жалпылама декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 10 желтоқсан 1948 ж. бекітілген. //Ваше право. 5.12.1997.
2. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 16 желтоқсан 1966 ж. бекітілген.// Международная защита прав и свобод человека: Сборник документов. - М.: Юрид.лит., 1990.
3. ҚР-ның Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы, №3 Нормативтік қаулысы // ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2001. - №6. – 7-11 б.;
4. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 5 шілдедегі, №72-11 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы, 2000. - №10. – 241-бап.;
5. «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот практикасы туралы» ҚР-ның Жоғарғы сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі, № 8 Нормативтік қаулысы //ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. – №7. – 8-14 бет.;
6. «Қорғалуға құқықты реттеуші қылмыстық-процессуалдық заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР-ның Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы, №26 Нормативтік қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2002. - №12. – 6-10 б.
7. ҚР-ның Жоғарғы Сотының Пленумының «Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі, №7 қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. - №7. – 3-7 б.

### **Ұсынылатын оқулықтар мен арнайы ғылыми әдебиеттер:**

#### **Негізгі:**

1. Ольшевская Н. Уголовно-процессуальное право: Конспект лекций М. : АСТ, 2010 г. — 146 с.

2. Уголовный процесс: учебник / А. В. Смирнов, К. Б. Калиновский; под общ. ред. А. В. Смирнова. 5-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. 768 с.
3. Уголовно-процессуальное право. Учебник. Углубленный курс. Под общей ред. проф. Лебедева В.М. М.: Юрайт, 2013. – 2016 с.
4. Уголовно-процессуальное право РК. Движение уголовного дела. Учебник /Под ред. д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н. Касимова А.А. – Алматы: «Жеті Жарғы», - 2013.
5. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. – 352 с.

**Қосымша:**

1. *Божьев В.П.* Конституционные принципы уголовного процесса / Уголовный процесс: учебник для вузов / под ред. Б.Б. Булатова, А.М. Баранова. М.: Юрайт; Высшее образование, 2010. - 606 с.
2. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
3. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде кассационной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
4. Апелляция, кассация, надзор: Новеллы ГПК РФ и УПК РФ. Первый опыт критического осмысления /колл.авторов под общей ред. Н.А.Колокова. – М.: Изд. «Юрист», 2011.
5. Берсугурова Л.Ш. Концептуальные проблемы пересмотра вступивших в законную силу судебных решений по уголовным делам. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 128 с.

**Дәріс №6. Басты сот талқылауы.43-тарау. БАСТЫ СОТ ТАЛҚЫЛАУЫНЫҢ ДАЙЫНДЫҚ БӨЛІГІ.**

350-бап. Басты сот талқылауының ашылуы. 351-бап. Басты сот талқылауына шақырылған тұлғалардың келуін тексеру. 352-бап. Аудармашыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру 353-бап. Аудармашыға қарсылық білдіру туралы мәселені шешу. 354-бап. Куәларды сот отырысы залынан шығарып жіберу 355-бап. Сотталушының жеке басын және оған айыптау актісі көшірмесінің уақтылы табыс етілгенін анықтау. 356-бап. Сот құрамын, процеске басқа да қатысушыларды жариялау. 357-бап. Қарсылық білдірулерді шешу тәртібі 358-бап. Сотталушыға оның құқықтарын түсіндіру. 359-бап. Жәбірленушіге, жекеше айыптаушыға, азаматтық талапкерге және азаматтық жауапкерге олардың құқықтарын түсіндіру. 360-бап. Сарапшыға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру. 361-бап. Маманға оның құқықтары мен міндеттерін түсіндіру 362-бап. Өтінішхаттарды мәлімдеу және шешу. 363-бап. Іске қатысатын тұлғалардың қайсыбірі болмаған кезде істі тыңдау мүмкіндігі туралы мәселені шешу. **44-тарау. СОТ ТЕРГЕУІ.** 364-бап. Сот тергеуінің басталуы. 365-бап. Сотталушының ұстанымын анықтау 366-бап. Дәлелдемелерді ұсыну және зерттеу тәртібі. 367-бап. Сотталушыдан жауап алу 368-бап. Сотталушының айғақтарын жария ету. 369-бап. Жәбірленушіден жауап алу 370-бап. Куәлардан жауап алу 371-бап. Кәметке толмаған жәбірленушіден, куәдан жауап алу ерекшеліктері. 372-бап. Жәбірленушінің және куәнің айғақтарын жария ету 373-бап. Сот талқылауындағы сараптама 374-бап. Сарапшыдан жауап алу. 375-бап. Заттай дәлелдемелерді қарап-тексеру 376-бап. Тергеу әрекеттерінің хаттамалары мен құжаттарын жария ету. 377-бап. Сотталушының, жәбірленушінің, куәнің айғақтарын, сондай-ақ хаттамалар мен құжаттарды жария ету тәртібі. 378-бап. Жергілікті жерді және үй-жайды қарап-тексеру 379-бап. Тану үшін көрсету, куәландыру, айғақтарды сол жерде тексеру және нақтылау, эксперимент жүргізу, үлгілер алу. 380-бап. Дәлелдемелерді зерттеуді шектеу 381-бап. Сот тергеуінің аяқталуы. 382-бап. Істің қысқартылған тәртіппен сотта талқылануы **45-тарау. СОТ ЖАРЫССӨЗІ ЖӘНЕ СОТТАЛУШЫНЫҢ СОҢҒЫ СӨЗІ.** 383-бап. Сот

жарыссөзінің мазмұны мен тәртібі. 384-бап. Сотталушының соңғы сөзі. 385-бап. Сот тергеуін қайта бастау. 386-бап. Соттың кеңесу бөлмесіне кетуі. **46-тарау. ҮКІМ ШЫҒАРУ.** 387-бап. Қазақстан Республикасының атынан үкім шығару. 388-бап. Үкімнің заңдылығы мен негізділігі. 389-бап. Үкім шығару құпиясы 390-бап. Соттың үкім шығару кезінде шешетін мәселелері 391-бап. Сотталушының есі дұрыстығы туралы мәселені шешу 392-бап. Үкімдердің түрлері. 393-бап. Айыптау үкімі 394-бап. Ақтау үкімі 395-бап. Үкімді жасау. 396-бап. Үкімнің кіріспе бөлігі 397-бап. Айыптау үкімінің сипаттау-уәждеу бөлігі 398-бап. Айыптау үкімінің қарар бөлігі 399-бап. Ақтау үкімінің сипаттау-уәждеу бөлігі. 400-бап. Ақтау үкімінің қарар бөлігі. 401-бап. Үкімнің қарар бөлігінде шешілуге жататын өзге де мәселелер 402-бап. Үкімді жариялау 403-бап. Сотталушыны күзетілуден босату 404-бап. Үкімнің көшірмесін табыс ету 405-бап. Жекеше қаулы 406-бап. Сот үкім шығарумен бір мезгілде шешетін мәселелер

**Түйін сөздер:** басты сот талқылауы, дайындық бөлімі, сот тергеуі, сот жарыссөзі, сотталушының соңғы сөзі, үкім шығару

**Мақсаты:** студенттердің қылмыстық процестің негізгі ережелері және құқық қорғау органдары мен соттың қызметін жетілдірудің нысандары бойынша мағлұмат алуын қамтамасыз ету.

Басты сот талқылауы үшін тағайындалған уақытта сот отырысының хатшысы немесе пристав сот отырысына қатысып отырғандарға: «Бәріңіздің тұруларыңызды өтінемін! Сот келе жатыр!» деп жариялайды Содан кейін төрағалық етуші сот отырысының залына кіріп, барлық қатысушыларға өз орындарына отыруын ұсынады және қандай қылмыстық істің және оның ашық немесе жабық сот отырысында қаралатыны туралы хабарлайды. Егер жабық сот отырысы жарияланған болса, төрағалық етуші процеске қатысушылардан және сот отырысына шақырылғандардан басқа адамдардың залдан шығуын ұсынады.

Сот тергеуі толық немесе қысқартылған тәртіппен жүзеге асырылады және айыптаушының – сотталушыға таққан айыбының мәнін баяндауынан, ал жекеше айыптау істері бойынша – шағым берген тұлғаның немесе оның өкілінің, ал олар болмағанда сот отырысы хатшысының шағымды баяндауынан басталады.

Айыптау ауырлығы төмендеу түріне өзгертілген немесе айыптаудың бір бөлігінен бас тартылған жағдайда, айыптаушы сотқа айыптаудың жаңа уәжді тұжырымдалуын жазбаша түрде баяндауға міндетті. Айыптаушы айыптаудың мәнін баяндап болған соң сотқа процестік келісім жасасу ниеті туралы мәлімдеуге құқылы.

Сот тергеуі аяқталған соң төрағалық етуші соттың сот жарыссөзіне көшетінін хабарлайды және сот жарыссөзіне қатысушыларға олардың өз сөздерінде сот отырысында зерттелмеген материалдарға сілтеме жасауға құқылы еместігін түсіндіреді. Сотқа жаңа дәлелдемелер ұсыну қажет болған ретте, олар сот тергеуін қайта бастау туралы өтінішхат бере алады.

Сот жарыссөзіне қатысушының өтінішхаты бойынша оған сот жарыссөзіне дайындалу үшін уақыт беріледі, бұл үшін төрағалық етуші ұзақтығын көрсете отырып, сот отырысына үзіліс жариялайды.

Сот жарыссөзі айыптаушының, жәбірленушінің немесе оның өкілінің, азаматтық талапкердің және азаматтық жауапкердің немесе олардың өкілдерінің, сотталушының және қорғаушының сөздерінен тұрады. Процестік келісім немесе медиациялық тәртіппен татуласуға қол жеткізу туралы келісім жасалған істер бойынша қысқартылған сот тергеуі кезінде сот жарыссөзі жүргізілмейді. Процеске қатысушылардың сөз сөйлеу ретін олардың ұсыныстары бойынша сот белгілейді, бірақ барлық жағдайда да бірінші болып айыптаушы сөз сөйлейді. Егер мемлекеттік айыптауды бірнеше мемлекеттік айыптаушы қолдаса, іске бірнеше жәбірленуші, қорғаушы, азаматтық жауапкер мен олардың өкілдері, азаматтық талапкерлер мен олардың өкілдері, сотталушылар қатысса, төрағалық етуші сөз сөйлеу кезектілігін өзара келісуі үшін оларға уақыт береді. Қажет болғанда бұл үшін сот отырысына үзіліс жариялануы мүмкін. Егер көрсетілген адамдар жарыссөздегі өз сөздерінің кезектілігі туралы келісімге келе алмаса, сот олардың пікірлерін тындап болып,



сөз сөйлеу кезегі туралы қаулы қабылдайды.

Сот жарыссөзінің ұзақтығын сот белгілі бір уақытпен шектей алмайды, алайда, төрағалық етуші, егер жарыссөзге қатысатын тұлғалардың сөзі қаралатын іске қатысы жоқ мән-жайларға қатысты болса не сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелерге негізделген болса, оларды тоқтатуға құқылы.

Сот жарыссөзіне қатысатындардың барлығы сөз сөйлеп болған соң, олардың әрқайсысы тараптар өкілдерінің сөзінде айтылған себептер бойынша тағы бір реттен қысқаша қарсылықтарын немесе ескертулерін (репликаларын) білдіріп сөйлеуге құқылы. Соңғы ескертуді айту құқығы барлық жағдайда да сотталушы мен оның қорғаушысына тиесілі.

Сот жарыссөзіне әрбір қатысушы сотқа осы Кодекстің 390-бабы бірінші бөлігінің 1) – б) тармақтарында көрсетілген мәселелер бойынша шешімнің өзі ұсынатын тұжырымдалуын жазбаша түрде ұсына алады. Ұсынылатын тұжырымдаудың сот үшін міндетті күші болмайды.

Сот жарыссөзі аяқталған соң, төрағалық етуші сотталушыға соңғы сөз береді. Сотталушыға оның соңғы сөзі кезінде ешқандай сұрақ қоюға жол берілмейді.

Сот сотталушының соңғы сөзінің ұзақтығын белгілеуге құқылы емес. Төрағалық етуші, егер сотталушының сөзі қаралған іске қатысы жоқ мән-жайларға қатысты болса, оны тоқтатуға құқылы.

Процестік келісім немесе медиациялық тәртіппен татуласуға қол жеткізу туралы келісім жасалған істер бойынша қысқартылған сот тергеуі кезінде сотталушының соңғы сөзі айтылмайды.

Қазақстан Республикасындағы соттар Қазақстан Республикасының атынан үкім шығарады. Сот үкімі заңды және негізді болуға тиіс.

Егер үкім заңның барлық талаптары сақтала отырып және заң негізінде шығарылса, ол заңды болып танылады.

Егер үкім сот отырысында сотқа ұсынылған дәлелдемелерді жан-жақты және объективті зерттеу негізінде шығарылса, ол негізді деп танылады.

Істі қараған судья үкімді өзіне қандай да болсын ықпал ету мүмкіндігін болғызбайтын жағдайларда шығарады. Үкім шығару кезінде өзге адамдардың, оның ішінде запастағы судьяның болуына жол берілмейді.

Жұмыс уақыты аяқталған соң, сондай-ақ жұмыс күні ішінде судья кеңесу бөлмесінен шығып демалу үшін үзіліс жасауға құқылы.

Үкім жарияланғанға дейін судья іс бойынша шешімді айқындайтын өз пікірі мен пайымдауын жария етуге құқылы емес.

## **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

### **Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:**

#### **Негізгі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды. ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1996. - №4. – 217 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №№ 15-I, 15-II, 88-құжат;
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1 (2578), 4-құжат;
4. Прокуратура туралы ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №12. – 184 б.;
5. «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР-ның 1997 жылғы 5 желтоқсандағы, №195-1 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №22. – 328 б.

6. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» № 154-ХІІІ Заңы //ҚР-ның Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994. - № 13-14.

**Қосымша:**

1. Адам құқықтарының жалпылама декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 10 желтоқсан 1948 ж. бекітілген. //Ваше право. 5.12.1997.
2. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 16 желтоқсан 1966 ж. бекітілген. // Международная защита прав и свобод человека: Сборник документов. - М.: Юрид.лит., 1990.
3. ҚР-ның Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы, №3 Нормативтік қаулысы // ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2001. - №6. – 7-11 б.;
4. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 5 шілдедегі, №72-11 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы, 2000. - №10. – 241-бап.;
5. «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот практикасы туралы» ҚР-ның Жоғарғы сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі, № 8 Нормативтік қаулысы //ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. – №7. – 8-14 бет.;
6. «Қорғалуға құқықты реттеуші қылмыстық-процессуалдық заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР-ның Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы, №26 Нормативтік қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2002. - №12. – 6-10 б.
7. ҚР-ның Жоғарғы Сотының Пленумының «Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі, №7 қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. - №7. – 3-7 б.

**Ұсынылатын оқулықтар мен арнайы ғылыми әдебиеттер:**

**Негізгі:**

1. Ольшевская Н. Уголовно-процессуальное право: Конспект лекций М. : АСТ, 2010 г. — 146 с.
2. Уголовный процесс: учебник / А. В. Смирнов, К. Б. Калиновский; под общ. ред. А. В. Смирнова. 5-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. 768 с.
3. Уголовно-процессуальное право. Учебник. Углубленный курс. Под общей ред. проф. Лебедева В.М. М.: Юрайт, 2013. – 2016 с.
4. Уголовно-процессуальное право РК. Движение уголовного дела. Учебник /Под ред. д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н. Касимова А.А. – Алматы: «Жеті Жарғы», - 2013.
5. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы, 2015. – 352 с.

**Қосымша:**

1. *Божьев В.П.* Конституционные принципы уголовного процесса / Уголовный процесс: учебник для вузов / под ред. Б.Б. Булатова, А.М. Баранова. М.: Юрайт; Высшее образование, 2010. - 606 с.
2. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
3. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде кассационной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
4. Апелляция, кассация, надзор: Новеллы ГПК РФ и УПК РФ. Первый опыт критического осмысления /колл.авторов под общей ред. Н.А.Колокова. – М.: Изд. «Юрист», 2011.
5. Берсугурова Л.Ш. Концептуальные проблемы пересмотра вступивших в законную силу судебных решений по уголовным делам. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 128 с.

## **Дәріс №7. СОТТЫҢ ҮКІМДЕРІ МЕН ҚАУЛЫЛАРЫН АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ТӘРТІПШЕН ҚАЙТА ҚАРАУ**

48-тарау. СОТТЫҢ ЗАҢДЫ КҮШІНЕ ЕНБЕГЕН ШЕШІМДЕРІНЕ АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ШАҒЫМ ЖАСАУ, ӨТІНІШХАТ БІЛДІРУ. 414-бап. Үкімге, қаулыға апелляциялық шағым жасау, өтінішхат білдіру құқығы. 415-бап. Апелляциялық тәртіппен қаралуға жататын сот актілері. 416-бап. Заңды күшіне енбеген үкімдерге, қаулыларға берілген апелляциялық (жекеше) шағымдарды, наразылықтарды қарайтын соттар 417-бап. Апелляциялық (жекеше) шағымдар, өтінішхат келтіру тәртібі 418-бап. Үкімдерге, қаулыларға апелляциялық шағым жасау, өтінішхат білдіру мерзімдері. 419-бап. Апелляциялық (жекеше) шағым, наразылық беру мерзімін қалпына келтіру тәртібі 420-бап. Апелляциялық (жекеше) шағым және өтінішхат беру туралы хабарлама. 421-бап. Апелляциялық (жекеше) шағым берудің және наразылық келтірудің салдары 422-бап. Бірінші сатыдағы соттың қаулысына шағым жасау, наразылық білдіру. 423-бап. Апелляциялық (жекеше) шағым, наразылық. 9-тарау. АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ШАҒЫМДАР, өтінішхат БОЙЫНША ІСТЕРДІ ҚАРАУ. 424-бап. Апелляциялық қараудың нысанасы. 425-бап. Істі апелляциялық сатыда қарау мерзімдері 426-бап. Істі апелляциялық сатыда қараудың шектері 427-бап. Апелляциялық сатыдағы сот отырысын дайындау 428-бап. Апелляциялық сатыдағы сот отырысын тағайындау 429-бап. Істі апелляциялық сатыда қарау тәртібі 430-бап. Апелляциялық сатының өкілеттіктері 431-бап. Апелляциялық саты қабылдайтын шешімдер 432-бап. Апелляциялық сатының қылмыстық процесте азаматтық талап қоюды қарауы 433-бап. Үкімнің күшін жою немесе оны өзгерту негіздері. 434-бап. Сот тергеуінің біржақтылығы немесе толық еместігі 435-бап. Соттың үкімде, қаулыда айтылған түйіндерінің істің нақты мән-жайларына сәйкес келмеуі 436-бап. Қылмыстық-процестік заңды елеулі түрде бұзу 437-бап. Қылмыстық заңды дұрыс қолданбау 438-бап. Сот тағайындаған жазаның қылмыстық құқық бұзушылық ауырлығына және сотталған адамның жеке басына сәйкес келмеуі 439-бап. Істі тоқтата отырып айыптау үкімінің күшін жою 440-бап. Ақтау үкімінің күшін жою 441-бап. Жаңа үкім шығара отырып, үкімнің күшін жою. 442-бап. Үкімді өзгерту 443-бап. Апелляциялық үкімнің, қаулының мазмұны 444-бап. Апелляциялық үкім, қаулы шығару және олардың заңды күшіне енуі 445-бап. Апелляциялық сатыдағы соттың үкімін, қаулысын орындауға енгізу. 446-бап. Істі апелляциялық сатыда қайтадан қарау 447-бап. Алқабилердің қатысуымен шығарылған бастапқы үкімнің күші жойылғаннан кейін істі бірінші саты бойынша қарау 50-тарау.

**Түйін сөздер:** Үкімге, қаулыға апелляциялық шағым жасау, наразылық білдіру құқығы, апелляциялық тәртіппен қаралуға жататын сот актілері, соттың үкімдеріне, қаулыларына кассациялық тәртіппен шағым жасаудың, наразылық білдірудің жалпы шарттары

**Мақсаты:** студенттердің қылмыстық процесте үкімге, қаулыға апелляциялық шағым жасау, наразылық білдіру құқығы, апелляциялық тәртіппен қаралуға жататын сот актілері, соттың үкімдеріне, қаулыларына кассациялық тәртіппен шағым жасаудың, наразылық білдірудің жалпы шарттары бойынша мағлұмат алуын қамтамасыз ету.

Тараптар заңды күшіне енбеген сот үкімдеріне осы тарауда көзделген ережелерге сәйкес апелляциялық тәртіппен шағым жасауы және наразылық білдіруі мүмкін. Үкімге шағымдану құқығы сотталушыға, ақталушыға, олардың қорғаушылары мен заңды өкілдеріне, жәбірленушіге және оның өкіліне тиесілі. Азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер немесе олардың өкілдері үкімге, оның азаматтық талапқа қатысты бөлігінде шағым жасауға құқылы. Наразылық білдіру құқығы істі қарауға мемлекеттік айыптаушы ретінде қатысушы прокурорға тиесілі. Қазақстан Республикасының Бас прокуроры мен оның орынбасарлары, облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарлары, аудандардың прокурорлары және оларға теңестірілген прокурорлар мен олардың орынбасарлары істі қарауға қатысуына қарамастан өз құзыреті шегінде үкімге наразылық білдіруге құқылы.

Аудандық және оларға теңестірілген соттардың заңды күшіне енбеген үкімдеріне апелляциялық шағымдарды, наразылықтарды облыстық және соларға теңестірілген соттардың қылмыстық істер жөніндегі алқасы қарайды. Облыстық және оларға теңестірілген соттардың заңды күшіне енбеген үкімдеріне апелляциялық шағымдарды, наразылықтарды Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі алқасы қарайды.

Шағымдар, наразылықтар үкім қабылдаған сот арқылы беріледі. Апелляциялық сатыларға тікелей келіп түскен шағымдар, наразылықтар ҚДЖК 401-бабының және 402-бабының екінші бөлігінің талаптарын орындау үшін үкім қабылдаған сотқа жіберуге жатады. Істі екінші қайтара қараған кезде шығарылған үкімге жалпы тәртіпте шағым берілуі, наразылық білдірілуі мүмкін.

Бірінші сатыдағы соттың үкіміне шағымдар, наразылықтар апелляциялық тәртіпте үкім жарияланған күннен бастап он бес тәулік ішінде берілуі мүмкін, ал қамауда отырған сотталған адам оны өзіне үкім көшірмесі табыс етілген күннен бастап нақ сондай мерзімде бере алады. Үкімге шағым жасау үшін белгіленген мерзім ішінде іс соттан талап етіле алмайды. Мерзімі өткеннен кейін берілген шағым, қарсылық қараусыз қалдырылады.

Шағым беруге, наразылық білдіруге арналған мерзім дәлелді себептермен өтіп кеткен жағдайда шағым беруге, наразылық білдіруге құқығы бар адамдар үкімді қабылдаған сотқа өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіру туралы өтініш жасай алады. Мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішті істі сот талқылауы кезінде төрағалық етуші судья, ал ол ұзақ уақыт бойы болмаған кезде осы соттың басқа судьясы сот мәжілісінде қарайды, ол өтінішті қозғаған адамды түсінік беру үшін шақыртуға құқылы. Өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіруден бас тарту туралы судьяның қаулысына жоғары тұрған сотқа шағым берілуі, наразылық білдірілуі мүмкін, ол өтіп кеткен мерзімді қалпына келтіруге және ҚДЖК-нің 401-бабында және 402-бабының екінші бөлігінде баяндалған талаптарды сақтай отырып шағым, наразылық бойынша істі қарауға құқылы.

Үкімді қабылдаған сот шағым беру немесе наразылық білдіру туралы сотталушыны немесе ақталушыны, қорғаушыны, айыпталушыны, жәбірленушіні және оның өкілін, сондай-ақ, егер шағым, наразылық олардың мүдделерін қозғайтын болса, азаматтық талапкерді, азаматтық жауапкерді немесе олардың өкілдерін хабардар етеді. Шағымның, наразылықтың көшірмесі аталған адамдарға беру мерзімі көрсетіле отырып оларға жазбаша түрде қарсылық беру мүмкіндігі түсіндіріліп жіберіледі.

Шағымға, наразылыққа келіп түскен қарсылық іске тігіледі. Тараптар шағым, наразылық негіздерін не басқа тараптың шағымына, наразылығына қарсы жазылған қарсылық негіздерін растау үшін сотқа жаңа материалдар табыс етуге немесе, егер іс апелляциялық тәртіпте қаралатын болса, өздері атаған куәгерлер мен сарапшыларды сотқа шақыру туралы өтініш жасауға құқылы.

Шағым беру және наразылық білдіру үкімнің орындалуын тоқтата тұрады. Бірінші сатыдағы сот үкімге (қаулыға) шағымдану, наразылық келтіру үшін белгіленген мерзім біткеннен кейін бір тәуліктен кешіктірмей, ҚДЖК-нің 401-бабының талаптарын орындайды, содан кейін істі келіп түскен шағымдармен, наразылықпен және оларға қарсылықтармен қоса апелляциялық сатыға жібереді және процеске қатысушыларға істің апелляциялық сатыда қаралатын уақыты мен орнын хабарлайды. Үкімге шағымданған, наразылық білдірген адам өзінің шағымын, наразылығын апелляциялық сатыларда сот отырысы басталғанға дейін қайтарып алуға құқылы. Прокурордың наразылығын жоғары тұрған прокурор да кері қайтарып алуы мүмкін. Үкімге шағымданған, наразылық білдірген адам сот отырысы басталғанға дейін өзінің шағымын, наразылығын өзгертуге не жаңа дәлелдермен толықтыруға құқылы. Бұл ретте прокурордың қосымша наразылығында немесе оның наразылықты өзгерту туралы мәлімдемесінде, сол сияқты жәбірленушінің, жеке айыптаушының немесе олардың өкілдерінің үкімге шағымдану және наразылық білдіру мерзімі өткеннен соң берілген қосымша шағымында, егер мұндай талап бастапқы

наразылықта немесе шағымда болмаса, сотталушының жағдайын нашарлату туралы мәселе қойылмауға тиіс.

Бірінші сатыдағы соттың қаулысына ҚІЖК-нің 396-бабында көрсетілген адамдар жеке шағым жасауы, наразылық білдіруі мүмкін. Дәлелдерді тексеру тәртібіне, процеске қатысушылардың өтініштеріне, сондай-ақ сот мәжілісі залында тәртіп сақтауға, ҚІЖК-нің 10-бабының екінші бөлігінде көрсетілген мәселелерге қатысты, әкімшілік жаза қолдану туралы қаулыны қоспағанда, сот талқылауы барысында шығарылған қаулылар шағымдануға, наразылық білдіруге жатпайды. Жоғарыда аталған шешімдерге қарсылық білдіру үкімге апелляциялық тәртіпте шағымдану немесе наразылық білдіру кезінде жазылуы мүмкін. Бірінші сатыдағы соттың қаулысына жеке шағым, наразылық жоғары тұрған сотқа шағымданатын шешім шығарылған күннен бастап он бес тәулік ішінде беріледі және апелляциялық іс жүргізу ережелері бойынша қаралады. Қарау нәтижелері бойынша шағымды, наразылықты қанағаттандырусыз қалдыру туралы не шағымданған шешімді жою немесе өзгерту туралы қаулы шығарылады. Үкім шығарумен аяқталған сот талқылауы кезінде шығарылған қаулыға шағым берілген, наразылық білдірілген жағдайда, іс жоғары тұрған сот сатысына үкімге шағымдану үшін белгіленген мерзім өткен соң ғана жіберіледі. Бұл ретте, егер үкімге апелляциялық шағым берілген, наразылық білдірілген болса, жеке шағымды, наразылықты тексеру істі апелляциялық тәртіпте қарайтын сол сот сатысы жүргізеді. Сот қаулысына шағымдануға сондай-ақ, егер қаулы олардың мүдделеріне қатысты болса, бұл істе тараптар болып табылмайтын адамдар да құқылы.

Апелляциялық тәртіпте істі қарайтын сот үкімнің заңдылығын, негізділігін, әділдігін тек үкімге шағым берілген немесе наразылық білдірілген бөлігінде және тек шағым немесе наразылық білдірілген сотталушыларға қатысты ғана тексереді. Егер істі қараған кезде заңсыз үкімнің қабылдануына алып келген сотталушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуы белгілі болса, сот ҚРҚІЖК көзделген ережелерді сақтай отырып, үкімді сондай-ақ шағым берілмеген, наразылық білдірілмеген бөлігінде де және шағым бермеген, наразылық білдірмеген адамдарға қатысты да жоюға немесе өзгертуге құқылы.

Апелляциялық сатыдағы сот апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша істің нақты мән-жайын анықтаудың және қылмыстық заңды қолданудың дұрыстығын, іс жүргізуді жүзеге асыру кезінде қылмыстық іс жүргізу заңы нормаларының сақталуын, істе бар және қосымша табыс етілген материалдар бойынша бірінші сатыдағы сот үкімінің немесе қаулысының заңдылығы мен негізділігін толық көлемінде тексереді. Іс апелляциялық тәртіппен ол келіп түскен күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қаралуға тиіс. Дәлелді себептер болған жағдайда бұл мерзім іс жүргізіп жатқан апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы бойынша бір айға ұзартылуы мүмкін. Қажет болған жағдайда істі апелляциялық сатыда қарау мерзімін одан әрі ұзарту қылмыстық істер жөніндегі тиісті сот алқасы төрағасының немесе тиісті сот төрағасының қаулысымен жүзеге асырылуы мүмкін.

Апелляциялық шағымда, наразылықта:

- 1) шағым, наразылық жолданып отырған соттың атауы;
- 2) іс жүргізілгендегі жағдайы, тұрғылықты жері немесе жүрген жері көрсетіле отырып, шағым жасаған немесе наразылық келтірген адам туралы деректер;
- 3) шағым жасалып, наразылық келтіріліп отырған үкім немесе қаулы және осы шешімді шығарған соттың атауы;
- 4) үкімге, қаулыға толық немесе оның бір бөлігіне шағым жасалып, наразылық келтіріліп отырғанын көрсету;
- 5) шағым, наразылық келтірген адамның пікірінше сот үкімінің, қаулысының дұрыс еместігі неде екендігі жөніндегі дәлелдері және оның өтінішінің мәні;
- 6) арыз беруші өз талаптарына негіз ететін, соның ішінде бірінші сатыдағы сот зерттемеген дәлелдемелер;
- 7) шағымға, наразылыққа қоса тіркеліп отырған материалдардың тізбесі;

8) шағым, наразылық келтірілген күн және шағым, наразылық келтірген адамның қолы болуға тиіс.

Жасалған шағым, келтірілген наразылық осы талаптарға сәйкес келмеген жағдайда, олар берілген деп есептеледі, бірақ аяғына дейін ресімдеу үшін мерзімі көрсетіліп қайтарылады. Егер қайта жасалғаннан кейін апелляциялық шағым, наразылық аталған мерзім ішінде сотқа табыс етілмесе, олар берілмеген болып есептеледі.

Апелляциялық сатыдағы сот апелляциялық шағымдар, наразылықтар бойынша істің нақты мән-жайын анықтаудың және қылмыстық заңды қолданудың дұрыстығын, іс жүргізуді жүзеге асыру кезінде қылмыстық іс жүргізу заңы нормаларының сақталуын, істе бар және қосымша табыс етілген материалдар бойынша бірінші сатыдағы сот үкімінің немесе қаулысының заңдылығы мен негізділігін толық көлемінде тексереді.

Іс апелляциялық тәртіппен ол келіп түскен күннен бастап бір айдан кешіктірілмей қаралуға тиіс. Дәлелді себептер болған жағдайда бұл мерзім іс жүргізіп жатқан апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы бойынша бір айға ұзартылуы мүмкін. Қажет болған жағдайда істі апелляциялық сатыда қарау мерзімін одан әрі ұзарту қылмыстық істер жөніндегі тиісті сот алқасы төрағасының немесе тиісті сот төрағасының қаулысымен жүзеге асырылуы мүмкін.

**Апелляциялық сатыдағы сот отырысын белгілеу.** Бірінші сатыдағы сот апелляциялық шағымдар жасау мен наразылық білдіруге арналған мерзім біткен соң және ҚРҚДЖК 401-бабының талаптары орындалғаннан кейін істі қараудың жоғары тұрған соттың келісімімен белгіленетін уақыты мен орнын көрсете отырып, істі тиісті апелляциялық сатыға жібереді. Бірінші сатыдағы сот істің қаралатын уақыты мен орны туралы тараптарға хабарлайды. Қамауда отырған сотталған адамды сот отырысына шақыру туралы мәселені апелляциялық сатыдағы сот шешеді. Қамауда отырған сотталған адамнан оның жағдайын нашарлатуға бағытталған шағымды немесе прокурордың наразылығын қарау кезінде апелляциялық сатыға қатысу туралы өтініш түскен кезде, бірінші сатыдағы сот істі сотталғанның тікелей қатысуымен не ғылыми-техникалық құралдарды қолдана отырып қарау туралы қаулы шығарып, оны орындау үшін тиісті органдарға жібереді. Апелляциялық отырыстың орны мен уақыты туралы уақтылы хабарланған адамдардың келмеуі істі қарауға кедергі болмайды. Прокурордың апелляциялық сатыда қатысуы міндетті.

#### **Апелляциялық сатыда істі қарау тәртібі:**

Төрағалық етуші сот отырысын ашады, қандай іс және кімнің апелляциялық шағымы немесе наразылығы бойынша қаралып жатқанын хабарлайды. Содан кейін төрағалық етуші сот құрамын, іс бойынша тараптар болып табылатын, қатысып отырған адамдардың фамилиясын, сондай-ақ аудармашылардың фамилиясын хабарлайды.

Төрағалық етуші отырысқа қатысушы адамдарға олардың апелляциялық сатыда істі қараған кездегі іс жүргізу құқықтарын түсіндіреді.

Төрағалық етуші тараптардан олардың бас тартуы мен өтінімдерінің бар-жоғын сұрайды, ал егер олар мәлімделсе, олар бойынша процеске қатысушылардың пікірін анықтайды, содан кейін сот оларды қараудың нәтижелері бойынша қаулы шығарады.

Істі қарау іске қатысушылардың апелляциялық (жеке) шағымдарының, наразылықтарының себептері мен дәлелдерін білдіретін пікірлерін, оларға білдірілген қарсылықтарды ескере отырып олардың сөз сөйлеу ретін анықтаудан басталады. Егер айыптаушы тараптың шағымында, наразылығында сотталған (ақталған) адамның жағдайын нашарлату туралы мәселе қойылса, қорғаушы тарап айыптаушы тараптың сөзі тыңдалғаннан кейін сөйлейді.

Апелляциялық шағымдарда немесе наразылықта келтірілген дәлелдерді растау немесе теріске шығару үшін сөз сөйлеушілер істі қарау басталғанға дейін апелляциялық сатыға қосымша материалдар беруге құқылы. Қосымша материалдарды тергеу іс-әрекеттерін жүргізу жолымен алуға болмайды. Сотқа қосымша материалдар берген адам олардың қандай жолмен алынғанын және оларды табыс ету қажеттігі неге байланысты

туындағанын көрсетуге міндетті. Қосымша материалдардың қабылданғаны немесе қабылданбағаны туралы сот қаулы шығарады. Істің дұрыс шешілуі үшін маңызы бар қосымша тапсырылған материалдар, егер олардағы мәліметтер бірінші сатыдағы соттың қосымша тексеруі мен бағалауын керек етпесе, үкімді, қаулыны өзгертуге негіз болуы мүмкін. Өзге жағдайларда қосымша материалдар сот үкімінің, қаулысының күшін жойып, істі бірінші саты бойынша жаңадан қарауға жіберуге негіз бола алады.

Үкімнің күшін жоюға немесе оны өзгертуге негіздер мыналар:

- 1) сот тергеуінің біржақтылығы және толық еместігі;
  - 2) соттың үкімде (қаулыда) айтылған тұжырымдарының істің нақты мән-жайына сәйкес келмеуі;
  - 3) қылмыстық іс жүргізу заңының едәуір бұзылуы;
  - 4) қылмыстық заңның дұрыс қолданылмауы;
  - 5) жазаның қылмыстың ауырлығына және сотталғанның жеке басына сәйкес келмеуі
- бірінші сатыдағы сот үкімінің күшін жоюға не оны өзгертуге негіз болып табылады.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

#### **Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:**

##### **Негізгі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды. ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1996. - №4. – 217 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №№ 15-I, 15-II, 88-құжат;
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1 (2578), 4-құжат;
4. Прокуратура туралы ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №12. – 184 б.;
5. «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР-ның 1997 жылғы 5 желтоқсандағы, №195-1 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №22. – 328 б.
6. Қазақстан Републикасының 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» № 154-X111 Заңы //ҚР-ның Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994. - № 13-14.

##### **Қосымша:**

1. Адам құқықтарының жалпылама декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 10 желтоқсан 1948 ж. бекітілген. //Ваше право. 5.12.1997.
2. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 16 желтоқсан 1966 ж. бекітілген.// Международная защита прав и свобод человека: Сборник документов. - М.: Юрид.лит., 1990.
3. ҚР-ның Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы, №3 Нормативтік қаулысы // ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2001. - №6. – 7-11 б.;
4. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 5 шілдедегі, №72-11 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы, 2000. - №10. – 241-бап.;
5. «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот практикасы туралы» ҚР-ның Жоғарғы сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі, № 8 Нормативтік қаулысы //ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. – №7. – 8-14 бет.;
6. «Қорғалуға құқықты реттеуші қылмыстық-процессуалдық заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР-ның Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы, №26 Нормативтік қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2002. - №12. – 6-10 б.
7. ҚР-ның Жоғарғы Сотының Пленумының «Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша

заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі, №7 қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. - №7. – 3-7 б.

### Ұсынылатын оқулықтар мен арнайы ғылыми әдебиеттер:

#### Негізгі:

1. Ольшевская Н. Уголовно-процессуальное право: Конспект лекций М. : АСТ, 2010 г. — 146 с.
2. Уголовный процесс: учебник / А. В. Смирнов, К. Б. Калиновский; под общ. ред. А. В. Смирнова. 5-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. 768 с.
3. Уголовно-процессуальное право. Учебник. Углубленный курс. Под общей ред. проф. Лебедева В.М. М.: Юрайт, 2013. – 2016 с.
4. Уголовно-процессуальное право РК. Движение уголовного дела. Учебник /Под ред. д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н. Касимова А.А. – Алматы: «Жеті Жарғы», - 2013.
5. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы, 2015. – 352 с.

#### Қосымша:

1. *Божьев В.П.* Конституционные принципы уголовного процесса / Уголовный процесс: учебник для вузов / под ред. Б.Б. Булатова, А.М. Баранова. М.: Юрайт; Высшее образование, 2010. - 606 с.
2. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
3. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде кассационной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
4. Апелляция, кассация, надзор: Новеллы ГПК РФ и УПК РФ. Первый опыт критического осмысления /колл.авторов под общей ред. Н.А.Колокова. – М.: Изд. «Юрист», 2011.
5. Берсугурова Л.Ш. Концептуальные проблемы пересмотра вступивших в законную силу судебных решений по уголовным делам. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 128 с.

**Дәріс №8. СОТТЫҢ ҮКІМДЕРІ МЕН ҚАУЛЫЛАРЫН ОРЫНДАУ.** 470-бап. Үкімнің заңды күшіне енуі және оны орындауға енгізу. 471-бап. Сот қаулысының заңды күшіне енуі және оны орындауға енгізу. 472-бап. Соттың үкімін, қаулысын орындауға енгізу тәртібі 473-бап. Сотталған адамның туыстары мен азаматтық талапкерге үкімнің орындауға енгізілгені туралы хабарлау. 474-бап. Туыстарына сотталған адаммен кездесуге рұқсат беру. 475-бап. Үкімнің орындалуын кейінге қалдыру 476-бап. Үкімді орындау кезінде соттың қарауына жататын мәселелер 477-бап. Үкімді орындауға байланысты мәселелерді шешетін соттар. 478-бап. Үкімді орындауға байланысты мәселелерді шешу тәртібі 479-бап. Сотталғандықты алып тастау туралы өтінішхаттарды қарау. 480-бап. Жазадан шартты түрде мерзімінен бұрын босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жазамен ауыстыру туралы мәселелерді қарау 481-бап. Жазадан ауруына байланысты босату туралы өтінішхаттарды қарау 482-бап. Сотталғандардың шағымдарын қарау 483-бап. Судьяның қаулысына шағым жасау және наразылық білдіру

**Түйін сөздер:** Үкімнің заңды күшіне енуі және оны орындауға енгізу, соттың үкімдері мен қаулыларын орындау

**Мақсаты:** студенттердің қылмыстық процесте соттың үкімдері мен қаулыларын орындаудың ережелері бойынша мағлұмат алуын қамтамасыз ету.

Аудандық және оған теңестірілген сот, облыстық және соған теңестірілген сот шығарған бірінші сатыдағы сот үкімдері, егер оған шағымданбаса немесе наразылық келтірілмесе, апелляциялық шағымдану немесе наразылық келтіру мерзімі өткен соң заңды күшіне енеді және орындалуға тиіс. Апелляциялық шағым жасалған немесе наразылық келтірілген жағдайда, аудандық немесе облыстық сот үкімінің күші



жойылмаса, апелляциялық қаулы шығарылған күні күшіне енеді. Егер апелляциялық шағым, наразылық апелляциялық сатыдағы сот отырысы басталғанға дейін қайтарып алынса, үкім шағымды, наразылықты қайтарып алуға байланысты апелляциялық іс жүргізудің тоқтатылғаны туралы апелляциялық сатының қаулысы шығарылған күні заңды күшіне енеді. Үкім заңды күшіне енген немесе іс кассациялық сатыдағы соттан қайтарылған күннен бастап үш тәуліктен кешіктірмей бірінші сатыдағы сот үкімді орындауға кіріседі. Қылмыс жасағаны үшін сотталған адам, егер айыптау үкімі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 75-бабымен белгіленген мерзімде орындалмаса, жазаны өтеуден босатылады. Егер сот ақтау үкімін қабылдаса не сотталушы жаза тағайындалмай сотталса немесе жазадан босатылса не бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаға кесілсе, ал үкім қабылданғанға дейін ол қамауда ұсталса, мұндай шешім шығарған сот оны дереу қамаудан босатады.

Бірінші сатыдағы соттың қаулысы шағымдану немесе наразылық білдіру мерзімі өткен соң не жеке шағым жасалған немесе наразылық білдірілген жағдайда, істі жоғары тұрған сот қарағаннан кейін заңды күшіне енеді және орындалады. Соттың шағымдануға немесе наразылық білдіруге жатпайтын қаулысы ол шыққаннан кейін дереу күшіне енеді және орындалады. Істі қысқарту туралы сот қаулысы сот отырысын тағайындау туралы мәселені шешу кезінде немесе сот отырысында оның айыпталушыны немесе сотталушыны қамаудан босатуға қатысты бөлігінде дереу орындалуға жатады. Апелляциялық сатының қаулысы ол жарияланған кезден бастап заңды күшіне енеді. Апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы ҚІЖК-нің 423-1-бабында көзделген тәртіпте орындалады. Жеке қаулы бойынша бір айлық мерзімнен кешіктірмей қажетті шаралар қолданылуы және нәтижелері туралы қаулы шығарған сотқа хабарлануы тиіс.

Заңды күшіне енген соттың үкімі мен қаулысы мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының, заңды тұлғалардың, лауазымды адамдардың, азаматтардың бәріне бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында сөзсіз орындалуға жатады. Соттың үкімін, қаулысын орындамау қылмыстық жауапкершілік жүктейді. Үкім мен қаулыны орындауға кірісу бірінші саты бойынша істі қараған сотқа жүктеледі. Үкімді орындау туралы өкімді судья үкімнің көшірмесімен бірге қылмыстық-атқару заңдарына сәйкес үкімді орындау міндеті жүктелген органға жібереді. Апелляциялық сатыдағы сотқа қамауда ұсталған адамдарға қатысты істі апелляциялық тұрғыда қараудың нәтижелерін хабарлау міндеті жүктеледі. Істі апелляциялық тәртіппен қарау кезінде үкім өзгерген жағдайда үкімнің көшірмесіне апелляциялық саты қаулысының көшірмесі қоса тіркелуге тиіс. Егер үкімде сотталушыны Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградасынан, Қазақстан Республикасының Президенті берген құрметті, әскери, арнаулы немесе өзге атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен немесе біліктілік сыныбынан айыру туралы мәселені қою қажеттігі көрсетілсе, үкімді шығарған сот Қазақстан Республикасының Президентіне сотталушыны мемлекеттік наградасынан, көрсетілген атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен немесе біліктілік сыныбынан айыру туралы ұсынысты, сондай-ақ үкімнің көшірмесі мен оның заңды күшіне енуі туралы анықтаманы жолдайды. Үкімді орындаушы органдар оның орындалғаны жайында үкімді шығарған сотқа дереу хабарлайды. Түзеу мекемесінің әкімшілігі үкім шығарған сотқа сотталушының жазасын өтеу орны туралы хабарлауы тиіс.

Қамауда ұсталған сотталушы қамауға немесе бас бостандығынан айыруға кесілген үкім заңды күшіне енгеннен кейін қамау орнының әкімшілігі сотталушының отбасын жазаны өтеу үшін оның қайда жіберілетіні туралы хабардар етуге міндетті. Азаматтық талап қанағаттандырылған жағдайда сот атқарушысы азаматтық талапкерді үкімнің орындалғаны туралы хабардар етеді.

Үкім орындалғанға дейін іс бойынша төрағалық етуші немесе сот төрағасы қамауда ұсталып отырған сотталушының еріне /зайыбына/, жақын туыстарына олардың өтініші

бойынша сотталушымен жүздесу және телефон арқылы сөйлесу мүмкіндігін беруге міндетті.

Адамды қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тартуға, бас бостандығын шектеуге, қамауға немесе бас бостандығынан айыруға соттау туралы үкімді орындау мынадай негіздердің бірі болған кезде:

1) жазаны өтеуге кедергі келтіретін сотталушының ауыр сырқаты болса, - ол сауығып кеткенге дейін;

2) сотталған әйелдің жүкті болуы немесе сотталған әйелдің жас балалары болса - Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 72-бабында көзделген тәртіпте;

3) өрт немесе кездейсоқ апат, отбасының еңбекке жарамды жалғыз мүшесінің ауыр науқастануы немесе қайтыс болуы немесе басқа да төтенше жағдаяттардың салдарынан, сотталған адам немесе оның отбасы үшін жазаны дереу өтеуі аса ауыр зардапқа әкеліп соқтыруы мүмкін болса, сот белгілеген алты айдан артық емес мерзімге, ал Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 74-бабының екінші бөлігінде көрсетілген адамдарға қатысты - үш айдан артық емес мерзімге кейінге қалдырылуы мүмкін.

Айыппұл төлеу, егер оны дереу төлеу сотталушы үшін мүмкін болмаса, алты айға дейін мерзімге кейінге қалдырылуы немесе бөліп өтелуі мүмкін. Үкімді орындауды кейінге қалдыру туралы мәселені сотталушының оның заңды өкілінің, жақын туыстарының, қорғаушысының өтініші бойынша не прокурордың ұсынуы бойынша немесе өз бастамашылығымен сот шешеді.

Соттың жүргізуіне үкімді орындауға байланысты мынадай мәселелерді қарау жатады:

1) жазаны өтеуден қасақана жалтарған жағдайда айыппұл төлеу түріндегі жазаны қоғамдық жұмысқа тартумен, түзеу жұмыстарына жіберумен немесе қамауға алумен /Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 40-бабы/, қоғамдық жұмыстарға тартуды бас бостандығын шектеумен немесе қамауға алумен, /Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 42-бабы/, түзеу жұмыстарын бас бостандығын шектеумен, қамауға алумен немесе бас бостандығынан айырумен, /Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 43-бабы/, бас бостандығын шектеуді бас бостандығынан айырумен, /Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 45-бабы / ауыстыру туралы;

2) қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес жазаға сотталып, бақылаудан жасырынған және жазасын өтеуден жалтарған адамдарға қатысты іздестіру жариялау мен бұлтартпау шарасын таңдау туралы;

3) қылмыстық-атқару заңдарына сәйкес бас бостандығынан айыруға сотталған адамға шығарылған үкім бойынша тағайындалған түзеу мекемесінің түрін өзгерту туралы;

4) жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босату (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 70-бабы), жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл жаза түрімен ауыстыру (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 71-бабы) туралы, сондай-ақ жазаны өтеуден мерзімінен бұрын шартты түрде босатуды жою (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 70-бабының жетінші бөлігі) туралы;

5) науқастануына байланысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолданып немесе қолданбай жазадан босату (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 73-бабы) туралы;

6) шартты түрде соттауды жою немесе сынақ мерзімін ұзарту (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 64-бабы) туралы;

7) бас бостандығын шектеуге сотталған адам үшін бұрын белгіленген міндеттердің толық немесе ішінара күшін жою туралы (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 45-бабы);

8) соттың айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтіп кетуіне байланысты жазаны өтеуден босату (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 75-бабы) туралы;

9) басқа да орындалмаған үкімдер болған кезде, егер бұл уақыт бойынша соңғы үкімде шешілмесе, үкімді орындау (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 60-бабы) туралы;

10) қамауда ұсталған мерзімін, сондай-ақ емдеу мекемесінде болған уақытын есепке алу (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 62, 94, 95-баптары) туралы;

11) медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды ұзарту, өзгерту немесе тоқтату (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 93, 95-баптары) туралы;

12) кері күші бар қылмыстық заңның, сондай-ақ рақымшылық жасау актісінің шығуы себепті жазадан босату немесе жазаны жеңілдету (Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 5-бабы) туралы;

13) қылмыстық-атқару заңдарына сәйкес түзеу жұмыстарына сотталушының жалақысынан ұстау мөлшерін төмендету туралы;

14) үкімді орындау кезінде туындаған қандай да болсын күмән мен түсініксіздікті ұғындыру туралы;

15) сотталған адамның қайтыс болуына байланысты іс жүргізуді қысқарту туралы.

ҚІЖК-нің 452-бабына сәйкес үкімді орындауды кейінге қалдыру туралы, жазаның бір түрін екіншісіне ауыстыру (ҚІЖК-нің 453-бабының 1-тармағы) туралы, айыптау үкімінің ескіру мерзімінің өтіп кетуіне байланысты жазадан босату (ҚІЖК-нің 453-бабының 6-тармағы) туралы, басқа да атқарылмаған үкімдер болған кезде үкімді атқару (ҚІЖК-нің 453-бабының 7-тармағы) туралы, оның материалдық жағдайы нашарлаған жағдайда түзеу жұмыстарына сотталушының жалақысынан ұстау мөлшерін төмендету (ҚІЖК-нің 453-бабының 11-тармағы) туралы мәселелерді, сондай-ақ үкімнің орындалу кезінде туындаған күмән мен түсінбеушілікті (ҚІЖК-нің 453-бабының 12-тармағы) үкімді шығарған сот шешеді. Егер үкім үкімді шығарған соттың қызмет ету ауданынан тыс жерде орындалған болса, бұл мәселелерді атаулас сот, үкімнің орындалу ауданында атаулас сот болмаған жағдайда жоғары тұрған сот шешеді. Бұл жағдайда сот қаулысының көшірмесі үкім шығарған сотқа жіберіледі. Бас бостандығынан айыруға сотталған адамға тағайындалған түзеу мекемесінің түрін өзгерту (ҚІЖК-нің 453-бабының 2-тармағы) туралы, жазадан мерзімінен бұрын шартты түрде босату немесе жазаның өтелмеген бөлігін неғұрлым жеңіл түрімен ауыстыру (ҚІЖК-нің 453-бабының 3-тармағы) туралы, науқасына байланысты жазадан босату туралы (ҚІЖК-нің 453-бабының 4-тармағы), алдын ала қамауда немесе емдеу мекемесінде болған уақытын есепке алу (ҚІЖК-нің 453-бабының 8-тармағы) туралы, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды ұзарту, өзгерту немесе қысқарту туралы (ҚІЖК-нің 453-бабының 9-тармағы), сондай-ақ кері күші бар заңның шығуы себепті жазадан босату немесе жазаны жеңілдету (ҚІЖК-нің 453-бабының 10-тармағы) туралы мәселелерді сотталушының жазаны өтеу орны бойынша сот шешеді. Мерзімінен бұрын шартты түрде босату (ҚІЖК-нің 453-бабының 3-тармағы) туралы, шартты түрде соттауды жою туралы және ҚІЖК-нің 453-бабының 1-1 және 5-тармақтарында көзделген басқа да мәселелерді сотталушының тұрғылықты жері бойынша сот шешеді.

ҚІЖК 453-бабының 4-тармағында көзделген жағдайларда жазаны өтеуден босату кезінде медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды үш судья құрамындағы сот шешеді. Жазаны орындаумен байланысты барлық басқа мәселелерді сот отырысында судья жеке дара шешеді. Үкімді орындаумен байланысты мәселелерді жазаны орындайтын органның ұсынуы бойынша бір айлық мерзімде сот қарайды, не кәмелетке толмаған адамның түзелуін қамтамасыз етуші мамандандырылған мемлекеттік органның ұсынуы бойынша сот шешеді. Сот отырысына өздерінің ұсынуы бойынша іс қаралатын органдар мен ұйымдардың өкілдері шақырылады. ҚІЖК 452-бабында, 453-бабының 4, 6, 7, 10, 11 және 12-тармақтарында көрсетілген жағдайларда, соттың мәселені қарауына сотталушының өтініші негіз болуы мүмкін. ҚІЖК 453-бабының 1, 2, 3, 5, 6, 7, 10 және 11-тармақтарында көзделген жағдайларда сот отырысына өзіне қатысты іс қаралатын сотталушының қатысуы міндетті. Сотталушы сотқа ұсынылған материалдармен танысуға,

оларды қарауға қатысуға, өтінішін мәлімдеуге немесе бас тартуға, түсініктер беруге, дәлелдемелер ұсынуға құқылы. Сотталушы өзінің құқықтарын қорғаушының көмегімен жүзеге асыра алады. Сот кәметке толмағандарға қатысты, сондай-ақ өздерінің құқығын қорғауды өз бетінше жүзеге асыру мүмкіндігінен айыратын дене және психикалық кемістіктерден зардап шегушілерге, сонымен бірге іс бойынша іс жүргізілетін тілді білмейтін адамдарға да үкімді орындауға байланысты мәселелерді сот қараған кезде қорғаушының қатысуы міндетті.

Науқастануына байланысты сотталушыны босату туралы не оны емдеу мекемесіне орналастыру туралы мәселені қараған кезде қорытынды берген дәрігерлер комиссиясы өкілінің қатысуы міндетті. Жазаны өтеуден шартты түрде мерзімінен бұрын босату туралы мәселені қарау кезінде жәбірленушінің не оның өкілінің пікірі ескеріледі. Сот алда тұрған сот отырысы туралы жәбірленушіні не оның өкілін почта арқылы тапсырыс хатпен хабардар етеді. Жәбірленушінің не оның өкілінің сотқа жеке өздерінің қатысуы мүмкін болмаған жағдайда сотта жазбаша арыздар мен өтінішхаттар қаралуы мүмкін. Жәбірленуші не оның өкілі тиісінше хабардар етілген және оның тарапынан қандай да бір жазбаша арыздар мен өтінішхаттар болмаған жағдайда, сондай-ақ мемлекет мүдделеріне залал келтірілген жағдайда жәбірленушінің немесе мемлекеттің құқықтарын сақтау туралы мәселе бойынша міндетті түрде прокурордың қорытындысы талап етіледі. Егер мәселе үкімді орындаудың азаматтық талап бөлігіне қатысты болса, сот отырысына сондай-ақ азаматтық талапкер немесе оның өкілі шақырылады. Аталған адамдардың келмеуі істі қарауға кедергі болмайды. Сот мәжілісіне прокурор қатысып отырады. Істі қарау ұсынуы бойынша іс қаралып отырған органның өкілінің баяндамасымен не өтініш иесінің түсінік беруімен басталады. Бұдан соң ұсынылған материалдар зерттеледі, сот отырысына келген адамдардың түсініктері, прокурордың пікірі тыңдалады, бұдан соң судья қаулы шығарады. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 77-бабына сәйкес соттылығын алып тастау туралы мәселені жазасын өтеген адамның өтініші бойынша тұрғылықты жеріндегі сот шешеді. Сот отырысына өзіне қатысты соттылықты алып тастау туралы өтініші қаралатын адамның қатысуы міндетті. Қарау өтініш білдірген адамның түсінігін тыңдаумен басталады, бұдан соң ұсынылған материалдар зерттеледі және шақырылған адамдардың сөзі тыңдалады. Соттылықты алып тастаудан бас тартылған жағдайда бұл туралы сот алдында қайталап өтініш беру бас тарту туралы қаулы шығарылған күннен бастап бір жылдан ерте қозғалмайды.

## **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

### **Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:**

#### **Негізгі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды. ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1996. - №4. – 217 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №№ 15-I, 15-II, 88-күжат;
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1 (2578), 4-күжат;
4. Прокуратура туралы ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №12. – 184 б.;
5. «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР-ның 1997 жылғы 5 желтоқсандағы, №195-1 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №22. – 328 б.
6. Қазақстан Републикасының 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» № 154-X111 Заңы //ҚР-ның Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994. - № 13-14.

### **Қосымша:**

1. Адам құқықтарының жалпылама декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 10 желтоқсан 1948 ж. бекітілген. //Ваше право. 5.12.1997.
2. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 16 желтоқсан 1966 ж. бекітілген.// Международная защита прав и свобод человека: Сборник документов. - М.: Юрид.лит., 1990.
3. ҚР-ның Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы, №3 Нормативтік қаулысы // ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2001. - №6. – 7-11 б.;
4. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 5 шілдедегі, №72-11 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы, 2000. - №10. – 241-бап.;
5. «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот практикасы туралы» ҚР-ның Жоғарғы сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі, № 8 Нормативтік қаулысы //ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. – №7. – 8-14 бет.;
6. «Қорғалуға құқықты реттеуші қылмыстық-процессуалдық заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР-ның Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы, №26 Нормативтік қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2002. - №12. – 6-10 б.
7. ҚР-ның Жоғарғы Сотының Пленумының «Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі, №7 қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. - №7. – 3-7 б.

### **Ұсынылатын оқулықтар мен арнайы ғылыми әдебиеттер:**

#### **Негізгі:**

1. Ольшевская Н. Уголовно-процессуальное право: Конспект лекций М. : АСТ, 2010 г. — 146 с.
2. Уголовный процесс: учебник / А. В. Смирнов, К. Б. Калиновский; под общ. ред. А. В. Смирнова. 5-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. 768 с.
3. Уголовно-процессуальное право. Учебник. Углубленный курс. Под общей ред. проф. Лебедева В.М. М.: Юрайт, 2013. – 2016 с.
4. Уголовно-процессуальное право РК. Движение уголовного дела. Учебник /Под ред. д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н. Касимова А.А. – Алматы: «Жеті Жарғы», - 2013.
5. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы, 2015. – 352 с.

#### **Қосымша:**

1. *Божьев В.П.* Конституционные принципы уголовного процесса / Уголовный процесс: учебник для вузов / под ред. Б.Б. Булатова, А.М. Баранова. М.: Юрайт; Высшее образование, 2010. - 606 с.
2. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
3. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде кассационной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
4. Апелляция, кассация, надзор: Новеллы ГПК РФ и УПК РФ. Первый опыт критического осмысления /колл.авторов под общей ред. Н.А.Колокова. – М.: Изд. «Юрист», 2011.
5. Берсугурова Л.Ш. Концептуальные проблемы пересмотра вступивших в законную силу судебных решений по уголовным делам. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 128 с.

**Дәріс №9. 10-БӨЛІМ. СОТТЫҢ ЗАҢДЫ КҮШІНЕ ЕНГЕН ШЕШІМДЕРІН ҚАЙТА ҚАРАУ ЖӨНІНДЕ ІС ЖҮРГІЗУ. 52-тарау. СОТ АКТІЛЕРІН ҚАЗАҚСТАН**

## РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ СОТЫНЫҢ СОТ ҚАДАҒАЛАУЫ ТӘРТІБІМЕН ҚАЙТА ҚАРАУЫ

484-бап. Заңды күшіне енгеннен кейін сот қадағалауы тәртібімен қайта қаралуы мүмкін сот актілері. 485-бап. Заңды күшіне енген сот үкімдері мен қаулыларын сот қадағалауы тәртібімен қайта қарау негіздері 486-бап. Соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларын сот қадағалауы тәртібімен қайта қарау туралы өтінішхат беруге, соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларына наразылық білдіруге құқығы бар адамдар. 487-бап. Соттың заңды күшіне енген шешімдеріне сот қадағалауы тәртібімен шағым жасау мерзімдері 488-бап. Соттың заңды күшіне енген үкімін, қаулысын қайта қарау туралы өтінішхат, наразылық, ұсыну беру тәртібі 489-бап. Өтінішхаттарды, наразылықты, ұсынуды қарамай қайтару 490-бап. Заңды күшіне енген сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхатты алдын ала қарау 491-бап. Өтінішхатты алдын ала қарау нәтижелері бойынша қабылданатын қаулылар 492-бап. Қадағалау сатысының сот отырысын тағайындау 493-бап. Соттың үкімін, қаулысын орындауды тоқтата тұру 494-бап. Істі қадағалау сатысында қараудың тәртібі, қадағалау сатысындағы соттың шешімдері 495-бап. Қорғаушының қадағалау сатысындағы сотқа міндетті түрде қатысуының негіздері. 496-бап. Қадағалау сатысындағы сот қаулысының мазмұны. 497-бап. Істі соттың үкімі мен қаулысының күші жойылғаннан кейін қарау. 498-бап. Соттың істі жаңадан қарау кезінде шығарған үкімін және қаулысын қайта қарау туралы өтінішхат, наразылық келтіру. 53-тарау. ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУДІ ЖАҢАДАН АШЫЛҒАН МӘН-ЖАЙЛАР БОЙЫНША ҚАЙТА БАСТАУ

499-бап. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуді қайта бастаудың негіздері 500-бап. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қаралуға жататын қылмыстық істер бойынша сот шешімдері 501-бап. Іс жүргізуді қайта бастау мерзімдері 502-бап. Жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша іс жүргізуді қозғау тәртібі 503-бап. Прокурордың тексеру немесе тергеп-тексеру аяқталғаннан кейінгі әрекеттері 504-бап. Соттың іс бойынша іс жүргізуді жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау туралы өтінішхаттарды қарау тәртібі 505-бап. Сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтінішхатты қарау қорытындысы бойынша шығарылған соттың қаулысы 506-бап. Прокурордың сот актілерін жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта қарау туралы өтінішхатын қарау қорытындысы бойынша шығарылған сот қаулысы. 507-бап. Сот қаулысын қайта қарау және сот шешімдерінің күші жойылғаннан кейін іс жүргізу 508-бап. Істі жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша қайта бастау кезіндегі азаматтық талап қою

**Түйін сөздер:** қадағалау тәртібімен істі қайта қарау, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі қайта қарау

**Мақсаты:** студенттердің қылмыстық процесте заңды күшіне енген сот үкімдері мен қаулыларын сот қадағалауы тәртібімен қайта қарау негіздері бойынша мағлұмат алуын қамтамасыз ету.

Заңды күшіне енгеннен кейін:

- 1) бірінші сатыдағы соттардың үкімдері мен қаулылары;
- 2) апелляциялық және қадағалау қаулылары сот қадағалауы тәртібімен қайта қаралуы мүмкін.

Мемлекеттік және жеке айыптаушының айыптаудан бас тартуына байланысты соттардың ҚІЖК-нің 109, 110, 111-баптарында көзделген мәселелер бойынша істерді қосымша тергеу немесе жаңа сот қарауына жіберу туралы шығарған, заңды күшіне енген қаулылары сот қадағалауы тәртібімен қайта қарауға жатпайды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау сатысында ауыр емес қылмыстар туралы заңды күшіне енген үкімдері сот қадағалауы тәртібімен қайта қарауға жатпайды. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасының қаулылары қабылданған қаулы адамдардың өмірі, денсаулығы не Қазақстан Республикасының экономикасы мен қауіпсіздігі үшін

орны толмас ауыр салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін екені туралы деректердің анықталуына байланысты ерекше жағдайларда қайта қаралуы мүмкін.

Істі тергеу немесе сотта қарау кезінде азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзуға жол берілуі не заңды дұрыс қолданбаудан:

1) кінәсізді соттауға;

2) орташа ауыр қылмыс, ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасады деп айыпталған адамға қатысты ақтау үкімін негізсіз шығаруға немесе істі негізсіз қысқартуға;

3) жәбірленушіні сот арқылы қорғалу құқығынан айыруға;

4) сот тағайындаған жазаның қылмыстың ауырлығы мен сотталған адамның жеке басына сай келмеуіне ;

5) үкімді орындау тәртібімен заңсыз немесе негізсіз қаулы шығаруға әкеп соғуы заңды күшіне енген үкімдер мен қаулыларды қарауға негіз болып табылады.

Заңды күшіне енген сот актілері, егер:

1) сот актісі мемлекеттік немесе қоғамдық мүдделерді, мемлекет қауіпсіздігін қозғаса не адамдардың өмірі, денсаулығы үшін орны толмас ауыр салдарларға әкеп соқтыруы мүмкін болса;

2) адам өлім жазасына сотталған үкім апелляциялық қарау нысанасы болмаса, қайта қаралады.

3. Өлім жазасы туралы заңды күшіне енген үкімдер де өлім жазасын орындауға мораторийдің күші жойылғаннан кейін қайта қаралуы мүмкін.

Заңды күшіне енген үкімдер мен қаулыларға істерді қадағалау тәртібімен қайта қарауға өкілетті сотқа тікелей апелляциялық шағым беруге құқығы бар процеске қатысушылар шағым жасауы мүмкін. Заңды күшіне енген үкімдер мен қаулыларға:

1) Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры - облыстық және оған теңестірілген соттың қадағалау алқасына және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қадағалау алқасына;

2) Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасарлары - облыстық және оған теңестірілген соттың қадағалау алқасына ;

3) облыс прокурорлары мен оларға теңестірілген прокурорлар - облыстық және оған теңестірілген соттың қадағалау алқасына наразылық келтіруге құқылы.

Наразылық осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген адамдардың өз бастамасы бойынша да, осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген процеске қатысушылардың өтініші бойынша да білдірілуі мүмкін. Шағымды, наразылықты іс қадағалау сатысында қаралғанға дейін оны берген адам кері қайтарып алуы, наразылықты сондай-ақ жоғары тұрған прокурор кері қайтарып алуы мүмкін. ҚІЖК-нің 463-465-баптарында көзделген ережелер прокурордың наразылықтарына қолданылмайды және тікелей қадағалау сатысында қаралады. Бұл ретте қадағалау алқасы ҚІЖК-нің 459-бабында көзделген қадағалау тәртібімен істі қайта қарау негіздерінің бар-жоғы туралы мәселені шешеді, содан кейін прокурор наразылығын мәні бойынша қарайды. Аталған негіздер болмаған кезде қадағалау алқасы істі сот қадағалауы тәртібімен қайта қараудан бас тарту туралы қаулы шығарады.

Сотталушының кінәсіздігі себептері бойынша, сондай-ақ неғұрлым жеңіл қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігіне, жазаның қатаңдығына байланысты немесе сотталушының жағдайын жақсартатын өзге де негіздер бойынша айыптау үкімін қадағалау тәртібімен қайта қарау мерзіммен шектелмейді.

Неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігі, жазаның жұмсақтығы себептері бойынша немесе сотталушының жағдайын нашарлататын өзге де негіздер бойынша істі қысқарту туралы соттың қаулысына, айыптау үкіміне, сондай-ақ ақтау үкіміне не істі қысқарту туралы соттың қаулысына шағым жасауға, наразылық білдіруге олар заңды күшіне енгеннен кейін алты ай ішінде жол беріледі.

Қадағалау шағымы, наразылығы оларды қайта қарауды жүзеге асыруға өкілетті сотқа жазбаша түрде беріледі. Шағымда, наразылықта іс жүргізу кезінде ҚІЖК-нің 459-

бабында аталған қандай жолсыздықтарға орын берілгені және осы жолсыздықтардың шығарылған сот шешімдерінде қалай көрініс тапқаны көрсетілуі тиіс. Шағымға, наразылыққа шағым жасалып отырған сот шешімдерінің көшірмелері және шағымның, наразылықтың дәлелдерінің негізділігін қуаттайтын өзге де материалдар қоса берілуі тиіс. Егер шағым, наразылық қадағалау тәртібімен істі қайта қарауға өкілеттігі жоқ сотқа келіп түссе, ол оны осы шағым, қарсылық қаралуға жататын сотқа беруге тиіс. Заңды күшіне енген сот шешімдеріне шағым берілуі, наразылық келтірілуі олардың орындалуын кідіртпейді, бұған ҚІЖК-нің 466-бабында көзделген жағдайлар кірмейді.

Қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы мынадай негіздер бойынша:

1) қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы ҚІЖК-нің 462-бабының талаптарына сай келмесе;

2) заңды күшіне енген осы сот актісіне қадағалау шағымын немесе прокурор наразылығын ҚІЖК-нің 460-бабына сәйкес шағым жасауға құқығы жоқ адамдар берсе;

3) қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы ҚІЖК-нің 461-бабының екінші бөлігінде көрсетілген мерзім өткеннен кейін берілсе;

4) қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы оларды мәні бойынша қарағанға дейін кері қайтарып алынса;

5) қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы қадағалау сатысына ҚІЖК-нің 291, 292-баптарында белгіленген соттылық тәртібін бұза отырып берілсе;

6) қадағалау шағымы немесе прокурор наразылығы ҚІЖК-нің 458-бабына сәйкес сот қадағалауы тәртібімен қайта қарауға жатпайтын сот актілеріне берілсе, олар берген адамдарға қайтарылуға тиіс.

Қадағалау шағымын немесе прокурор наразылығын қайтаруға негіз болған кемшіліктер жойылған жағдайда оларды жалпы негізде қайта беруге болады.

Сот актісін қадағалау тәртібімен қайта қарау туралы қадағалау шағымы облыстық және оған теңестірілген сот төрағасының, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының тапсырмасы бойынша тиісті қадағалау алқасының үш судьясынан құралған сотта алдын ала зерделенеді және қаралады. Қажет болған жағдайда қылмыстық іс сұратылуы мүмкін. Қадағалау шағымы келіп түскен күннен бастап бір айдың ішінде, ал іс сұратылған жағдайда - іс келіп түскен күннен бастап бір айдың ішінде қаралады. Қадағалау шағымының алдын ала қаралатын күні туралы шағым берген адамға хабарланады, алайда оның келмеуі іс бойынша сот қадағалауы тәртібімен іс жүргізуді қозғау негізі бар немесе жоқ екендігі туралы мәселені шешуге кедергі болмайды.

Сот қадағалау шағымын алдын ала қараудың нәтижелері бойынша:

1) шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғау және қадағалау шағымын қылмыстық істі сұрата отырып қадағалау сатысында қарау туралы;

2) шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғаудан бас тарту туралы;

3) қадағалау шағымын қайтару туралы қаулы шығарады.

Соттың қадағалау шағымын алдын ала қарау нәтижелері бойынша шығарған қаулысында:

1) қаулының шығарылған күні мен орны;

2) қадағалау шағымын қараған және қаулы шығарған тиісті сот судьяларының тегі мен аты-жөні;

3) дау туғызған сот актісін көрсете отырып қаулы шығарылған іс;

4) қадағалау шағымын берген адам;

5) қадағалау шағымында келтірілген дәлелдер;

6) шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғаудың немесе одан бас тартудың не қадағалау шағымын оларды берген адамдарға қайтарудың негіздері;

7) осы баптың бірінші бөлігінде көрсетілген шешімдердің бірі көрсетілуге тиіс.



Қадағалау шағымын алдын ала қараудың нәтижелері бойынша шығарылған қаулының көшірмесі қадағалау шағымын берген адамға жіберіледі.

Қадағалау сатысы шағым берілген сот актісін қайта қарау бойынша қадағалау іс жүргізуін қозғау туралы соттың қаулысын алғаннан кейін тараптарға қадағалау шағымының көшірмесін, сот отырысын өткізу күнін, уақытын, орнын көрсете отырып, істің қадағалау сатысында қаралуы туралы хабарлама жібереді. Қадағалау сатысындағы іс қадағалау іс жүргізуін қозғау туралы қаулымен бірге іс қадағалау сатысына берілген не прокурор наразылығы келіп түскен күннен бастап бір айдың ішінде қаралуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы, Бас Прокуроры істі сұратып алумен бір мезгілде сот үкімінің, қаулысының орындалуын қадағалау тәртібімен тексеру үшін үш айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға құқылы.

Қадағалау сатысының сот отырысы төрағалық етушінің қандай сот шешімі және кімнің шағымы (наразылығы) бойынша қайта қаралып жатқаны, сот құрамына кімдердің енетіні және сот отырысы залында іс жүргізуге қатысушылардың қайсысы келіп отырғаны туралы хабарламасымен ашылады. Істі қараудың уақыты және орны туралы тиісінше хабардар етілген шағым (наразылық) берген адамның болмауы сот отырысын жалғастыру мүмкіндігін теріске шығармайды. Прокурордың қадағалау сатысының сот отырысына қатысуы міндетті.

Мәлімделген наразылықтар мен өтініштер шешілгеннен кейін сот тыңдауды жалғастыру туралы не оны кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды. Сот істі тыңдауды жалғастыру туралы шешім қабылдаған кезде төрағалық етуші қадағалау шағымын (наразылығын) берген процеске қатысушыға сөз береді. Егер мұндай қатысушылар бірнешеу болса, онда олар өздері ұсынған сөз сөйлеу кезектілігін соттың назарына салады. Егер олар өзара келісімге келе алмаса, онда сөз сөйлеу кезегін сот белгілейді. Шағым (наразылық) беруші адам, өз пікірі бойынша, шағым жасап отырған шешімнің заңсыз, негізсіз, әділетсіз болып табылатыны туралы дәйектері мен дәлелдемелерін айтып береді. Онан соң төрағалық етуші процестің өзге қатысушыларына сөз береді. Егер шағымды қорғанушы тарап берген болса, онда алғашқы сөзді оның өкілдері болып табылатын процеске қатысушылар алады. Олардың сөз сөйлеу тәртібі өздерінің қол жеткізген уағдаластыққа сәйкес ондай уағдаластық болмаған жағдайда соттың шешімімен белгіленеді.

Егер шағымды (наразылықты) айыптаушы тарап берген болса, онда оның өкілдері бірінші болып сөз алады, онан кейін төрағалық етуші сөзді процестің басқа қатысушыларына береді.

Істі қадағалау тәртібімен қараудың нәтижесінде сот ҚІЖК 370 және 373-баптарының талаптарын сақтай отырып кеңесу бөлмесінде мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) шағымды (наразылықты) қанағаттандырусыз қалдырады не істі сот қадағалауы тәртібімен қайта қараудан бас тарту туралы қаулы шығарады;
- 2) апелляциялық және қадағалау сатыларының үкімі мен қаулысын өзгертеді;
- 3) үкімнің және барлық бұдан кейінгі шешімдердің күшін жояды және істі жаңадан сот қарауына жібереді;
- 4) үкімнің және кейінгі барлық қаулылардың күшін жояды және істі қысқартады;
- 5) соттың үкімін өзгертіп немесе оны өзгеріссіз қалдыра отырып апелляциялық және қадағалау тәртібімен шығарылған қаулылардың күшін жояды;
- 6) апелляциялық сатыдағы соттың үкімі мен қаулысын өзгеріссіз қалдыра отырып қадағалау сатысы шешімдерінің күшін жояды.

Істі қадағалау тәртібімен қарау кезінде үкімнің күшін жоюға немесе оны өзгертуге ҚІЖК 412-бабында көрсетілген мән-жайлар негіз болып табылады.

Бірінші, апелляциялық және қадағалау сатыларындағы соттардың қаулылары, егер осы қаулымен бірінші сатыдағы сот заңсыз және негізсіз шешім қабылдаған не алдыңғы қаулыларды немесе іс бойынша үкімнің жоғарыда тұрған сот заңсыз және негізсіз күшін жойған немесе өзгерткен деп танылса, не егер істі жоғары тұрған сотта қаралуы кезінде

қабылданатын шешімнің дұрыстығына әсер еткен немесе әсер етуі мүмкін болған заңды елеулі бұзуға жол берілсе, күші жойылуға немесе өзгертілуге жатады. Егер қадағалау тәртібімен істі қарау кезінде істі заңсыз қысқартуға немесе сотталушыға жазаны жұмсартуға жол берілген болса, жоғары тұрған қадағалау сатысы төмен тұрған қадағалау сатысы қаулысының күшін жоюға және бірінші сатыдағы соттың үкімін, апелляциялық қаулысын өзгертіп немесе өзгеріссіз күшінде қалдыруға құқылы. Істі қадағалау тәртібімен қарайтын сот сотталғанға тағайындалған жазаны жеңілдете алады немесе онша ауыр емес қылмыс туралы заңды қолдана алады. Сот сондай-ақ, егер прокурордың наразылығында немесе жәбірленуші мен оның өкілінің шағымында көрсетілсе, сотталғанға тағылған айып шегінен шықпай неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдануы не жазаны күшейтуі мүмкін. Қадағалау сатысындағы соттың сот талқылауының нысанасы болмаған фактілерді анықтауға немесе дәлелденген деп есептеуге құқығы жоқ. Іс жаңадан қарауға жіберілген жағдайда қадағалау сатысындағы сот айыптаудың дәлелденгені немесе дәлелденбегені туралы, қандай да болмасын дәлелдердің ақиқаттығы немесе ақиқат еместігі туралы және бір дәлелдердің екіншілерінен артықшылығы туралы, бірінші сатыдағы соттың қандай да болмасын қылмыстық заңды қолдану туралы және жаза шарасы туралы мәселелерді шешуге, сондай-ақ сот жасауы мүмкін қорытындыларды шешуге құқылы емес. Істі қарайтын сот қадағалау шағымдарын берген адамдарға қатысты да, сондай-ақ олардың жағдайларын нашарлатпау шартымен іс бойынша барлық сотталғандарға қатысты да сот үкімінің заңдылығын, негізділігін және әділдігін толық көлемінде тексереді. Сот жағдайды нашарлататын шешімді тек прокурордың наразылығында немесе жәбірленуші мен оның өкілінің шағымында көрсетілген сотталғандарға қатысты ғана қабылдауға құқылы. Сот сотталғанның жағдайын оның қадағалау шағымы бойынша нашарлатуға құқылы емес.

Қадағалау сатысындағы соттың қаулысы осы Кодексте апелляциялық қаулы үшін белгіленген талаптарға сәйкес келуі тиіс. Қадағалау сатысындағы соттың қаулысына іс бойынша шешім қабылдаған барлық судьялар қол қояды.

Қадағалау тәртібімен сот үкімінің немесе қаулысының күші жойылған соң іс жалпы тәртіппен қаралуға жатады. Істі тиісінше бірінші, апелляциялық қадағалау сатысындағы сот қараған кезінде жазаны күшейтуге немесе мейлінше ауыр қылмыс туралы заңды қолдануға, егер алғашқы үкімнің немесе қаулының қадағалау тәртібімен жазаның жұмсақтығына орай немесе неғұрлым ауыр қылмыс туралы заңды қолдану қажеттігіне байланысты күші жойылған, сондай-ақ егер үкімнің күші жойылған соң істі жаңадан тексеру кезінде айыпталушының басқа да неғұрлым ауыр қылмыстар жасағандығын айғақтайтын жағдаяттар анықталатын жағдайда ғана жол беріледі. Бірінші сатыдағы соттың шығарған үкіміне істі жаңадан талқылау кезінде шағым жасалуы және жалпы тәртіппен наразылық білдірілуі мүмкін.

Апелляциялық тәртіппен немесе қадағалау тәртібімен бұрынғы үкім мен қаулының күші жойылуына байланысты шығарылған қайталама үкімге немесе қаулыға шағым, наразылық соттың бірінші үкімінің немесе қаулысының күшінің жойылу себептеріне қарамастан жалпы негіздерде мәлімделуі (енгізілуі) мүмкін.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:

#### Негізгі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды. ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1996. - №4. – 217 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №№ 15-I, 15-II, 88-құжат;
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1 (2578), 4-құжат;
4. Прокуратура туралы ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №12. – 184 б.;
5. «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР-ның 1997 жылғы 5 желтоқсандағы, №195-1 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №22. – 328 б.
6. Қазақстан Републикасының 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» № 154-X111 Заңы //ҚР-ның Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994. - № 13-14.

#### Қосымша:

1. Адам құқықтарының жалпылама декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 10 желтоқсан 1948 ж. бекітілген. //Ваше право. 5.12.1997.
2. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 16 желтоқсан 1966 ж. бекітілген.// Международная защита прав и свобод человека: Сборник документов. - М.: Юрид.лит., 1990.
3. ҚР-ның Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы, №3 Нормативтік қаулысы // ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2001. - №6. – 7-11 б.;
4. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 5 шілдедегі, №72-11 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы, 2000. - №10. – 241-бап.;
5. «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот практикасы туралы» ҚР-ның Жоғарғы сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі, № 8 Нормативтік қаулысы //ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. – №7. – 8-14 бет.;
6. «Қорғалуға құқықты реттеуші қылмыстық-процессуалдық заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР-ның Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы, №26 Нормативтік қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2002. - №12. – 6-10 б.
7. ҚР-ның Жоғарғы Сотының Пленумының «Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі, №7 қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. - №7. – 3-7 б.

### Ұсынылатын оқулықтар мен арнайы ғылыми әдебиеттер:

#### Негізгі:

1. Ольшевская Н. Уголовно-процессуальное право: Конспект лекций М. : АСТ, 2010 г. — 146 с.
2. Уголовный процесс: учебник / А. В. Смирнов, К. Б. Калиновский; под общ. ред. А. В. Смирнова. 5-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. 768 с.
3. Уголовно-процессуальное право. Учебник. Углубленный курс. Под общей ред. проф. Лебедева В.М. М.: Юрайт, 2013. – 2016 с.
4. Уголовно-процессуальное право РК. Движение уголовного дела. Учебник /Под ред. д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н. Касимова А.А. – Алматы: «Жеті Жарғы», - 2013.

5. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. – 352 с.

**Қосымша:**

1. *Божьев В.П.* Конституционные принципы уголовного процесса / Уголовный процесс: учебник для вузов / под ред. Б.Б. Булатова, А.М. Баранова. М.: Юрайт; Высшее образование, 2010. - 606 с.
2. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
3. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде кассационной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
4. Апелляция, кассация, надзор: Новеллы ГПК РФ и УПК РФ. Первый опыт критического осмысления /колл.авторов под общей ред. Н.А.Колокова. – М.: Изд. «Юрист», 2011.
5. Берсугурова Л.Ш. Концептуальные проблемы пересмотра вступивших в законную силу судебных решений по уголовным делам. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 128 с.

**Дәріс №10. ЕРЕКШЕ ІС ЖҮРГІЗУ. 54-тарау. ЕСІ ДҰРЫС ЕМЕС АДАМДАРҒА МЕДИЦИНАЛЫҚ СИПАТТАҒЫ МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ТУРАЛЫ ІСТЕР БОЙЫНША СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ**

509-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша іс жүргізу үшін негіздер. 510-бап. Дәлелденуге жататын мән-жайлар. 511-бап. Қауіпсіздік шаралары 512-бап. Туыстарының, қорғаншыларының, қамқоршыларының қарауда ұстауына беру. 513-бап. Мамандандырылған медициналық ұйымға орналастыру 514-бап. Қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін психикасының бұзылуымен ауырған адамға қатысты істі бөліп шығару. 515-бап. Өзіне қатысты медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы іс жүргізілетін адамның құқықтары 516-бап. Заңды өкілдің қатысуы. 517-бап. Қорғаушының қатысуы. 518-бап. Алдын ала тергеудің аяқталуы. 519-бап. Сотта іс жүргізу 520-бап. Іс бойынша шешім қабылдау кезінде сот шешетін мәселелер 521-бап. Соттың қаулысы 522-бап. Соттың қаулысына шағым жасау және наразылық білдіру 523-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдануды тоқтату, өзгерту және ұзарту 524-бап. Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасы қолданылған адамға қатысты қылмыстық істі қайта бастау. 55-тарау. ҚЫЛМЫСТЫҚ ТЕРІС ҚЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ ІСТЕР БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. 525-бап. Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі. 526-бап. Сотқа дейінгі тергеп-тексерудің хаттамалық нысаны. 527-бап. Хаттама жасау тәртібі 528-бап. Хаттаманы сотқа жіберу тәртібі 529-бап. Қылмыстық теріс қылықтар туралы істі сотта қараудың тәртібі мен мерзімдері. 56-тарау. КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫ ТУРАЛЫ ІСТЕР БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ. 530-бап. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі 531-бап. Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша анықталуға жататын мән-жайлар 532-бап. Кәмелетке толмағандардың істері бойынша жариялылықты шектеу 533-бап. Кәмелетке толмаған адам туралы істі жеке іс жүргізуге бөліп шығару 534-бап. Кәмелетке толмаған күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны шақыру тәртібі 535-бап. Кәмелетке толмаған күдіктіден, айыпталушыдан, сотталушыдан жауап алу 536-бап. Қорғаушының қатысуы 537-бап. Кәмелетке толмаған күдіктінің, айыпталушының заңды өкілінің сотқа дейінгі іс жүргізуге қатысуы. 538-бап. Педагог пен психологтің қатысуы. 539-бап. Кәмелетке толмаған адамға кешенді психологиялық-психиатриялық және психологиялық сараптама жасау 540-бап. Кәмелетке толмаған адамды бала құқықтарын қорғау жөніндегі

функцияларды заңға сәйкес жүзеге асыратын ұйымға орналастыру немесе патронатқа беру 541-бап. Кәмелетке толмағандарды ұстап алу және оларға бұлтартпау шараларын қолдану. 542-бап. Сотта кәмелетке толмаған адамға қатысты істі қарау ерекшеліктері 543-бап. Кәмелетке толмаған сотталушыны сот отырысының залынан шығарып жіберу. 544-бап. Кәмелетке толмаған адамның ісі бойынша үкім шығару кезінде сот шешетін мәселелер. 545-бап. Мәжбүрлеп тәрбиелік ықпал ету шараларын қолдана отырып, кәмелетке толмаған адамды жазадан босату

**Түйін сөздер:** Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша іс жүргізу үшін негіздер, қылмыстық теріс қылықтар, кәмелетке толмаған күдікті, айыпталушы

**Мақсаты:** студенттердің қылмыстық процесте медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша іс жүргізу, қылмыстық теріс қылықтар, кәмелетке толмаған күдікті, айыпталушы бойынша мағлұмат алуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 93-бабында көрсетілген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөнінде іс жүргізу қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті жасаған соң жаза тағайындау немесе оны орындау мүмкін болмайтын дәрежеде психикасы бұзылып ауырған адамдарға қатысты істер бойынша жүзеге асырылады.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары психикасының дертті бұзылулары өзіне немесе басқа адамдарға қауіп төндірумен не өзге де елеулі зиян келтіру мүмкіндігімен байланысты болған жағдайда ғана тағайындалады.

Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы істер бойынша іс жүргізу осы Кодекстің жалпы қағидаларымен және осы тараудың ережелерімен айқындалады.

Осы Кодекстің 509-бабының бірінші бөлігінде көрсетілген адамдарға қатысты істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу міндетті.

Алдын ала тергеу жүргізу кезінде мынадай мән-жайлар анықталуға тиіс:

- 1) жасалған іс-әрекеттің уақыты, орны, тәсілі мен басқа да мән-жайлары;
- 2) осы адамның қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті жасағаны;
- 3) іс-әрекетпен келтірілген залалдың сипаты мен мөлшері;
- 4) қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті жасаған адамның оны жасағанға дейінгі, сондай-ақ одан кейінгі мінез-құлқы;
- 5) осы адамда бұдан бұрын психикасының бұзылуы болған-болмағаны, қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті жасау кезінде немесе істі қарау кезінде психикалық ауыру дәрежесі мен сипаты.

Қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті жасаған және психикалық аурулардан зардап шегетін адамдарға бұлтартпау шараларын қолдануға болмайды.

Осы адамдарға қажет болған жағдайда мынадай қауіпсіздік шаралары қолданылады:

- 1) денсаулық сақтау органдарын хабардар ете отырып, ауруды туыстарының, қорғаншыларының, қамқоршыларының қарауына беру;
- 2) психиатриялық көмек көрсететін арнаулы медициналық ұйымға орналастыру.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган психикалық ауру фактісін анықтаған кезден бастап осы адамға бұрын таңдалған бұлтартпау шарасын қолданудың күшін жояды және оған қауіпсіздік шараларын қолдану туралы қаулы шығарады.

Егер ауырған адам өзі және айналасындағылар үшін қауіп төндірмесе, ол денсаулық сақтау органдарын хабардар ете отырып, туыстарының, қорғаншыларының, қамқоршыларының келісімі бойынша олардың қарауда ұстауына берілуі мүмкін.

Осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген адамдар ауырған адамды қарауда ұстауды жүзеге асырудан бас тартқан кезде не осы Кодекстің 513-бабында көзделген жағдайларда, ауырған адамға қатысты медициналық ұйымға орналастыру түрінде қауіпсіздік шарасы қолданылуы мүмкін.

Істі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын органның адамға қауіпсіздік шараларын қолдану қажеттігіне байланысты адамды медициналық ұйымға орналастыру туралы прокурормен келісілген өтінішхатын шешім қабылдайтын тергеу судьясы қарайды.

Тергеу судьясы ауру сипатын, адамның өзі немесе айналасындағы адамдар үшін қауіптілігін, сарапшы-психиатрдың ұсынымдарын ескере отырып, шешім қабылдайды және өтінішхатты қанағаттандырған кезде қаулыда өзіне қатысты осы қауіпсіздік шарасы қолданылған адам орналастырылатын, психиатриялық көмек көрсететін медициналық ұйымның түрін, сондай-ақ бұрын қолданылған бұлтартпау шарасының күшін жою туралы көрсетеді.

Медициналық ұйымға орналастыру түріндегі қауіпсіздік шарасы бүкіл сотқа дейінгі іс жүргізу бойында, бірақ бір айдан аспай сақталады, содан соң оны қолдану мерзімін тергеу судьясы прокурордың өтінішхаты бойынша бір айдан аспайтын мерзімге ұзартуы мүмкін не оның күшін жоюы мүмкін. Сот талқылауы барысында осы қауіпсіздік шарасы соттың қылмыстық істі қарау бойынша шығарылған, медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы қаулысы заңды күшіне енгенге дейін сақталады.

Егер сот қылмыстық ісі қаралып жатқан адамға қатысты істі қарау кезінде адамды медициналық ұйымға орналастыру түрінде медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы қаулы етсе, адам көрсетілген ұйымға түскен бойда қауіпсіздік шарасының күші жойылады. Егер сот тұрғылықты жері бойынша психиатрдың байқауында болу түрінде медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолдану туралы не медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шарасын қолданбау туралы қаулы шығарса, ол сонымен бір мезгілде қауіпсіздік шарасының күшін жояды. Медициналық ұйымда жатқан адам осы қауіпсіздік шарасының күші жойылған кезде стационардан дереу шығарылады.

Қылмыстық теріс қылықтар туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі осы тарауда белгіленген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Кодекстің жалпы қағидаларында айқындалады.

Егер күдікті белгіленсе, анықтау органы оған қатысты дереу қылмыстық теріс қылық туралы хаттама жасайды. Адамның өзі болмаған кезде хаттама оны нақты белгілеген кезден бастап жауаптылыққа тартудың ескіру мерзімі шегінде жасалуы мүмкін.

Қылмыстық теріс қылықтың мән-жайларын, оны жасаған адам, оның тұрған жері туралы деректерді анықтау қажет болған кезде, қылмыстық теріс қылық туралы хаттама үш тәулікке дейінгі мерзімде жасалады.

Сараптама жүргізу немесе маманның қорытындысын алу талап етілетін жағдайда, қылмыстық теріс қылық туралы хаттама тиісті қорытынды алынған кезден бастап бір тәулік ішінде жасалады.

Арасында қылмыстардан басқа, қылмыстық теріс қылық не қылмыстық теріс қылықтар бар бірнеше қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысты қылмыстық іс бойынша іс жүргізу анықтау не алдын ала тергеу нысанында жүзеге асырылады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі осы Кодексте белгіленген жалпы қағидалармен, сондай-ақ осы тараудың баптарымен айқындалады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бойынша іс жүргізу тәртібі:

1) осы адамның бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықтары туралы істер бір іс жүргізуге біріктіріліп, олардың бір бөлігі он сегіз жасқа толғаннан кейін жасалған болса;

2) күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам сот ісін жүргізу кезінде кәмелетке толған жағдайларда қолданылмайды.

Кәмелетке толмағандардың істері бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру және сот талқылауын жүргізу кезінде, осы Кодекстің 113-бабында көзделген, дәлелденуге жататын мән-жайлардан басқа:

- 1) кәмелетке толмаған адамның жасы (туған күні, айы, жылы);
- 2) кәмелетке толмаған адамның өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары;

- 3) зияткерлік, ерік-жігерінің және психикалық даму дәрежесі, мінезі мен темпераментінің ерекшеліктері, қажеттіліктері мен мүдделері;  
4) кәмелетке толмаған адамға ересек адамдар мен басқа да кәмелетке толмағандардың ықпалы анықталуға жатады.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

#### **Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:**

##### **Негізгі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды. ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1996. - №4. – 217 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №№ 15-I, 15-II, 88-құжат;
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1 (2578), 4-құжат;
4. Прокуратура туралы ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №12. – 184 б.;
5. «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР-ның 1997 жылғы 5 желтоқсандағы, №195-1 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №22. – 328 б.
6. Қазақстан Републикасының 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «Жедел-ізвестіру қызметі туралы» № 154-X111 Заңы //ҚР-ның Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994. - № 13-14.

##### **Қосымша:**

1. Адам құқықтарының жалпылама декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 10 желтоқсан 1948 ж. бекітілген. //Ваше право. 5.12.1997.
2. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 16 желтоқсан 1966 ж. бекітілген.// Международная защита прав и свобод человека: Сборник документов. - М.: Юрид.лит., 1990.
3. ҚР-ның Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы, №3 Нормативтік қаулысы // ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2001. - №6. – 7-11 б.;
4. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 5 шілдедегі, №72-11 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы, 2000. - №10. – 241-бап.;
5. «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот практикасы туралы» ҚР-ның Жоғарғы сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі, № 8 Нормативтік қаулысы //ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. – №7. – 8-14 бет.;
6. «Қорғалуға құқықты реттеуші қылмыстық-процессуалдық заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР-ның Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы, №26 Нормативтік қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2002. - №12. – 6-10 б.
7. ҚР-ның Жоғарғы Сотының Пленумының «Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі, №7 қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. - №7. – 3-7 б.

#### **Ұсынылатын оқулықтар мен арнайы ғылыми әдебиеттер:**

##### **Негізгі:**

1. Ольшевская Н. Уголовно-процессуальное право: Конспект лекций М. : АСТ, 2010 г. — 146 с.
2. Уголовный процесс: учебник / А. В. Смирнов, К. Б. Калиновский; под общ. ред. А. В. Смирнова. 5-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. 768 с.
3. Уголовно-процессуальное право. Учебник. Углубленный курс. Под общей ред. проф. Лебедева В.М. М.: Юрайт, 2013. – 2016 с.

4. Уголовно-процессуальное право РК. Движение уголовного дела. Учебник /Под ред. д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н. Касимова А.А. – Алматы: «Жеті Жарғы», - 2013.
5. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. – 352 с.

#### **Қосымша:**

1. *Божьев В.П.* Конституционные принципы уголовного процесса / Уголовный процесс: учебник для вузов / под ред. Б.Б. Булатова, А.М. Баранова. М.: Юрайт; Высшее образование, 2010. - 606 с.
2. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
3. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде кассационной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
4. Апелляция, кассация, надзор: Новеллы ГПК РФ и УПК РФ. Первый опыт критического осмысления /колл.авторов под общей ред. Н.А.Колокова. – М.: Изд. «Юрист», 2011.
5. Берсугурова Л.Ш. Концептуальные проблемы пересмотра вступивших в законную силу судебных решений по уголовным делам. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 128 с.

### **Дәріс №11. ЖЕКЕШЕ АЙЫПТАУ ІСТЕРІ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

407-бап. Жекеше айыптау істері бойынша іс жүргізу тәртібі. 408-бап. Жекеше айыптауды қозғау 409-бап. Судьяның жекеше айыптау ісі бойынша сот талқылауы басталғанға дейінгі әрекеттері 410-бап. Тараптардың бастамасы бойынша дәлелдемелерді ұсыну және жинау 411-бап. Жекеше айыптау ісін сот отырысында қарау 412-бап. Жекеше айыптау ісі бойынша соттың шешімі 413-бап. Жекеше айыптау ісі бойынша істі тоқтату

**Түйін сөздер:** жекеше айыптау істері, жекеше айыптауды қозғау, жекеше айыптау ісі бойынша соттың шешімі

**Мақсаты:** қылмыстық істер бойынша өндіріс жүргізу, қылмыстық ізге түсу органдары мен соттың қызметінің мазмұны мен нысандарын білу.

Жекеше айыптауды тұлға (бірнеше тұлға) сотқа, соттылық туралы қағидаларды сақтай отырып, адамды қылмыстық жауаптылыққа тарту туралы шағым беру арқылы қозғайды. Шағым анықтау органына, тергеушіге немесе прокурорға берілген кезде ол сотқа жіберілуге жатады.

Шағымда ол берілген соттың атауы, қылмыстық құқық бұзушылық оқиғасының сипаттамасы, дәлелдемелері көрсетіле отырып, оның жасалған орны мен уақыты, сотқа істі іс жүргізуге қабылдау туралы өтіну, қылмыстық жауаптылыққа тартылатын адам туралы мәліметтер; сотқа шақырылуы қажетті куәлардың тізімі қамтылуға тиіс. Шағымға оны берген адам қол қояды. Анонимді шағымдар іс жүргізуге қабылданбайды.

Егер шағымға талап арыз және талап қоюдың талаптарын растайтын қажетті материалдар қоса берілсе, шағымда азаматтық талап қоюды қарау туралы өтіну де қамтылуы мүмкін.

Шағым сотқа істің аумақтық тұрғыдағы соттылығына сәйкес, өздеріне қатысты жекеше айыптау ісі қозғалатын адамдардың санына қарай көшірмелерімен бірге беріледі.

Егер жекеше айыптауды бірнеше тұлға нақ бір адамға қатысты қозғаса, олар бір шағымды бірлесіп немесе әрқайсысы бір-бірінен тәуелсіз жеке түрде береді.

Сот шағымды өзінің іс жүргізуіне қабылдаған кезден бастап оны берген тұлға жекеше айыптаушы және жәбірленуші болып табылады және оған осы Кодекстің 72-бабында және 410-бабының үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген құқықтар түсіндірілуге тиіс, бұл туралы судья және шағым берген тұлға қолдарын қойған хаттама жасалады.



Егер нақ бір қылмыстық жазаланатын іс-әрекетке қатысты жекеше айыптауды қозғауға бірнеше тұлға құқықты болса және ол олардың біреуінің арызы бойынша қозғалған болса, қалған тұлғалар басталып кеткен іс жүргізуге қатысуға құқылы. Бұл жағдайда көрсетілген тұлғалардың әрқайсысының арызы бойынша өз алдына іс қозғау талап етілмейді.

Егер бұл іс жүргізу қозғалған қылмыстық жазаланатын іс-әрекеттің нысанасына байланысты болса, айыпталушы айыптаушыға қарсы айыптау білдіруге құқылы. Айыптау және қарсы айыптау бір мезгілде шешілуге тиіс. Айыптауды кері қайтарып алу қарсы айыптау бойынша іс жүргізуге әсер етпейді.

Егер жекеше айыптау бұрын кері қайтарып алынған болса, ол қайтадан қозғалмайды.

## **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

### **Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:**

#### **Негізгі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды. ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1996. - №4. – 217 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №№ 15-I, 15-II, 88-құжат;
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1 (2578), 4-құжат;
4. Прокуратура туралы ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №12. – 184 б.;
5. «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР-ның 1997 жылғы 5 желтоқсандағы, №195-1 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №22. – 328 б.
6. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» № 154-X111 Заңы //ҚР-ның Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994. - № 13-14.

#### **Қосымша:**

1. Адам құқықтарының жалпылама декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 10 желтоқсан 1948 ж. бекітілген. //Ваше право. 5.12.1997.
2. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 16 желтоқсан 1966 ж. бекітілген.// Международная защита прав и свобод человека: Сборник документов. - М.: Юрид.лит., 1990.
3. ҚР-ның Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы, №3 Нормативтік қаулысы // ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2001. - №6. – 7-11 б.;
4. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 5 шілдедегі, №72-11 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы, 2000. - №10. – 241-бап.;
5. «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот практикасы туралы» ҚР-ның Жоғарғы сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі, № 8 Нормативтік қаулысы //ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. – №7. – 8-14 бет.;
6. «Қорғалуға құқықты реттеуші қылмыстық-процессуалдық заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР-ның Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы, №26 Нормативтік қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2002. - №12. – 6-10 б.
7. ҚР-ның Жоғарғы Сотының Пленумының «Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі, №7 қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. - №7. – 3-7 б.

### **Ұсынылатын оқулықтар мен арнайы ғылыми әдебиеттер:**

#### **Негізгі:**

1. Ольшевская Н. Уголовно-процессуальное право: Конспект лекций М. : АСТ, 2010 г. — 146 с.
2. Уголовный процесс: учебник / А. В. Смирнов, К. Б. Калиновский; под общ. ред. А. В. Смирнова. 5-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. 768 с.
3. Уголовно-процессуальное право. Учебник. Углубленный курс. Под общей ред. проф. Лебедева В.М. М.: Юрайт, 2013. – 2016 с.
4. Уголовно-процессуальное право РК. Движение уголовного дела. Учебник /Под ред. д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н. Касимова А.А. – Алматы: «Жеті Жарғы», - 2013.
5. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы, 2015. – 352 с.

#### **Қосымша:**

1. *Божьев В.П.* Конституционные принципы уголовного процесса / Уголовный процесс: учебник для вузов / под ред. Б.Б. Булатова, А.М. Баранова. М.: Юрайт; Высшее образование, 2010. - 606 с.
2. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
3. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде кассационной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
4. Апелляция, кассация, надзор: Новеллы ГПК РФ и УПК РФ. Первый опыт критического осмысления /колл.авторов под общей ред. Н.А.Колокова. – М.: Изд. «Юрист», 2011.
5. Берсугурова Л.Ш. Концептуальные проблемы пересмотра вступивших в законную силу судебных решений по уголовным делам. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 128 с.

### **Дәріс №12. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУДАН АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ МЕН ИММУНИТЕТІ БАР АДАМДАРДЫҢ ІСТЕРІ БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

546-бап. Қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдардың істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктерін қолдану шегі. 547-бап. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу 548-бап. Қазақстан Республикасы Президентігіне кандидатқа, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттығына кандидатқа қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу 549-бап. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу 550-бап. Судьяға қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу 551-бап. Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу 552-бап. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттығына кандидатқа, Қазақстан Республикасының Президентігіне кандидатқа, Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің Төрағасына немесе мүшесіне, судьяға, Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына қатысты қылмыстық істі соттың талқылауы 553-бап. Қылмыстық қудалаудан дипломатиялық иммунитеті бар адамдар 554-бап. Дипломатиялық иммунитетті пайдаланатын адамдарды ұстап алу және күзетпен ұстау 555-бап. Айғақтар беруден дипломатиялық иммунитет 556-бап. Үй-жайлар мен құжаттардың дипломатиялық иммунитеті

**Түйін сөздер:** Қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдар, Айғақтар беруден дипломатиялық иммунитет

**Мақсаты:** студенттердің қылмыстық процесте қылмыстық қудалаудан артықшылықтары мен иммунитеті бар адамдардың істері бойынша іс жүргізу ерекшеліктері бойынша мағлұмат алуын қамтамасыз ету.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себебі Бірыңғай тізілімге тіркелгеннен кейін Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісуімен ғана жалғастырылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты қылмыс орнында ұстап алынған не оның ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасауға дайындалу немесе оқталу фактісі анықталған не ол ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған жағдайларда, оған қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімін алғанға дейін, бірақ оған бір тәулік ішінде міндетті түрде хабарлай отырып жалғасуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты істер бойынша алдын ала тергеу жүргізу міндетті.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры жүргізілген процестік әрекеттердің заңдылығын хабарлама алғаннан кейін екі тәулік ішінде зерделейді және сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жалғастыру туралы қаулы шығара отырып, бұған келісім береді не сотқа дейінгі тергеп-тексеруді тоқтата отырып, бұдан бас тартады. Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының келісімін алғанға дейін заңсыз жалғасқан болса, оның нәтижелерін қылмыстық іс бойынша дәлелдемелер ретінде жіберуге болмайды.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры күдік келтірілетін Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының іс-әрекетін саралау туралы қаулы шығарады.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты өз өкілеттіктерінің мерзімі ішінде қылмыс орнында ұстап алынған не ауыр немесе аса ауыр қылмыстар жасаған жағдайларды қоспағанда, оны тиісті Палатаның қолсұғылмаушылықтан айыруға берген келісімінсіз ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге, қылмыстық жауаптылыққа тартуға болмайды.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатын қылмыстық жауаптылыққа тартуға, ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге келісім алу үшін Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенатына немесе Мәжілісіне ұсыну енгізеді. Ұсыну депутатқа күдіктінің іс-әрекетін саралау туралы қаулыны ұсынудың, сотқа күзетпен ұстау, ұйқамақ түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы өтінішхат енгізудің, депутатты ұстап алу, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына мәжбүрлеп әкелу қажеттігі туралы мәселені шешудің алдында енгізіледі.

Қылмыс жасады деп күдік келтірілетін Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатын күзетпен ұстау немесе ұйқамаққа алу түріндегі бұлтартпау шарасын санкциялау туралы мәселені Астана қаласы аудандық сотының тергеу судьясы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қолдаған қаулысының негізінде шешеді. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты күзетпен ұстау немесе ұйқамақ мерзімін осы Кодексте көзделген тәртіппен ұзарту туралы өтінішхат оны Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры қолдаған кезде ғана сотқа жіберілуі мүмкін.

6. Егер Қазақстан Республикасы Парламентінің тиісті Палатасы депутатты қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім берсе, бұдан кейінгі тергеп-тексеру осы бапта көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып, осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Егер Қазақстан Республикасы Парламентінің тиісті Палатасы ұстап алуға, күзетпен ұстауға, ұйқамаққа алуға, күштеп әкелуге келісім берсе, депутатқа осы бұлтартпау, процестік мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы мәселе осы Кодексте белгіленген тәртіппен шешіледі.

Егер Қазақстан Республикасы Парламентінің тиісті Палатасы депутатты қылмыстық жауаптылыққа тартуға келісім бермесе, қылмыстық іс осы негіз бойынша тоқтатылуға жатады.

Егер Қазақстан Республикасы Парламентінің тиісті Палатасы депутатқа күзетпен ұстау, ұйқамақ, ұстап алу, күштеп әкелу түріндегі бұлтартпау, процестік мәжбүрлеу

шараларын қолдануға келісім бермесе, оған көрсетілген шараларды қолдануға болмайды. Депутатқа қатысты өзге процесік мәжбүрлеу шараларын қолдануға Парламенттің тиісті Палаталарының келісімі талап етілмейді және олар осы Кодексте белгіленген тәртіппен қолданылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты сотқа дейінгі тергеп-тексерудің заңдылығын қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры жүзеге асырады. Қазақстан Республикасы Парламентінің депутатына қатысты осы Кодекске сәйкес прокурор санкциялауға тиіс тергеу әрекеттерін жүргізуге санкцияны Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жалғастыруға келісу туралы өзі қаулы шығарғаннан кейін береді.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тергеп-тексеру аяқталғаннан кейін қылмыстық істі айыптау актісімен бірге осы Кодексте белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Бас Прокурорына береді, ол осы Кодекстің 301 – 305-баптарында көзделген әрекеттерді орындайды. Депутатқа қатысты тергеп-тексерілген іс Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының айыпталушыны сотқа беру туралы қаулысы болған кезде ғана тиісті соттың іс жүргізуіне қабылдануы мүмкін.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

#### **Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:**

##### **Негізгі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды. ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1996. - №4. – 217 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №№ 15-I, 15-II, 88-құжат;
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1 (2578), 4-құжат;
4. Прокуратура туралы ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №12. – 184 б.;
5. «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР-ның 1997 жылғы 5 желтоқсандағы, №195-1 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №22. – 328 б.
6. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» № 154-X111 Заңы //ҚР-ның Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994. - № 13-14.

##### **Қосымша:**

1. Адам құқықтарының жалпылама декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 10 желтоқсан 1948 ж. бекітілген. //Ваше право. 5.12.1997.
2. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 16 желтоқсан 1966 ж. бекітілген.// Международная защита прав и свобод человека: Сборник документов. - М.: Юрид.лит., 1990.
3. ҚР-ның Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы, №3 Нормативтік қаулысы // ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2001. - №6. – 7-11 б.;
4. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 5 шілдедегі, №72-11 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы, 2000. - №10. – 241-бап.;
5. «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот практикасы туралы» ҚР-ның Жоғарғы Сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі, № 8 Нормативтік қаулысы //ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. – №7. – 8-14 бет.;
6. «Қорғалуға құқықты реттеуші қылмыстық-процессуалдық заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР-ның Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы, №26 Нормативтік қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2002. - №12. – 6-10 б.

7. ҚР-ның Жоғарғы Сотының Пленумының «Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі, №7 қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. - №7. – 3-7 б.

**Ұсынылатын оқулықтар мен арнайы ғылыми әдебиеттер:**

**Негізгі:**

1. Ольшевская Н. Уголовно-процессуальное право: Конспект лекций М. : АСТ, 2010 г. — 146 с.
2. Уголовный процесс: учебник / А. В. Смирнов, К. Б. Калиновский; под общ. ред. А. В. Смирнова. 5-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. 768 с.
3. Уголовно-процессуальное право. Учебник. Углубленный курс. Под общей ред. проф. Лебедева В.М. М.: Юрайт, 2013. – 2016 с.
4. Уголовно-процессуальное право РК. Движение уголовного дела. Учебник /Под ред. д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н. Касимова А.А. – Алматы: «Жеті Жарғы», - 2013.
5. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. – 352 с.

**Қосымша:**

1. *Божьев В.П.* Конституционные принципы уголовного процесса / Уголовный процесс: учебник для вузов / под ред. Б.Б. Булатова, А.М. Баранова. М.: Юрайт; Высшее образование, 2010. - 606 с.
2. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
3. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде кассационной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
4. Апелляция, кассация, надзор: Новеллы ГПК РФ и УПК РФ. Первый опыт критического осмысления /колл.авторов под общей ред. Н.А.Колокова. – М.: Изд. «Юрист», 2011.
5. Берсугурова Л.Ш. Концептуальные проблемы пересмотра вступивших в законную силу судебных решений по уголовным делам. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 128 с.

**Дәріс №13. ҚЫЛМЫСТЫҚ СОТ ІСІН ЖҮРГІЗУ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ**

59-тарау. ҚҰҚЫҚТЫҚ КӨМЕК. 565-бап. Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салудың (тапсырманың, өтінішхаттың) мазмұны мен нысаны 566-бап. Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуды (тапсырманы, өтінішхатты) қарау 567-бап. Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуды (тапсырманы, өтінішхатты) қарау нәтижелері туралы хабар. 568-бап. Құпиялық 569-бап. Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуды (тапсырманы, өтінішхатты) орындаудан бас тарту. 570-бап. Құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуды (тапсырманы, өтінішхатты) орындау тәртібі 571-бап. Арнайы рұқсатты қажет ететін процестік әрекеттер. 572-бап. Сұрау салушы мемлекеттің құзыретті органдары өкілдерінің қатысуы. 573-бап. Құжаттарды табыс ету 574-бап. Уақытша беру. 575-бап. Қазақстан Республикасынан тыс жердегі адамды шақыру 576-бап. Бейнебайланыс орнату арқылы процестік әрекеттерді жүргізу 577-бап. Мүлікті іздестіру, оған тыйым салу және оны тәркілеу 578-бап. Бірлескен тергеу, жедел-тергеу топтарын құру және олардың қызметі. 60-тарау. АДАМДАРДЫ ҰСТАП БЕРУ (ЭКСТРАДИЦИЯЛАУ). 579-бап. Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салуды жіберу. 580-бап. Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы құжаттарды дайындау және сұрау салуларды жіберу тәртібі 581-бап. Адамды уақытша ұстап беру (экстрадициялау). 582-бап. Ұстап берілген (экстрадицияланған) адамның қылмыстық жауаптылығының шегі. 583-бап. Ұстап берілген (экстрадицияланған) адамға қатысты

қылмыстық іс жүргізу нәтижелері туралы ақпарат беру. 584-бап. Күзетпен ұстау мерзімдерін есептеу. 585-бап. Транзит және уақытша ұстап беру (экстрадициялау) кезінде күзетпен ұстау 586-бап. Ұстап берілуі (экстрадициялануы) сұратылатын адамның құқықтары. 587-бап. Қазақстан Республикасынан тыс жерде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамды ұстап алу ерекшеліктері 588-бап. Адамды уақытша күзетпен ұстау 589-бап. Экстрадициялық қамаққа алу. 590-бап. Адамды ұстап беруден (экстрадициялаудан) бас тарту 591-бап. Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы сұрау салу бойынша шешім 592-бап. Адамды ұстап беру (экстрадициялау) туралы шешімге шағым жасау тәртібі 593-бап. Шет мемлекетке беруді кейінге қалдыру және адамды уақытша ұстап беру (экстрадициялау) 594-бап. Адамды беру (экстрадициялау) 595-бап. Транзиттік тасымалдау. 61-тарау. ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚУДАЛАУДЫ ЖАЛҒАСТЫРУ. 596-бап. Қылмыстық іс жүргізуді шет мемлекеттің құзыретті органына беру тәртібі мен шарттары

**Түйін сөздер:** халықаралық ынтымақтастық, экстрадициялау, транзиттік тасымалдау

**Мақсаты:** студенттердің қылмыстық процесте халықаралық ынтымақтастық, экстрадициялау, транзиттік тасымалдау бойынша мағлұмат алуын қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасымен халықаралық шарт жасасқан шет мемлекеттердің құзыретті органдарына құқықтық көмек көрсету тәртібімен құжаттарды табыс ету, жекелеген процестік әрекеттерді орындау, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру, адамдарды ұстап беру (экстрадициялау), адамдарды уақытша ұстап беру (экстрадициялау), транзиттік тасымалдау, адамдарды уақытша беру, сотталғандарды және психикасының бұзылуынан зардап шегетін, өздеріне медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамдарды беру, үкімдерді тану және орындау жүргізілуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының халықаралық шартында қылмыстық іс бойынша өзара іс-қимылдың осы Кодексте көзделмеген өзге де нысандары көзделуі мүмкін.

Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттың ережелері осы Кодекске қайшы келетін болса, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

Қазақстан Республикасының халықаралық шарты болмаған кезде құқықтық немесе өзге де көмек өзара түсіністік қағидатында шет мемлекеттің сұрау салуы негізінде көрсетілуі немесе оны Қазақстан Республикасының орталық органы сұратуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының орталық органы шет мемлекетке осындай сұрау салуды жібере отырып, сұрау салынатын тарапқа осындай құқықтық көмек түрін көрсету туралы оның сұрау салуының болашақта қарастырылатынына жазбаша түрде кепілдік береді.

Осы баптың бірінші бөлігінің талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының орталық органы сұрау салушы тараптың болашақта Қазақстан Республикасының сұрау салуын өзара түсіністік қағидатында қабылдауға және қарауға жазбаша кепілдігі болған кезде ғана шет мемлекеттің сұрау салуын қарайды.

Қазақстан Республикасының орталық органы өзара түсіністік қағидатында құқықтық көмекке жүгінген және шет мемлекетке құқықтық көмек көрсеткен кезде осы Кодексті басшылыққа алады.

Шет мемлекетпен халықаралық шарт болмаған кезде Қазақстан Республикасының орталық органы сұрау салынатын тарапқа құқықтық көмек көрсету туралы сұрау салуды дипломатиялық жолмен жібереді.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы немесе уәкілетті прокурор сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу, қылмыстық қудалауды жүзеге асыру кезінде құқықтық көмек туралы, адамдарды ұстап беру (экстрадициялау), адамдарды уақытша ұстап беру (экстрадициялау) немесе транзиттік тасымалдау туралы, уақытша беру туралы, сотталғандарды және психикасының бұзылуынан зардап шегетін, өздеріне медициналық сипатта мәжбүрлеу шаралары қолданылған адамдарды беру туралы, үкімдерді тану және орындау туралы сұрау салулармен (тапсырмалармен, өтінішхаттармен) өтініш жасайды және шетелдік құзыретті органдардың тиісті сұрау салуларын қарайды.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты сот ісін жүргізу уақытында соттардың

құқықтық көмек туралы сұрау салуларымен (тапсырмалармен, өтінішхаттармен) өтініш жасайды және шет мемлекеттер соттарының тиісті сұрау салуларын қарайды.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

#### **Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:**

##### **Негізгі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды. ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1996. - №4. – 217 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №№ 15-I, 15-II, 88-құжат;
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1 (2578), 4-құжат;
4. Прокуратура туралы ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №12. – 184 б.;
5. «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР-ның 1997 жылғы 5 желтоқсандағы, №195-1 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №22. – 328 б.
6. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» № 154-X111 Заңы //ҚР-ның Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994. - № 13-14.

##### **Қосымша:**

1. Адам құқықтарының жалпылама декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 10 желтоқсан 1948 ж. бекітілген. //Ваше право. 5.12.1997.
2. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 16 желтоқсан 1966 ж. бекітілген.// Международная защита прав и свобод человека: Сборник документов. - М.: Юрид.лит., 1990.
3. ҚР-ның Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы, №3 Нормативтік қаулысы // ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2001. - №6. – 7-11 б.;
4. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 5 шілдедегі, №72-11 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы, 2000. - №10. – 241-бап.;
5. «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот практикасы туралы» ҚР-ның Жоғарғы сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі, № 8 Нормативтік қаулысы //ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. – №7. – 8-14 бет.;
6. «Қорғалуға құқықты реттеуші қылмыстық-процессуалдық заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР-ның Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы, №26 Нормативтік қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2002. - №12. – 6-10 б.
7. ҚР-ның Жоғарғы Сотының Пленумының «Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі, №7 қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. - №7. – 3-7 б.

#### **Ұсынылатын оқулықтар мен арнайы ғылыми әдебиеттер:**

##### **Негізгі:**

1. Ольшевская Н. Уголовно-процессуальное право: Конспект лекций М. : АСТ, 2010 г. — 146 с.
2. Уголовный процесс: учебник / А. В. Смирнов, К. Б. Калиновский; под общ. ред. А. В. Смирнова. 5-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. 768 с.
3. Уголовно-процессуальное право. Учебник. Углубленный курс. Под общей ред. проф. Лебедева В.М. М.: Юрайт, 2013. – 2016 с.

4. Уголовно-процессуальное право РК. Движение уголовного дела. Учебник /Под ред. д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н. Касимова А.А. – Алматы: «Жеті Жарғы», - 2013.
5. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. – 352 с.

**Қосымша:**

1. *Божьев В.П.* Конституционные принципы уголовного процесса / Уголовный процесс: учебник для вузов / под ред. Б.Б. Булатова, А.М. Баранова. М.: Юрайт; Высшее образование, 2010. - 606 с.
2. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
3. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде кассационной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
4. Апелляция, кассация, надзор: Новеллы ГПК РФ и УПК РФ. Первый опыт критического осмысления /колл.авторов под общей ред. Н.А.Колокова. – М.: Изд. «Юрист», 2011.
5. Берсугурова Л.Ш. Концептуальные проблемы пересмотра вступивших в законную силу судебных решений по уголовным делам. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 128 с.

**Дәріс №14. ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМ ЖАСАЛҒАН ІСТЕР БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ. ПРОЦЕСТІК КЕЛІСІМ, ОНЫ ЖАСАСУДЫҢ ЕРЕКШЕ ТӘРТІБІ**

612-бап. Процестік келісім жасалған кезде сотқа дейінгі тергеп-тексеру. 613-бап. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісімді жасасуға арналған шарттар. 614-бап. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісімді жасасудың салдарлары. 615-бап. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасу туралы өтінішхатты қарау тәртібі. 616-бап. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасу тәртібі. 617-бап. Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасқаннан кейін қылмыстық іс бойынша прокурордың, тергеушінің, анықтаушының әрекеттері. 618-бап. Ынтымақтастық туралы процестік келісім. 64-тарау. ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕРДІ СОТТА КЕЛІСІМДІК ІС ЖҮРГІЗУДЕ ҚАРАУ. 622-бап. Келісімдік іс жүргізуді қолдану үшін негіздер. 623-бап. Сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында жасалған, кінәні мойындау туралы процестік келісіммен бірге келіп түскен іс бойынша судьяның әрекеттері. 624-бап. Істі келісімдік іс жүргізуде қарау кезінде сот отырысына қатысатын адамдар. 625-бап. Келісімдік іс жүргізудегі сот талқылауының тәртібі мен мерзімдері. 626-бап. Соттың келісімдік іс жүргізудегі шешімдері. 627-бап. Келісімдік іс жүргізуде қаралған іс бойынша айыптау үкімінің құрылымы және мазмұны. 628-бап. Басты сот талқылауы барысында келісімдік іс жүргізуді қозғау. 629-бап. Сотта жасалатын процестік келісімнің құрылымы мен мазмұны.

**Түйін сөздер:** процестік келісім, ынтымақтастық туралы процестік келісім

**Мақсаты:** студенттердің қылмыстық процесте процестік келісім, ынтымақтастық туралы процестік келісім бойынша мағлұмат алуын қамтамасыз ету.

Жасалған процестік келісім шеңберінде қылмыстық істерді тергеп-тексеру мынадай:

- 1) онша ауыр емес, ауырлығы орташа не ауыр қылмыстар бойынша – күдікті, айыпталушы келтірілген күдікпен, айыптаумен келіскен жағдайда – кінәні мойындау туралы мәміле нысанында;
- 2) қылмыстық топ жасаған қылмыстарды, өзге де адамдар жасаған аса ауыр қылмыстарды, сондай-ақ экстремистік және террористік қылмыстарды ашуға және тергеп-тексеруге ықпал ету кезінде барлық санаттағы қылмыстар бойынша ынтымақтастық туралы келісім нысанында жүргізіледі.

Процестік келісімді қылмыстық заңда тыйым салынған іс-әрекетті есі дұрыс емес күйде жасаған немесе қылмыс жасағаннан кейін психикасының бұзылумен ауырған



адамдармен жасауға болмайды.

Процестік келісім жасасу адамды жәбірленуші және азаматтық талапкер болып танылған адамдардың алдында азаматтық-құқықтық жауаптылықтан босатуға негіз болып табылмайды.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім мынадай шарттар болған:

1) күдікті, айыпталушы процестік келісім жасасуға ерікті түрде ниет білдірген;  
2) күдікті, айыпталушы келтірілген күдікке, айыптауға және іс бойынша қылмысты жасағанына қолда бар дәлелдемелерге, өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне дауласпаған;

3) процестік келісім жасасуға жәбірленуші келіскен кезде жасалуы мүмкін.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанындағы процестік келісім:

1) қылмыстардың жиынтығына қатысты, егер олардың ең болмағанда біреуі осы Кодекстің осы бабында және 612-бабында көзделген талаптарға сәйкес келмесе;

2) егер жәбірленушілердің ең болмағанда біреуі процестік келісім жасасуға келіспесе, жасала алмайды.

Күдікті, айыпталушы, сотталушы қылмыстық іс бойынша іс жүргізудің кез келген сәтінде сот кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін мәміле нысанында кінәні мойындау туралы процестік келісім жасасу туралы өтініш мәлімдеуге құқылы. Процестік келісім прокурордың бастамасы бойынша жасалуы мүмкін.

Қылмыстық процесті жүргізетін орган күдіктіден, айыпталушыдан не қорғаушыдан кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасасу туралы өтінішхатты алып, осы Кодекстің 613-бабында көзделген негіздерді ескере отырып, процестік келісім жасасу туралы мәселені шешу үшін келіп түскен өтінішхатты қылмыстық іс материалдарымен бірге үш тәулік ішінде прокурорға жібереді.

Прокурор тергеп-тексеруді жүзеге асырған органнан істі талап етіп алдырады, осы баптың төртінші бөлігінде көзделген әрекеттерді орындайды, істе процестік келісім жасасу мүмкіндігі барын көріп, қорғаушы тарапқа оны жасасу туралы мәселені талқылауды ұсынады не өтінішхатты қанағаттандырудан бас тарту туралы жазбаша хабарлайды.

Прокурор процестік келісім жасасу мүмкіндігі туралы мәселені қарау кезінде:

1) адамның жасаған іс-әрекетінің кінәні мойындау туралы мәміле нысанында іс жүргізу туралы процестік келісім аясына жататын-жатпайтынын;

2) процестік келісім жасасу туралы өтінішхатты адамның ерікті түрде мәлімдегенін және оны жасасудың салдарлары туралы білетінін;

3) адамның жиналған дәлелдемелерге және іс-әрекеттің саралануына дауласпайтынын;

4) адамның өзі келтірген зиянның сипаты мен мөлшеріне және азаматтық талап қоюға келісетінін;

5) істе қылмыстық қудалауды тоқтатуға әкеп соғатын мән-жайлардың жоқтығын тексеруге міндетті.

Көрсетілген мән-жайларды анықтау үшін прокурор күдіктіні, айыпталушыны (күзетпен ұсталып отырғанды жеткізуді талап етеді), оның қорғаушысын және жәбірленушіні шақырады, олардың процестік келісім жасасу мүмкіндігі туралы пікірін анықтайды. Өтінішхатты берген адамға прокурор процестік келісім жасасудың салдарын, оны жасасудан бас тарту құқығын түсіндіреді.

Жәбірленуші келіспеген кезде процестік келісім жасалмайды. Егер жәбірленуші келіскен болса, онда оның қылмыспен келтірілген зиянды өтеу мәселесі жөніндегі пікірін ескере отырып, прокурор және қорғаушы тарап қисынды мерзімде процестік келісім жасасады, ол жазбаша түрде жазылып, оған келісімге қатысушылар қол қояды.

Прокурордың процестік келісім жасасудан бас тартуы шағым жасалуға жатпайды, дегенмен бұл одан әрі процестік келісім жасасуға кедергі келтірмейді.

Процестік келісімде:

- 1) оның жасалған күні мен орны;
- 2) процестік келісімді жасасушы прокуратура органының лауазымды адамы;
- 3) келісім жасасушы күдіктінің, айыпталушының тегі, аты және әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні мен жері, тұрғылықты жері және айналысатын кәсібі, оның қорғаушысының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде);
- 4) қылмысты оның жасалған уақытын, орнын, сондай-ақ осы Кодекстің ережелеріне сәйкес дәлелденуге жататын басқа да мән-жайларды көрсете отырып сипаттау;
- 5) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің осы қылмыс үшін жауаптылық көздейтін тармағы, бөлігі, бабы;
- 6) процестік келісімде көрсетілген шарттарды сақтаған және міндеттемелерді орындаған кезде күдіктіге, айыпталушыға қатысты қолданылуы мүмкін, қылмыстық жауаптылық пен жазалауды жеңілдететін мән-жайлар және қылмыстық заңның нормалары;
- 7) процестік келісім жасасқаннан кейін күдікті, айыпталушы жасауға міндеттенетін әрекеттер;
- 8) прокурор сот алдында ол туралы өтінішхат беретін жазаның түрі мен мөлшері;
- 9) процестік келісім жасасудың осы Кодекстің 614-бабында көзделген салдары;
- 10) жәбірленушінің процестік келісім жасасуға келісетіні туралы көрсетілуге тиіс.

Процестік келісімге прокурор, күдікті, айыпталушы, оның қорғаушысы қол қояды. Процестік келісімге қол қойылғанға дейін күдіктінің, айыпталушының өз қорғаушысымен бірге оның ережелерін оңаша және құпия талқылауға құқығы бар.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісімге қол қойғаннан кейін прокурор күдіктіге қатысты бұлтартпау шарасының күшін жою не оны өзгерту қажеттігі туралы мәселені қарайды. Іс бойынша тергеу және процестік әрекеттер жүргізу қажет болған кезде прокурор істі сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына жібереді.

Тергеуші, анықтаушы күдіктінің, айыпталушының кінәсін растауға жеткілікті көлемде дәлелдемелер жинауды жүзеге асырады.

Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру нәтижесінде қылмыс жасаудың процестік келісімде көзделмеген өзге мән-жайлары белгілі болған жағдайда, осы келісім осы Кодекстің 615 және 616-баптарында көзделген тәртіппен және мерзімдерде қайта қаралуға жатады не өзінің қолданысын тоқтатады.

Кінәні мойындау туралы мәміле нысанында процестік келісім жасалғаннан кейін тергеу және процестік әрекеттерді жүргізу қажеттігі болмаған жағдайда, іс бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру аяқталды деп есептеледі және прокурор оны айыптау актісіз дереу сотқа жібереді, бұл туралы жәбірленушіге хабарланады.

Күдіктінің, айыпталушының, сотталушының және сотталған адамның қылмыстық процесті жүргізетін органға немесе прокурорға осы Кодекстің 612-бабы бірінші бөлігінің

2) тармағына және 619-бабына сәйкес ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу туралы өтінішхатпен жүгінуге құқығы бар.

Күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен ынтымақтастық туралы процестік келісімді тиісінше облыстың прокуроры немесе оған теңестірілген прокурор, олардың орынбасарлары, ал сотталған адаммен – Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры не оның орынбасары бекітеді.

Ынтымақтастық туралы процестік келісім жасасу туралы өтінішхат сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталған кезден бастап және үкімді орындау сатысын қоса алғанға дейін мәлімделуі мүмкін.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

### Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:

#### Негізгі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды. ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1996. - №4. – 217 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №№ 15-I, 15-II, 88-құжат;
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1 (2578), 4-құжат;
4. Прокуратура туралы ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №12. – 184 б.;
5. «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР-ның 1997 жылғы 5 желтоқсандағы, №195-1 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №22. – 328 б.
6. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» № 154-X111 Заңы //ҚР-ның Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994. - № 13-14.

#### Қосымша:

1. Адам құқықтарының жалпылама декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 10 желтоқсан 1948 ж. бекітілген. //Ваше право. 5.12.1997.
2. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 16 желтоқсан 1966 ж. бекітілген.// Международная защита прав и свобод человека: Сборник документов. - М.: Юрид.лит., 1990.
3. ҚР-ның Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы, №3 Нормативтік қаулысы // ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2001. - №6. – 7-11 б.;
4. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 5 шілдедегі, №72-11 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы, 2000. - №10. – 241-бап.;
5. «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот практикасы туралы» ҚР-ның Жоғарғы сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі, № 8 Нормативтік қаулысы //ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. – №7. – 8-14 бет.;
6. «Қорғалуға құқықты реттеуші қылмыстық-процессуалдық заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР-ның Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы, №26 Нормативтік қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2002. - №12. – 6-10 б.
7. ҚР-ның Жоғарғы Сотының Пленумының «Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі, №7 қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. - №7. – 3-7 б.

### Ұсынылатын оқулықтар мен арнайы ғылыми әдебиеттер:

#### Негізгі:

1. Ольшевская Н. Уголовно-процессуальное право: Конспект лекций М. : АСТ, 2010 г. — 146 с.
2. Уголовный процесс: учебник / А. В. Смирнов, К. Б. Калиновский; под общ. ред. А. В. Смирнова. 5-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. 768 с.
3. Уголовно-процессуальное право. Учебник. Углубленный курс. Под общей ред. проф. Лебедева В.М. М.: Юрайт, 2013. – 2016 с.
4. Уголовно-процессуальное право РК. Движение уголовного дела. Учебник /Под ред. д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н. Касимова А.А. – Алматы: «Жеті Жарғы», - 2013.

5. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. – 352 с.

**Қосымша:**

1. *Божьев В.П.* Конституционные принципы уголовного процесса / Уголовный процесс: учебник для вузов / под ред. Б.Б. Булатова, А.М. Баранова. М.: Юрайт; Высшее образование, 2010. - 606 с.
2. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
3. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде кассационной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
4. Апелляция, кассация, надзор: Новеллы ГПК РФ и УПК РФ. Первый опыт критического осмысления /колл.авторов под общей ред. Н.А.Колокова. – М.: Изд. «Юрист», 2011.
5. Берсугурова Л.Ш. Концептуальные проблемы пересмотра вступивших в законную силу судебных решений по уголовным делам. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 128 с.

**Дәріс №15. АЛҚАБИЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ІС ЖҮРГІЗУ**

630-бап. Істер бойынша алқабилердің қатысуымен іс жүргізу тәртібі. 631-бап. Істердің алқабилер қатысатын сотқа соттылығы 632-бап. Алқабилер қатысатын сот құрамы. 633-бап. Алқабиге ықпал етуге жол бермеу 634-бап. Соттың істі алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхат. 66-тарау. СОТ ОТЫРЫСЫН ТАҒАЙЫНДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. 635-бап. Алдын ала тыңдауды өткізу 636-бап. Алдын ала тыңдау өткізудің ерекшеліктері 637-бап. Алқабилер қатысатын сот отырысын тағайындау кезінде алдын ала тыңдау тәртібімен шығарылатын шешімдердің ерекшеліктері. 638-бап. Сот талқылауына қатысу үшін алқабиге кандидаттарды алдын ала кездейсоқ таңдау тәртібі 67-тарау. СОТ ТАЛҚЫЛАУЫНА ҚАТЫСУ ҮШІН АЛҚАБИГЕ КАНДИДАТТАРДЫ ІРІКТЕУ. 640-бап. Төрағалық етушінің алқабиге кандидаттарды істі қарауға қатысудан босатуы 641-бап. Алқабиге кандидаттардың өздігінен бас тартуы туралы мәселелерді шешу. 642-бап. Алқабиге кандидаттарға қарсылық білдіру туралы мәселелерді шешу 643-бап. Алқабиге кандидаттарға уәжсіз қарсылық білдіру 644-бап. Жеребе тастау арқылы алқабилер алқасын құру 645-бап. Алқабилердің сот талқылауына қатысуының жалпы шарттары. 646-бап. Алқабилердің ант қабылдауы 68-тарау. АЛҚАБИЛЕР ҚАТЫСАТЫН СОТТЫҢ ІСТІ ТАЛҚЫЛАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. 647-бап. Алқабидің құқықтары, міндеттері және оның әрекеттеріне істі қарауға байланысты қойылатын шектеулер. 648-бап. Алқабилер қатысатын соттың құзыреті 649-бап. Алқабилер қатысатын сотта істің тоқтатылуы. 650-бап. Алқабилер қатысатын соттағы сот тергеуінің ерекшеліктері 651-бап. Алқабилер қатысатын соттағы тараптардың жарыссөзі. 652-бап. Алқабилер қатысатын соттағы репликалар және сотталушының соңғы сөзі. 653-бап. Алқабилер қатысатын соттың шешуіне жататын сұрақтардың қойылуы 654-бап. Алқабилер қатысатын соттың шешуіне жататын сұрақтардың мазмұны 655-бап. Алқабилер кеңесінің құпиясы. 656-бап. Кеңесу бөлмесінде кеңесу мен дауыс беруді жүргізу тәртібі. 657-бап. Алқабилер қатысатын сот қабылдайтын шешімдердің түрлері. 658-бап. Үкім шығару 659-бап. Қылмыстық істі қарауды сотталушының есі дұрыс емес екендігінің анықталуына байланысты тоқтату 660-бап. Сот отырысының хаттамасын жүргізу ерекшеліктері 69-тарау. АЛҚАБИЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ҚАРАЛҒАН ІСТЕР БОЙЫНША ЗАҢДЫ КҮШІНЕ ЕНБЕГЕН ҮКІМДЕРДІ, ҚАУЛЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚАРАУ ЖӨНІНДЕГІ ІС ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. 661-бап. Алқабилер қатысатын сот шығарған, заңды күшіне енбеген үкімдер мен қаулыларға шағым жасау және наразылық білдіру. 662-бап. Алқабилер қатысатын сот қараған істерді апелляциялық сатыда жүргізу ерекшеліктері. 663-бап. Істі жаңа сот талқылауына жібере отырып алқабилердің қатысуымен шығарылған үкімнің

күшін жою 70-тарау. АЛҚАБИЛЕРДІҢ ҚАТЫСУЫМЕН ҚАРАЛҒАН ІСТЕР БОЙЫНША ЗАҢДЫ КҮШІНЕ ЕНГЕН ҮКІМДЕРДІ, ҚАУЛЫЛАРДЫ ҚАЙТА ҚАРАУ ЖӨНІНДЕГІ ІС ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ. 664-бап. Алқабилер қатысатын соттың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларын кассациялық сатыдағы сотта қайта қарау. 665-бап. Алқабилер қатысатын соттың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларын қадағалау тәртібімен қайта қарау. 15-БӨЛІМ. ҮКІМ ШЫҒАРЫЛҒАНҒА ДЕЙІН ТӘРКІЛЕУ ТУРАЛЫ ІС ЖҮРГІЗУ. 71-тарау. ЗАҢСЫЗ ЖОЛМЕН АЛЫНҒАН МҮЛІКТІ ҮКІМ ШЫҒАРЫЛҒАНҒА ДЕЙІН ТӘРКІЛЕУ ТУРАЛЫ ІС ЖҮРГІЗУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ. 667-бап. Заңсыз жолмен алынған мүлікті үкім шығарылғанға дейін тәркілеу туралы іс жүргізуді қозғау 668-бап. Тәркілеу туралы сотқа дейінгі іс жүргізу. 669-бап. Соттың тәркілеу туралы өтінішхатты қарауы. 670-бап. Тәркілеу туралы іс жүргізуде соттың кеңесу бөлмесінде шешетін мәселелері 671-бап. Тәркілеу туралы іс жүргізудегі сот шешімі. 672-бап. Тәркілеу туралы қаулыға шағым жасау, наразылық білдіру.

**Түйін сөздер:** алқабилердің қатысуымен іс жүргізу, тәркілеу туралы іс жүргізу

**Мақсаты:** студенттердің қылмыстық процесте алқабилердің қатысуымен іс жүргізу, тәркілеу туралы іс жүргізу бойынша мағлұмат алуын қамтамасыз ету.

Қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотта және қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық әскери сотта алқабилер қатысатын сот бір судьяның және он алқабидің құрамында әрекет етеді.

Алқабилер қатысатын бүкіл сот талқылауы барысында мемлекеттік айыптаушының, жәбірленушінің, сотталушының және оның қорғаушысының, сондай-ақ процестің басқа да қатысушыларының осы істі қарауға қатысатын алқабилермен белгіленген тәртіптен бөлек қарым-қатынас жасауына тыйым салынады.

Қылмыстық сот ісін жүргізуді осы бөлімде көзделген қағидаларға сәйкес жүзеге асыру күдіктінің, айыпталушының өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхаты бойынша жүргізіледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам тергеу әрекеттерін жүргізу аяқталғаннан кейін күдіктіні істің барлық материалдарымен таныстыру кезінде оған соттың істі алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхат беру құқығын, сондай-ақ алқабилер қатысқан соттың үкіміне шағым жасау және шағымды қарау ерекшеліктерін қоса алғанда, осындай өтінішхатты қанағаттандырудың құқықтық салдарын түсіндіруге міндетті.

Істің барлық материалдары танысу үшін ұсынылған кезде, сондай-ақ келесі кезеңде, оның ішінде сотта істі алдын ала тыңдауда, бірақ сот басты сот талқылауын тағайындағанға дейін күдіктінің, айыпталушының істі соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхат мәлімдеуге құқығы бар.

Күдіктінің, айыпталушының өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы не өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарату құқығын пайдаланудан бас тартуы туралы өтінішхаты күдіктіге тергеу әрекеттерінің аяқталғанын хабарлау және оның құқықтарын түсіндіру туралы хаттамада көрсетіледі. Кейіннен мәлімделген өтінішхатты күдікті, айыпталушы жазбаша түрде баяндайды және ол осы іс соттылығы бойынша сотқа дереу жіберіледі. Істі алдын ала тыңдау барысында мәлімделген өтінішхат жазбаша және ауызша болуы мүмкін.

Сот басты сот талқылауын тағайындағаннан кейін айыпталушының өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхаты қабылданбайды.

Айыпталушы алдын ала тыңдау жүргізілгенге дейін және алдын ала тыңдау барысында өз ісін алқабилердің қатысуымен қарау туралы мәлімдеген өтінішхатынан бас тартуға құқылы. Айыпталушының өз ісін соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтінішхаты алдын ала тыңдау барысында расталғаннан кейін оның одан бас тартуы қабылданбайды.

Кандидаттар ішінен алқабилерді іріктеу осы Кодекстің 350 – 363-баптарының талаптары орындалғаннан кейін:

- 1) төрағалық етушінің алқабиге кандидаттарды істі қарауға қатысудан босатуы;
- 2) өздігінен бас тарту туралы мәселелерді шешу;
- 3) қарсылық білдіру туралы мәселелерді шешу;
- 4) алқабиге кандидаттарға уәжсіз қарсылық білдіру арқылы жүзеге асырылады.

Сот отырысының хатшысы төрағалық етушіге алқабиге кандидаттардың сот отырысына келуі туралы баяндайды және алқабиге кандидаттың әрқайсысына оның тегін көрсете отырып билет жазып береді.

- Төрағалық етуші алқабиге кандидаттар алдында:
- 1) өзін таныстырып;
  - 2) тараптарды таныстырып;
  - 3) қандай іс қаралуға жататынын хабарлап;

4) заңға сәйкес алқабилердің міндеттері және олардың осы қылмыстық істі қарауға қатысу тәртібі туралы хабарлап, қысқаша кіріспе сөз сөйлейді.

Алқабиге кандидатты істі қарауға қатысудан босату туралы мәселені объективті түрде шешу мақсатында төрағалық етуші алқабилерді іріктеу кезінде кандидаттарға прокурор, жәбірленуші, айыпталушы және оның қорғаушысы жазбаша нысанда ұсынған сұрақтарды, сондай-ақ өзінің қалауы бойынша, алқабилер алқасын құру үшін маңызы бар басқа да сұрақтарды қоя алады.

Алқабиге кандидат істі қарауға қатысу үшін іріктеу кезінде төрағалық етуші қойған сұрақтарға шынайы жауап беруге, сондай-ақ оның талабы бойынша өзі туралы және іске қатысатын басқа адамдармен қарым-қатынасы туралы өзге де қажетті ақпараттар беруге тиіс.

Төрағалық етуші алқабиге кандидаттардың абыройы мен қадір-қасиетін түсіретін сұрақтар қоймайды.

Төрағалық етуші сұрақ пен жауаптың процеске басқа да қатысушылар мен залда қатысып отырған адамдар үшін қолжетімді болмауын сақтай отырып, алқабиге кандидатқа кейбір сұрақтарды қоюға құқылы, ал кандидат оған жауап беруге құқылы.

Төрағалық етуші алқабиге кандидатты істі қарауға қатысудан босатуға байланысты барлық мәселелерді, сондай-ақ өздігінен бас тартуларды және алқабиге кандидаттарға мәлімделген қарсылық білдірулерді кенесу бөлмесіне кетпей тұрып, сот отырысының хаттамасына судьяның қаулысын енгізе отырып жеке-дара шешеді.

Егер сотқа шақырылған алқабиге кандидаттардың жиырма бесінен азы келсе не олардың кейбірін сот талқылауына қатысудан босатқаннан кейін немесе төрағалық етуші судья өздігінен бас тартулар мен қарсылық білдірулерді қанағаттандырғаннан кейін олар он жетіден азайып қалса, төрағалық етуші сот отырысының хатшысына алқабиге кандидаттар құрамының жетіспейтін санын қосалқы тізімнен толықтыру туралы өкім береді. Бұл жағдайда сот отырысында алқабиге қосалқы кандидаттарды шақыру үшін үзіліс жарияланады. Төрағалық етуші алқабилерге олардың құқықтарын, міндеттерін және олардың әрекеттеріне істі қарауға байланысты қойылатын шектеулерді түсіндіреді, сондай-ақ міндеттерді бұзу мен шектеулерді сақтамаудың салдарлары туралы ескертеді.

Алқабидің:

1) істің мән-жайларын өзінің ішкі нанымы бойынша өз бетінше бағалау және алқабилер алқасының алдына қойылатын сұрақтарға жауап беру мүмкіндігін алу үшін сотта қаралатын дәлелдемелерді зерттеуге қатысуға;

2) процеске қатысушыларға төрағалық етуші арқылы сұрақтар қоюға;

3) заттай дәлелдемелерді, құжаттарды тексеріп қарауға, жергілікті жерді және үй-жайларды тексеріп-қарауды жүргізуге, сот тергеуіндегі барлық басқа да әрекеттерге қатысуға;

4) төрағалық етушіге заңнама нормаларын, сондай-ақ сот отырысында жария етілген құжаттардың мазмұнын және іске қатысты өзіне түсініксіз басқа мәселелерді түсіндіруді сұрап өтініш жасауға;

5) сот отырысы кезінде жазбалар жасауға құқығы бар.

Алқаби:

1) сот отырысында тәртіп сақтауға және төрағалық етушінің заңды өкімдеріне бағынуға;

2) алқабидің міндеттерін атқару үшін, сондай-ақ сот отырысында үзіліс жарияланса немесе істі тыңдау кейінге қалдырылса, сот талқылауын жалғастыру үшін сот көрсеткен уақытта келуге;

3) сотқа келуге мүмкіндігі болмаған жағдайда, төрағалық етушіге келмеудің себептері туралы алдын ала құлағдар етуге міндетті.

Алқаби:

1) істі тыңдау кезінде сот отырысының залынан кетуге;

2) істі тыңдау кезінде сот құрамына кірмейтін адамдармен төрағалық етушінің рұқсатынсыз іс бойынша сөйлесуге;

3) істі талқылау барысында мәліметтерді сот отырысынан тыс жинауға;

4) жабық сот отырысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ кеңесу бөлмесінің құпиясын бұзуға құқылы емес.

Алқабидің өз міндеттерін атқармауы, сондай-ақ осы бапта көзделген шектеулерді сақтамауы заңда белгіленген жауаптылыққа, сондай-ақ төрағалық етушінің алқабиді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттету мүмкіндігіне әкеп соғады.

### **ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

#### **Ұсынылатын нормативтік құқықтық актілер:**

##### **Негізгі:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы: Республикалық референдумда 1995 жылы 30-тамызда қабылданды. ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1996. - №4. – 217 б.
2. Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014 ж., №№ 15-I, 15-II, 88-құжат;
3. Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 6 қаңтардағы № 380-IV Заңы. Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1 (2578), 4-құжат;
4. Прокуратура туралы ҚР-ның 1995 жылғы 21 желтоқсандағы №2709 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №12. – 184 б.;
5. «Адвокаттық қызмет туралы» ҚР-ның 1997 жылғы 5 желтоқсандағы, №195-1 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы. – 1997. - №22. – 328 б.
6. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15-қыркүйектегі «Жедел-іздістіру қызметі туралы» № 154-X111 Заңы //ҚР-ның Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994. - № 13-14.

##### **Қосымша:**

1. Адам құқықтарының жалпылама декларациясы. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 10 желтоқсан 1948 ж. бекітілген. //Ваше право. 5.12.1997.
2. Азаматтық және саяси құқықтар жөніндегі халықаралық пакт. БҰҰ Бас Ассамблеясымен 16 желтоқсан 1966 ж. бекітілген.// Международная защита прав и свобод человека: Сборник документов. - М.: Юрид.лит., 1990.
3. ҚР-ның Жоғарғы Сотының «Соттардың моральдық зиянды өтеу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2001 жылғы 21 маусымдағы, №3 Нормативтік қаулысы // ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2001. - №6. – 7-11 б.;
4. «Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы» ҚР-ның 2000 жылғы 5 шілдедегі, №72-11 заңы //ҚР-ның Парламентінің Жаршысы, 2000. - №10. – 241-бап.;
5. «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану бойынша сот практикасы туралы» ҚР-ның Жоғарғы сотының 1999 жылғы 9 шілдедегі, № 8 Нормативтік қаулысы //ҚР-сы Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. – №7. – 8-14 бет.;

6. «Қорғалуға құқықты реттеуші қылмыстық-процессуалдық заңды қолдану тәжірибесі туралы» ҚР-ның Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсандағы, №26 Нормативтік қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 2002. - №12. – 6-10 б.
7. ҚР-ның Жоғарғы Сотының Пленумының «Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген зиянның орнын толтыру бойынша заңды қолдану тәжірибесі туралы» 1999 жылғы 9 шілдедегі, №7 қаулысы //ҚР Жоғарғы Сотының Бюллетені. – 1999. - №7. – 3-7 б.

**Ұсынылатын оқулықтар мен арнайы ғылыми әдебиеттер:**

**Негізгі:**

1. Ольшевская Н. Уголовно-процессуальное право: Конспект лекций М. : АСТ, 2010 г. — 146 с.
2. Уголовный процесс: учебник / А. В. Смирнов, К. Б. Калиновский; под общ. ред. А. В. Смирнова. 5-е изд., перераб. М.: Норма: ИНФРА-М, 2012. 768 с.
3. Уголовно-процессуальное право. Учебник. Углубленный курс. Под общей ред. проф. Лебедева В.М. М.: Юрайт, 2013. – 2016 с.
4. Уголовно-процессуальное право РК. Движение уголовного дела. Учебник /Под ред. д.ю.н., проф. Когамова М.Ч., к.ю.н. Касимова А.А. – Алматы: «Жеті Жарғы», - 2013.
5. Когамов М.Ч. Комментарий к УПК РК. – Алматы: «Жеті Жарғы», 2015. – 352 с.

**Қосымша:**

1. *Божьев В.П.* Конституционные принципы уголовного процесса / Уголовный процесс: учебник для вузов / под ред. Б.Б. Булатова, А.М. Баранова. М.: Юрайт; Высшее образование, 2010. - 606 с.
2. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде апелляционной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
3. Абдиканов Н.А., Зенковский А.В. Производство по уголовным делам в суде кассационной инстанции. – Алматы: Изд. «Норма-К», 2012.
4. Апелляция, кассация, надзор: Новеллы ГПК РФ и УПК РФ. Первый опыт критического осмысления /колл.авторов под общей ред. Н.А.Колокова. – М.: Изд. «Юрист», 2011.
5. Берсугурова Л.Ш. Концептуальные проблемы пересмотра вступивших в законную силу судебных решений по уголовным делам. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 128 с.